

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ
БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ АКАДЕМИЯСЫ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АКАДЕМИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И МАССОВОГО СПОРТА



«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАСЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, Қазақстан, 18 сәуір, 2025 жыл

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА
В ТРУДАХ ШОКАНА УАЛИХАНОВА»

Астана, Казахстан, 18 апреля, 2025 год

MATERIALS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
SPIRITUAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKH NATION
IN SHOKAN UALIKHANOV'S WORKS»

Astana, Kazakhstan, 18 April, 2025



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ АКАДЕМИЯСЫ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
АКАДЕМИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И МАССОВОГО СПОРТА

«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ
РУХАНИ МҰРАСЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
КАЗАХСКОГО НАРОДА В ТРУДАХ
ШОКАНА УАЛИХАНОВА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC
AND PRACTICAL CONFERENCE
SPIRITUAL AND CULTURAL HERITAGE
OF THE KAZAKH NATION IN
SHOKAN UALIKHANOV'S WORKS»

АСТАНА
2025

УДК 94:008(574)
ББК 63.3 :71.0(5каз)
Ш 77

Редакция алқасының мүшелері: Жакибаева Г.Б., Канайбекова Г.Т.
Жауапты хатшы: Смагулов Д.С., Шапиева Г.Е., Сейтова Ж.А.

«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ МҰРАСЫ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (Астана, Қазақстан, 18 сәуір, 2025 ж.): Мақалалар жинағы – Астана: Smart University Press, 2025. – 198 б.

ISBN 978-601-08-5162-7

Международная научно-практическая конференция «ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА В ТРУДАХ ШОКАНА УАЛИХАНОВА» (Астана, Казахстан, 18 апреля, 2025 г.): Сборник статей – Астана: Smart University Press, 2025. – 198 с.

ISBN 978-601-08-5162-7

International Scientific and Practical Conference «SPIRITUAL AND CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKH NATION IN SHOKAN UALIKHANOV'S WORKS» (Astana, Kazakhstan, 18 April, 2025): Collection of articles – Astana: Smart University Press, 2025. – 198 p.

ISBN 978-601-08-5162-7

Ұйымдастырушылар: Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» департаменті.

Организаторы: Академия физической культуры и массового спорта, департамент «Социально-гуманитарных дисциплин».

Organizers: Academy of Physical Education and Mass Sports, Department of «Social and Humanitarian Disciplines».

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

СОДЕРЖАНИЕ

Айкебаева Ш.У. XIX ҒАСЫРДА ЕУРОПАЛЫҚ ТЕРЕҢ БІЛІМ АЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ, ӘРІ ҚАШҚАРДЫ АШУШЫ САЯХАТШЫ – ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВ.....	6
Айтакова С.А. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ШОҚАН УАЛИХАНОВТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	20
Айтакова С.А. ШОҚАН УАЛИХАНОВ ГЕОГРАФ ЖӘНЕ САЯХАТШЫ.....	29
Ақман Ш.Ж. ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ.....	36
Баймухан С. ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРАСЫ МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ.....	43
Биназарова Н.Н., Сұлтанахмет Н.Ж. ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА АЗАМАТТЫҚ ПЕН ҒЫЛЫМИ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ	50
Бутабаева М.Е. ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ.....	55
Ермуханова Г.Е. ЖӘНІБЕК АУДАНЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА	58
Калиева Ж.Г. ШОҚАН УАЛИХАНОВ: ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ И ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОТКРЫТИЯ	70

Макеева И.С. ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКОГО УЧЕНОГО Ш. УАЛИХАНОВА	75
Никитцова М.В., Черезданова Т.Ф. ШОКАН УАЛИХАНОВ-ИССЛЕДОВАТЕЛЬ МИРА И ХРАНИТЕЛЬ ИСТОРИИ.....	80
Шах Л.А. Ш. УАЛИХАНОВ: ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО ВЕЛИКОГО ИССЛЕДОВАТЕЛЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ	86
Балгабаева Д.Б. ШОКАН УАЛИХАНОВ: ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ И ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОТКРЫТИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	90
Найманбаев М.А., Ермекбай Ж.А. О КНИГЕ СУЖИКОВОЙ А.У. «ПУТЕВОДНАЯ ЗВЕЗДА ВОСТОКА»	98
Байшов Б.Б., Сисенова Г.А. ҰЛЫ ҒАЛЫМ Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	105
Саттаров А.М. СВЕДЕНИЯ О ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССАХ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ТРУДАХ ЧОКАНА ВАЛИХАНОВА С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ УЗБЕКИСТАНСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ.....	113
Seitova Zh.A., Shapiyeva G.E. THE FORMATION OF SOCIAL INTELLIGENCE IN THE CONTEXT OF TRAINING FUTURE TEACHERS	118
Нәсиева Н.Қ. С. МҰҚАНОВ ШОҚАНТАНУШЫ	127
Төлегенова Ж.Б., Ергаева М.К. СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮРДСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУЫ, ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ.....	137

Омарова С.К., Тлегенова К.А. КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД И МЕТОДИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ: ОТ ИДЕЙ К ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ	144
Касымова К.Б. ТРАДИЦИОННЫЕ КАЗАХСКИЕ ИНСТИТУТЫ РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО СПОРТИВНОГО АРБИТРАЖА.....	150
Шаихова Н.Е. ҚАЗАҚТЫҢ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ.	156
Алимов Т.К. ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ	168
Батырбаева Ш.Д., Абдыкеримов М.О., Канайбекова Г.Т. МАТЕРИАЛЬНАЯ И ДУХОВНАЯ КУЛЬТУРА В ТРУДАХ Ч. ВАЛИХАНОВА	178
Еркегалиева Г.А. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА СИНТАКСИСТІК СИНТАГМАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.	188

ХІХ ҒАСЫРДА ЕУРОПАЛЫҚ ТЕРЕҢ БІЛІМ АЛҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ, ӘРІ ҚАШҚАРДЫ АШУШЫ САЯХАТШЫ – ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВ

*Ш.У. Айкебаева, «Кітапхана ісі» магистранты
Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан*

Андатпа. ХІХ ғасырдың екінші жартысында ұлттық әдебиетіміз, мәдениетіміз бен тарихымызда небір ғажайып тамаша тұлғалар көш легі өтті. Соның бірегейі, жақұт тасындай ерекше дараланып, жарқылдаған таңғажайып жан, жаратылысы бөлек, еуропалық терең білім алған қазақтың тұңғыш ұлы ғалымы, әрі Қашқарды ашушы саяхатшы, өз заманының теңдесі жоқ, шоқтығы биік – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Сол замандағы орыс халқының зиялы қауымының есінде мәңгі құрметпен қалып кетті. Жасындай өткен қысқа да саналы ғұмырында көптеген ғылыми еңбектер жазып, қалдырды. Шоқан Уәлиханов өз заманындағы сәулелі жан. Тұңғыш еуропалық білім алған, жан-жақты тұлға.

Кілт сөздер: саяхатшы, ұлы ғалым, Достоевский, Шоқан Уәлиханов.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында ұлттық әдебиетіміз, мәдениетіміз бен тарихымызда небір ғажайып тамаша тұлғалар көш легі өтті. Соның бірегейі, жақұт тасындай ерекше дараланып, жарқылдаған таңғажайып жан, жаратылысы бөлек, еуропалық терең білім алған қазақтың тұңғыш ұлы ғалымы, әрі Қашқарды ашушы саяхатшы, өз заманының теңдесі жоқ, шоқтығы биік – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов.

Сол замандағы орыс халқының зиялы қауымының есінде мәңгі құрметпен қалып кетті. Жасындай өткен қысқа да саналы ғұмырында көптеген ғылыми еңбектер жазып, қалдырды. Ғылыми мирастары: тарих, этнография, география, картография, бейнелеу өнері, әдебиет, фольклор, нумизматика және археология саласындағы еңбектері, Азия халықтарының өмірін зерттеудегі құнды деректер болып саналады.

Анасы Зейнеп Шорманқызы, Обаған бойында 1835 жылы қарашасында үлкен ұлы Шоканды дүниеге әкеледі... [1, 76].

Балаға мұсылманша Мұхаммед–Қанапия есімі берілді. Шешесі оны жайшылықта өзінше атап, Шоқан дейтін. Шешесі қойған осы

жалған ат кейіннен жұрттың бәрі білетін шын атына айналып кетті [2, 23].

Шоқанның кіндік қаны тамған мекені – Күнтимес қыстауы. Оны ғалым өзінің сызба – картасында ерекше ыждахаттылықпен «ҚЫСТАУ» бас әріптермен белгілеген [1, 90].

Тоқсан бес жасқа толған Санас Шәріпұлы ақсақал Шоқанның карта-суретінде өткен-кеткенді терең білетін кісі екен деп сипаттайды. Аталған киелі мекеннің тарихын білетін көнекөз куәгер қария көрсетіп, айғақты дәлелдермен тәптіштеп жеткізе айтып берген. Сонымен бірге жетпіс төрт жастағы Есмә Ғабдолұлы ақсақал да Күнтимес ордасы, Шоқанның Обаған бойындағы ең төл мекенін екенін айғақтайды.

Сібір қазақтары шекара басқармасының 1842 жылы дайындаған құжаттарында «Аманқарағай дуанының аға сұлтаны, ақылды, әрі кішіпейіл, тұрмысы ауқатты, өкіметке берілген Шығыс Уәлихановтың...» қыстауы тайға таңба басқандай «Күнтимес» деп жазылып тұр... [1, 91].

Нақты зерттеу себептері мен айғақты мәліметтерді автор (Жарылқап Бейсембайұлы) зерттеп көрсеткен. Зерделей зерттеуіне академик Әлкей Марғұлан себепкер болған.

Бәріне әуелгі себепкер -Шоқантану ілімінің бас білгірі, үлкен ғұлама, академик Әлкей Марғұланның өзі болатын...

Жастар газетінің тапсырмасымен ғұлама Әлкей Марғұланның үйіне арнайы барғанымда тағы да бұл атауды атап өтті деп жазады.

-Шоқан Обаған қаласына (академик Құсмұрын қамалын осылай да атайтын) жақын жердегі Күнтимес деп аталған ордада туды [1, 79]

Үлкен ұлы Шоқан жеті жасқа келген кезде аға сұлтан әкесі оны оқыту мақсатын көздеп, Күнтимес қыстауында мектеп ашуға ниеттенеді [1, 91].

Мұнда ол араб жазуының негіздерін меңгереді және қарындашпен сурет салуды үйренеді. Бұл схоластикалық мектепте шағатай тіліндегі орта ғасырлық әдебиет мұраларын оқумен, араб және парсы тілдерінде сөйлеп жаттығу және шығыс ақындарының өлеңдерін тақпақтай жатқа айтумен айналысқан.

Дәстүр бойынша сұлтанның балаларына бірнеше шығыс тілдерін үйрену, яғни «жеті жұрттың тілін білу парыз болған. Бұл дәстүр ол кезде әлі ескірген жоқ еді, сондықтан Шоқан архив

мәліметтерінің көрсетуіне қарағанда шығыс тілдерін оқып, әуелі араб тілін, кейін ұйғыр тілін де жетік меңгерген [5, 19].

Әкесі Шыңғыс ашқан мектептің тәлімі жаман болмағандығын, бала Шоқанның он екі жасында кадет корпусына барғанға дейін-ақ біршама білім алғандығынан да аңғаруға болады.

Сол 1847 жылдың күзінде аға сұлтан тұңғыш ұлы Шоқанды Омбыдағы кадет корпусына алып барды. [1, 76]. Шоқан Омбыға 1847 жылдың күзінде, жасы он екіге толғанда барған [2, 33].

1847 жылдың күзінде он екі жасар Шоқан туған елінен тұңғыш рет ұзақ сапар шегіп, әкесімен бірге Омбыға оқуға келеді. Шыңғыс өзінің орыс достарының көмегімен баласын Сібірдің сол кездегі ең жақсы оқу орыны деп саналған Сібір кадет корпусына оқуға түсіреді [5, 22].

1849 жылы Шыңғыс Уәлиұлы Құсмұрын дуанына 6 мәрте аға сұлтан болып сайланады.

Ресей жерінде бала кезінен білім алуға, аға сұлтан әкесінің ықпалы болды. Әкесіне Александр Алексеевич Сотниковтың «Сұлтан ұлдарының оқу орындарына қазына есебінен түсуге хақысы бар, Орынбор кадет корпусында сұлтан ұлдарының көбі білім алды, ал Бөкей ордасын билейтін Жәңгірдің ұлы тіпті Ресейдің ең дәрежелі оқу орны Паж корпусына түсті... деген сөздерінің әсері болған.

Шоқанның сүйікті ермегі бүркіт салуды жақсы көрген. Орыс тілін жетік меңгеріп, француз тілін де меңгере білген.

1864 жылы Омбыда тұрған кезде, ол атақты Шөже ақынды үйіне шақырып алып, «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жайындағы дастанның тағы бір нұсқасын жазып алған [2, 30].

Шоқан кадет корпусына келгенде орыс тілін білмейтін, бірақ сирек кездесетін қабілетінің арқасында осы қиыншылықты жеңіп шықты. Ол үздік оқыды, тіпті өз құрдастарының алдына түсті. «Шоқан тез дамыды», – деп еске алды оның кадеттік досы Г.Н. Потанин – өзінің орыс жолдастарынан басып озды. Оған көп адам ден қойып, зер салды, оның қабілеттілігі сондай оқу орнына түсуден бұрын да сурет салған еді».

Еңбекшілікпен және жеке басының жоғары моральдық қасиеттерімен ұштасқан жас Шоқанның терең білімі, әдеттен тыс зеректігі корпустың көптеген оқытушыларын таңдандырды. Шоқанның ерекше қабілеті тарихты, географияны және шығыс филологиясын

оқып-үйрену тұсында айқын көрінді және осының барлығы арқылы жұрт назарын өзіне аударды [5, 25].

Шоқан екі-үш жылдан кейін-ақ тек өз класын ғана емес, сонымен қатар екі жыл бұрынғы класты идеялық жағынан басып озды.

Екінші курстан бастап Шоқан мен оның ұстаздары арасында етене жақындық және достық қатынастар орнайды.

Шоқан оқуын өз сыныптастарынан бір жыл бұрын 1853 жылы 18 жасында атты әскер корнеті шенімен бітіріп шыққан. Осыған дейін белгілі деректер бойынша, Шоқан Сібір кадет корпусын тұңғыш бітіріп шыққан қазақ баласы [1, 157].

«Николай Федорович маған жеткізіп берген қағаздардың,-деп жазады өз естеліктерінде И.Н. Березин, – үлкен бөлігі университеттің лекциялар және әртүрлі қырғызша текстер, былайша айтқанда, қырғыздың үш тізімі болды. Бұл текстерді мен шығарып отырған түрік хрестоматиясына бастыруды көздеп отырмын. Осы дәлелдемеден, сол секілді Н.Ф. Костылецкийдің И.Н.Березинге хағынан көрінгендей, Березиннің хрестоматиясына Шоқан мен әкесі Шыңғыс М.В. Ладыженский үшін 1841 жылы Обаған даласында жазып алған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасының варианты енгізілген.

Архив мәліметтеріне қарағанда Н.Ф. Костылецкий өзінің шәкірттеріне қазақ фольклорын жинау және қазақтың халық ойындарын жазып алу жөнінде нұсқау беріп отырған. Н.Ф. Костылецкийдің атына жолдаған хаттар мен қазақ фольклорының жазбалары бүгінгі күнге дейін сақталып келген. Мұндай жазбаларды оған Шоқан Уәлихановтан кейін Абайдың інісі Халиулла Өскенбаев, атақты Мұстафа Бүркітбаев (Баянауылдан), Садуақас Анаев (Көкшетау округінен), Хангожин (Аягөзден) және басқалары да жіберіп отырған. Олар өздерінің хаттарында қазақ жастарында білім беру жөнінде бар күшін аямай еңбек еткені үшін өздерінің ұстазына шын ықыласпен алғыс айтады.

Орыс демократиялық мәдениетінің рухында тәрбиеленген осы білімді жастар қазақ әдебиетінің үлгілерін жинаумен ғана айналысып қоймай, сонымен бірге орыс классиктерін қазақ тіліне тұңғыш рет аударып бастады.

«Омбыда кадет корпусын бітіріп, бұдан соң Семей маңындағы туған ауылында тұрған бір қырғыз сұлтаны (қайтыс болған Өскенбаев) туралы әңгімелеп берді, – деп жазады Г.Н.Потанин – ол

кешке қарай өз жерлестеріне орыс повестері мен романдарының мазмұнын әңгімелеп беруді жақсы көрді, қырғыздар да оны қызыға тыңдайтыны сонша, одан өз әңгімелерін жазуды өтінеді, сонымен қырғызша жазылған дәптерлер пайда болды.

Ол Тургеневтің, Лермонтовтың, Толстойдың және басқалардың шығармаларының еркін аудармасы болып шығады. Киіз үйдегі осы бір әдеби кештер кезінде қырғыздар ой-пікірлерін ортаға салады, сонда, басы-қасында болушының әңгімесіне қарағанда, Өскенбаевтың: «Тыңдаңдар, бұл жайында орыс сыншысы Белинский былай деген» немесе «орыс сыншысы Добролюбов бұл туралы мынадай пікірде болған» деп орыс беделділерінің пікірлерін тілге тиек етіп отырған.

Н.Ф. Костылецкий жас Шоқанның таңдаулы ұстазы болды. Олар бірқатар жылдар бойы зор сүйіспеншілік пен қазақтың халық эпосын зерттеумен шұғылданды, олардың осы саладағы бірлескен жұмысы өте жемісті болды. Олар «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасының ежелгі вариантын бірінші рет орыс тіліне аударды.

1852 жылы Н.Ф. Костылецкий арқылы Шоқан мен И.Н. Березиннің арасында достық байланыс орнайды. Березинге хан жарлықтарында кездесетін кейбір терминдерді талдап түсіндіру үшін көмек қажет болады. Бірақ Костылецкий бұл жөнінде Березинге «Тоқтамыстың жарлығындағы» мүлдем түсінуге болмайтын, кейбір сөздер жөнінде бар ықыласыммен – ақ көмектесейін десем де сіздің қасіретіңізді жеңілдетуге шарасыз болып отырмын» деп жауап қайтарды да, оған бұл мәселе туралы Шоқан Уәлихановпен байланысыңыз деп ұсыныс жасайды.

И.Н. Березин мен Шоқан Уәлихановтың арасындағы хат арқылы байланыс осыдан басталған еді. Шоқанның Березинге жазған жауап хаты біздің күндерімізге дейін сақталып келді. Бұл хатында ол Березиннің барлық сұрақтарына толық әрі тұжырымды жауап береді. «Тоқтамыстың жарлығындағы бүгінгі тағар тілінде қолданылмайтын кейбір сөздердің мағынасын қырғыз тілінен іздестіру жөніндегі сіздің ұсынысыңызды өзімнің бұрынғы ұстазым Н.Ф. Костылецкийден естігеннен кейін мен қырғыз қарияларынан сұрасыра жүріп, біздің тілімізден бірсыпыра сөздер таптым, сөйтіп, оларды сізге жіберуге асық боп отырмын» – деп жазған Шоқан.

Орыстың көрнекті шығыс зерттеушісі мен екеуінің арасындағы бұл байланыс жас Шоқанның көңілі қалаған ғылыми жұмысты

таңдап алуына үлкен ықпал етеді. Орта Азия халықтарының тарихы мен әдебиетіне құштарлығын күшейте түседі. И.Н. Березиннің еңбектері Шоқанды ертедегі жазба ескерткіштерін зерттеу ісіне құлшындырады және ол өзінің алғашқы ғылыми еңбектерін осыған, жарлықтарды талдау мәселесіне арнайды. Осының бәріне себепкер болған адам – жас Уәлихановтың тез жетіліп, кемелдене беруіне үздіксіз қамқорлық жасап отырған Н.Ф. Костылецкий еді [5, 29].

1854 жылы солтүстік шығыс қазақтарының жергілікті өзін-өзі басқару орындары жойылып, сахаралық округтер орасан зор екі облысқа бөлінді. Бірі Сібір қазақтарының облысы ретінде құрылып, оның орталығы Омбы қаласы болды да, Семей облысы деп аталған екінші облыстың орталығы Семей қаласы болып белгіленді [5, 6].

Шоқан Уәлихановтың қоғамдық – тарихи майданда көріне бастаған дәуірі қазақ халқының тарихындағы маңызды кезең, қазақ халқының ұлы орыс халқымен және оның алдыңғы қатарлы демократияшыл мәдениетімен жақындасу дәуірі еді. Бұл жақындасу қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің дамуына даңғыл жол ашты.

Шоқан Уәлиханов сияқты жан-жақты және терең білімді, алдыңғы алдыңғы қатарлы адамның тарихи майданға шығуы тек халықтың арасындағы экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нәтижесінде ғана мүмкін еді.

«Семей туралы кейін нақтырақ жазармын» атты тарауда орыс жазушысы Ф. Достоевский туралы жазылған.

Петрашевші жазушы Семейге 1854 жылғы наурыз айының басында солдаттыққа айдалып келген болатын түрмеге қарағанда жеңілдеу деп есептелінгенімен, әуелгіде солдат казармасының да сол өзі тұтқын ретінде төрт жыл мекендеген сасық абақты тіршілігінен асып бара жатқан өзгешілігі көп емес. Сол жамбасты тесетін тақтай төсек, сол күлімсі иіс, сол ұнжырғаны езетін тұнжыр жағдай...

Солдаттыққа түскеніне бір айға жуық уақыт өткенде ғана Петерборда тұратын ағасы М.М. Достоевскийге хат жазуға мұршасы келген. Рота писарінен қағаз-қауырсын сұрап алып, осыдан бір ай бұрын, Омбыда Ивановтардың үйінде тұрғанда, өзінің түрмеден босағанын хабарлап төрт жылғы мәжбүрлі үзілістен кейін

сағынышқа толы ұзақ хат жолдаған ағасына, кейінгі жаңалықтарын жеткізбек болып, шеткерірек тұсқа жайғасты [2, 225].

Алдымен ағасы жіберген хат пен ақшаны алғанын білдірді, туған-туыстарының амандық-саулығын сұрасқаннан кейін өз басының жағдайына көшкен. Денсаулығының жаман емес екендігін, түрмеден шыққан екі айдан бері оңала бастағанын айтқан. Содан соң келген жерін таныстырған. «Бұл жерден қазақ даласы басталады. Қала кәдімгідей үлкен, тұрғындары да баршылық. Азиялықтар көп. Маңайы ашық дала. Жазы ұзақ әрі ыстық, қысы Тобыл мен Омбыға қарағанда қысқалау, бірақ қатал. Өсімдігі шамалы, ағашы аз-жалаңаш дала... Мен саған Семей туралы кейін нақтырақ жазармын. Ол бұған лайық...», – деді. Содан кейін кітап жіберуді өтінген...

Ол ағасына жазған хатында атап өткен Семей – сол кезде жеті мыңнан сәл асатын тұрғыны бар, гербінде жарты ай мен бес бұрышты жұлдыз және түйенің бейнесі бар бедерленген шағын қалашық болатын. Халықтың басым көпшілігі оңтүстік беттегі татар слободкасы деп аталатын тұста тұратын...

Алайда Семейде жазушының қазақ даласында өткен өміріне қатысты жарқын тұлғалар боп енген адамдар табылып еді.

Достоевский пәтерге шығуға рұқсат алғаннан сәл кейін, 1854 жылдың қарашасында, осы қалаға облыстық прокурор міндетін атқару үшін Петербордан 21 жасар барон Александр Егорович Врангель келді. Жазушының Семейде екенінен бұрыннан хабардар Врангель Ресей астанасынан аттанар алдында қаламгердің ағасы Михаил Михайловичке арнайы жолығып, ол беріп жіберген біраз сәлемдемені өзімен бірге ала жеткен-ді. Достоевскийді жас прокурор әуелден сырттай жақсы танытын. Врангель айдаудағы жазушының орыс әдебиетінде елеулі құбылыс ретінде танылған «Бейшараларын» он алты жасында оқып шыққан, сол кезден қаламгер қуатына құлай табынғандардың бірі еді...

Врангель Семейге келісімен жазушыны шақыртып алады. Осы кездесуден кейін Достоевскийдің айдаудағы өмірінде жаңа кезең басталады. Облыстық прокурормен рәуішті қарым-қатынас қарапайым жауынгерге Семейдің жоғары қауымымен араласуға жағдай жасады. Ол батальон командирі Белиховтың, сот Пешехоновтың, тіпті облыстық әскери губернатор Спиридоновтың да үйінде қонақта болады. Губернатордың адыоданты Демчинский де жазу-

шыны өзіне жақын тартып, реті келгенде пәтеріне кетіп тұрады. Врангель оны өзінің дос офицерлерімен таныстырып, жақын маңдағы қазақ ауылдарына да салт атпен аралатады [2, 228].

Достоевский Семейге 1854 жылдың көктемінде айдалып келді.

Сол заманда Семей қаласы, Абай ауданына қарасты, (қазір Абай облысы) Арқат ауылына шамамен 1858-59 жылдары әйгілі тұлғалар Ш.Уәлиханов пен Ф.М. Достоевский келген.

Бстықкөл сапарын жалғастырар кезінде Ш.Уәлиханов бірнеше рет Ф.М. Достоевскиймен Семипалатинскіде кездескен. Врангель мен Хоментовский өздерінің жоғары қызметтерін пайдаланып, олардың достықтарының нығаюына әртүрлі септік жағдайлар жасаған. Солардың арқасында Ш.Уәлиханов пен Ф.М. Достоевскиймен бірге Шыңғыс және Тарбағатай тауларындағы қазақ ауылы Арқатқа баруға мүмкіндіктері болған [3, 27].

Шоқан 18 апрель күні семейлік достарымен қоштасып, пошта жолымен Аякөзге аттанды. Жолай өрісте жүрген Бұқаштың жеке меншік жылқылары мен түйелерін көре кету үшін Арқатқа соққан...

Шоқан қонақжай үй иесін қуанта алмады. Жайылым бөліп беру жөніндегі өтініш орындалмайтын болыпты. Көпес өзінің ренішін жасырған жоқ. Арқатты алып қалу үшін бір әрекет жасау керектігін ол ұғынған [2, 110].

Бұдан шығатын тұжырым көзі қарақты Шоқан Уәлиханов әр қазаққа өз көмегін аямаған.

Айғақты деректерді оқып, маған ой түсіп отыр. Ғалым Шоқан Уәлиханов ұлы ақын Абай Құнанбаевтан он жас үлкен. Арқатқа барар жолда Жидебай мен Ақшоқыны басып өтеді. Ол заманда келеді, келе жатыр деген хабар алмауы мүмкін емес қой. Қазақ сұлтандарын ерекше бауырмал құшақпен қарсы алатын халық емес пе еді? Қалайша кездеспеді екен? – деген ой туындап отыр. Оның үстіне екеуі де сұлтанның балалары.

Шоқан Уәлиханов бұл кезде 21 жаста, онда бала Абай 11 жаста болған. Абайдың інісі Халиолла Өскенбаев екеуі бір-бірін тануы керек сияқты, бірақ Халиолла Абайдан да жасы кіші әлі ойын баласы болды. Сәуле шуағын шашқан Халиолла да Омбыдағы кадет корпусында оқып, арнайы әскери білім алған. 1867 жылы корпус әскери гимназияға айналған шақта, ол 1-ші разрядпен Абайдың

інісі Халиолла Өскенбаев та бітіреді. Оны оқуын жалғастыруға Петербордағы Александрия әскери училищесіне жіберіледі.

Оның да ғұмыры қысқа болған.

Ал Шоқан бұл қалаға Достоевский Семейде тұрған кезде әлденеше рет келген. Олардың Семейдегі бірінші кездесуі 1855 жылдың жазында өтеді. Бұл кезде Федор Михайлович прокурор досы екеуі қала сыртындағы қазақ бауы деп аталатын саяжайлы мекенде тұрып жатқан-ды. Бұл кездесу туралы кейіннен Врангель: «Сол кезде бізге келіп-кетіп жүрген аз ғана адамдардың ішінде сүйкімді қырғыз офицері, Омбы кадет корпусында тәрбиеленген, Орта жүздің соңғы ханының немересі Мұхаммед-Ханафия Уәлихановтың Достоевскийге жолығу үшін арнайы соққаны есімде қалыпты» деп жазды. Бұл Шоқан мен Достоевскийдің осыдан бір жарым жылдай бұрын Омбыда Ивановтардың үйіндегі таныстығының әрі қарай жалғасуы, оның үлкен достыққа ұласуының басы еді.

Олар бір қалада тұрып, бір-бірімен күнде араласқан жоқ. Омбыда бір-екі рет көргеннен кейін арада жылдан астам уақыт өткен кезде ғана Семейде жолықты. Бар болғаны екі-үш қана кездесу. Бірақ бір-біріне шын ықыласы ауған, түсініскен, ұғынысқан адамдардың достықтарының басталуына осындай аз ғана жолығысу да жетіп жатады екен.

Келесі 1856 жылдың күзінде Шоқан әскери-ғылыми экспедиция құрамында Ыстықкөл мен Құлжа жаққа барып қайтқан сапарынан Омбыға қайтып келе жатып, Семейге тағы да соқты. Бұл кезде Достоевскийдің айдаудағы өмірінде де біраз өзгерістер болды. Осы жылдың басында ол унтер – офицерлік шен алды. Бұдан 13 жыл бұрын Инженерлер училищесінің жоғары офицерлік курсы бітіріп, бір жылдай әскер қатарында қызмет етіп, сосын өз өтініші бойынша (жазушылық кәсіпті шын қуалау мақсатымен) инженер-поручик шенінде отставкаға шыққан Достоевскийге бұл «өсу» соншама таңсық та емес еді. Унтер-офицерлік солдаттық өмірге қарағанда, оңайлау. Айдаудағы жазушыға керегі де – осы. Врангель осы жылдың басында қызмет бабымен басқа жаққа ауысып кетті. Алайда алыста жүрсе де, ол Достоевскийдің тағдырына бұрынғыдай жаны ауырып, Петербургтегі таныстары арқылы айдаудағы жазушыны кіші офицерлікке көтеруді сұраумен болды. Және ол ізденісі нәтижесіз де емес. Осыдан бірер күн бұрын ғана

астанадан Достоевскийге прапорщик шенінің берілгені туралы бұйрық келіп жағыр еді.

Екі петрашевшілді тәнті еткен Шоқанның өз қатарлары арасынан зерек ақылмен, талантымен, алғыр да сергек ойларымен саңлақтана көрінген бітімі болатын. Оның алыс сапарлар, ашылмаған қияндар туралы армандайтын романтикалық тұлғасы, өз халқының болашағы, алда туар жарқын күндері туралы аңсайтын демократтық көзқарастары – өздерінің прогресті ойлары үшін қиянат шегіп жүрген екі қаламгердің көкейлерінен дөп табылғандай. Оларды пікірлер мен мүдделер бірлігі жақындастырған.

Шоқан осы жолы Семейде Достоевскийдің қасында әлденеше күндер бірге болып талай әдемі уақыттар мен әңгімелер өткізді. Федор Михайлович оған өзінің жазу жұмысына қайтадан ден қойып келе жатқанын сыр етіп айтты. Осы жылдың басында «Ағайдың түсі» атты повесті бастаған еді, әзірше жаман емес, бірқатар жұмыс істелініп тасталды. Омбы абақтысында көргендері туралы да қағазға түсіріп жүрген жай бар. Ал Шоқан болса, би– ыл өзі сапарлап қайтқан аймақтары, Ыстықкөл төңірегі, қырғыз халқы туралы, Құлжаға барғаны, қытайлардың әдет-ғұрпы жайлы әңгімелейді.

Екі достың сол кездесуінен кейін үстіне офицер мундирін енді киген Достоевский басшылардың ресми рұқсатымен Барнаулға атанды...

Арада біраз күндер өткесін, 1856 жылдың 5 декабрінде ол Семейдегі досына былай деп хат жазды:

«Көптен көп құрметті Федор Михайлович!

Өзіңіз кеткеннен кейін мен Сіздің қаламызда тек бір қонып, келесі күні ертемен жүріп кеттім. Ол кеш мен үшін өте көңілсіз болды. Өзімнің соншама жақсы көрген және өзіме де жақсы ниет білдірген адамдардан айырылысу, маған өте -мөте ауыр тиді. Сізбен бірге Семейде өткізген аз ғана күндер маған тамаша әсер етті. Ендігі менің бар ойым Сізбен тағы да бір қауышу. Мен адамның нәзік сезімдері мен ниет – ықыласы туралы жазуға шебер емеспін, бірақ оның қажеті де жоқ қой деймін. Сіз, әрине, менің Сізге ықыласымның қалай түскенін және Сізді соншалықты жақсы көретінімді жақсы білесіз.

Мұнда Омбыға келгесін, осындағы ең жақсы көретін досымның бірі Александр Николаевич Цуриковпен ажырасатын жай

болды – ол Сіздерге, Семейге бара жатыр. Сізге, қайырымды Федор Михайлович, осы бір жақсы жанды таныстырғаным болсын: Сіз оны жолыққан сайын тәуір көре түсесіз деп ұғам. Омбы дегеніңіз өзінің өсек-аяңымен, бір-біріне мәңгілік қысастығымен мүлде жаман боп кеткендіктен де, оны тастап кету жайында ойлап жүргенім ойын емес. Бұл хақында Сіз не айтар едіңіз? Ақылыңызды беріңіз, Федор Михайлович, қайткенде онды болар еді. Дуров дімкәстанып жүр. Мұнда оған, шамасы, чиновниктік... лаң әрекеттер онша жағып жүрген жоқ сияқты – дегенмен, мұның бәрін Сізге Цуриков толық күйде айтып бере алады.

Әзірше сау боп тұрыңыз, Федор Михайлович. Жақында тағы да көп сөзбен ұзақ етіп хат жазамын...».

Аз күннен кейін Шоқанның бұл хатына жауап та алған. Достоевский оған өзінің шын жүрегімен ақтарыла шыққан жылы сөздерімен жауап қайырыпты.

«Сіздің хатыңызды, мейірбан достым менің, маған Александр Николаевич табыс етті. Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал мен Сізге қысылмай-ақ тура айтамын, мен Сізге ғашық боп қалдым. Мен еш уақытта да және ешкімге де, тіпті бірге туған бауырыма да, тап Сізге көңілім түскендей құлай берілген емеспін, құдай білсін, оның қалай болғанын. Бұған талай дәлел келтіруге де болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай беремін! Ал енді Сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз деймін, қымбатты Уәлихан, және бұл тақырыпқа тегі 10 кітап жазсаң да – бәрі бір түк жаза алмайсың: сезім мен құштарлық дегендер түсінісуге болмайтын нәрселер ғой. Сізбен арбада тұрып қош айтысып айырылысқаннан кейін, біз бәріміз де күні бойы көңілсіз болдық. Біз ұдайы Сізді еске алып, барынша мақтадық. Егер Сізге бізбен бірге аттану мүмкін болған кезде, қандай тамаша болар еді! Сіз Барнаулда үлкен эффект нәтиже тудырар едіңіз...».

Қандай ақтарылған пейіл, шынайы көңіл десеңізші. Екі халықтың екі ардагер ұлының өзара ұғынысуының, тамаша түсінісуінің ғажайып бір белгісі емес пе бұл. Әрі Шоқанға жазған осы ұзақ хатында ұлы психолог өзіне біткен көрегендікпен болашақты бағдарлағандай болар еді.

«Сіз өзіңіздің қызметіңіз бен жалпы жағдайыңыз тұрғысында ақыл сұрайсыз. Меніңше былай: қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз. Сізде материалдар өте көп. Дала туралы мақала жазыңыз...»

Оны басады... Егер де Сіз оларды Дала тұрмысы туралы, өз өмірлеріңіз туралы жазбалар және т.б. секілді жазсаңыз, тіпті жақсы болады.

Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға ерекше пайдалы болғандай етіп, соның игілігіне бағыштауыңызға болар еді. Мысалы, Даланың не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Россияға қандай қатысы бар екендігіндігін бірінші боп Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе... Сіз өзіңіздің еропаша терең білім алған тұңғыш қазақ екеніңді есіңізге алыңыз. Оның үстіне, тағдыр Сізге ұлы жүрек, асыл қасиеттер беріп, тамаша адам етіп жаратты...».

Осы хатта Шоқанның алдағы тағдырына қатысты көптеген жайлар – оның Петербургке баратыны, Россияның географиялық қоғамына мүше болатыны, әдеби-қоғамдық қызметі, қазақ ғалымы тамаша меңгерген ғылыми – көркем очерктік жанр да, керемет болжанып айтылған. Шоқанның ұлы досы берген ақыл – кеңеске аса құлақ қойғандығында күмән жоқ.

Уәлиханов пен Достоевскийдің бұдан кейінгі достықтары да жүздесулер мен хат алысулар арқылы жалғасып жатты. Осы ретте бізге, әсіресе, олардың Семейде өткен соңғы кездесуінен қалған ескерткіш сурет тым қымбат. 1859 жылдың көктемінде семейлік фотограф Н. Лейбин түсірген бұл суреттен бізге аса қауіпті Қашқар сапарынан енді оралған Шоқанды көреміз. Ол 10 ай 14 күн бойы ылғи да қатер астында, қиын-қыстау жағдайда жүрсе де орыс ғылымы, әлемдік география ғылымы үшін аса құнды да бағалы мәліметтер жинап келе жатты. Шоқан ол елде өзін сауда-саттық пен Россияға шығып, сонда қайтыс болған қашқарлық саудагер Әбділлабайдың жалғыз ұлы Әлімбай, ата жұртын іздеп келген жас көпес ретінде жүруі, бар бітім-болмысымен (шашын ұстарамен сыпыртуға дейін) жергілікті ұйғыр халқының әдет-ғұрыптарын мүлтіксіз орындауы керек болған-ды.

Оның Семейде прапорщик Достоевскиймен бірге түскен суретінен, осы ауыр сапардан қиналып оралған жанның бейнесін көреміз.

Федор Михайловичтің басында да бұл кезде бірталай жаңалықтар болып өткен. Ол бұдан екі жыл бұрын Исаеваға үйленген, дворяндық атағын қайта алған...

Содан бері Крепостная көшесіндегі почташы Липухиннің шағын үйінің екінші қабатындағы үш бөлмені пәтерге жалдап тұрады. Жазу жұмыстары да бірқалыпты жүріп жатыр. «Ағайдың түсі» мен «Степанчиково селосы және оның тұрғындары» атты повестері аяқталып қалды. «Өлі үйден жазбалардың» алғашқы тараулары дүниеге келе бастады. Әрі осы Шоқан келердің алдында ол тағы бір қуанышты хабар алып отыр еді. Ол Достоевскийдің жаза мерзімінің бітіп, отставкаға шығуына рұхсат берілгендігі туралы хабар болатын. Бірақ ол бұйрық әлі Семейге ресми қатынас түрінде жете алмай жатты.

Осы кездесуден кейін Шоқан Омбыға келіп, Қашқар сапары туралы есепті жазуға отырды. Арада біраз күн өткен кезде достар Омбыда тағы да жолыққан. Достоевский бостандыққа шығып, осы бес жыл өмір сүрген қазақ даласымен, әскер өмірімен, қимас жандарымен, қырдың кең пейіл халқымен қоштасып бара жатыр еді.

Олардың кездесулері бұдан кейін Петербургте жалғасты. 1859 жылдың күзінде Уәлиханов империяның астанасына Қашқарды ашушы ретінде келіп, онда Бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Азия департаментінде, географиялық қоғам мен университетте 1861 жылдың көктеміне дейін көкірек ауруы өршіп, амалсыздан елге қайтқанға дейін жұмыс істеді. Осында Достоевскийдің ағасы Михаил Михайловичтің үйінде әдебиетшілер бас қосатын үйірмеде үлкен жүректі досымен талай кездесті, ол арқылы сол кездегі белгілі орыс ақын-жазушыларымен танысып, тығыз аралас, байланыста жүрді.

Шоқанның жақын достарының бірі, белгілі публицист Н.М. Ядринцев.

Шоқанның ғылымға ден қоюына, жоғарыда айтқанымыздай, әкесінің алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының өкілдерімен тығыз байланысты болуы үлкен әсер етеді. Академик А.И. Шренк, сібір қазақтарының облыстық басқармасында қызмет істеген декабристер С.М. Семенов, В.И. Штейнгель, Н.В. Басаргин және Казан университетінің студенттері С.Сотников, Н.Ф. Костылецкий, Т.Сейфуллин сияқты көптеген жоғары білімді адамдар Шыңғыстың аулында талай рет болған.

Шыңғыс Қазақстанда зерттеу жұмыстарын жүргізген орыс ғалымдары үшін түрлі мәліметтер жинап, дайындау ісіне кейде өзінің баласын да қатыстырып отырған [5, 22].

1887 жылы Верныйда Дүнген, Ұйғыр, Қашқар көшелері бар болатын. Оларда Құлжа өлкесінен қоныс аударған адамдар тұрған. Бейбітшілік пен тыныштық іздеп мындаған адамдардың Жетісуға көше бастауында, дүнгендерге ара түсіп, қорғаған Шоқан Уәлихановтың ерекше еңбегі бар [1, 311].

Бұл оның баспасөзде көзі тірі кезінде соңғы жариялануы еді. 1864 жылдың 7 желтоқсанында Қапалда жазылған Қытай империясының Батыс өлкесіндегі дүнгендер көтерілісі туралы мақаласы «Русский инвалид» газетінің 1865 жылғы 51 санында жарық көрген.

Уәлиханов одан әрі осынау газет мақаласында көптеген ғалымдардың назар аударған өзінің дүнгендердің шығу тегі жөніндегі теориясын алға тартып, тәптіштеп түсіндіріп шыққан...

Бұдан кейінгі жылдары да Шоқан мен Достоевскийдің арасында хат алысулар үзілген жоқ. Бірақ олардың қайтып көрісуіне тағдыр жазбаған еді. 1865 жылдың 10 апрелінде Жетісудағы Матай тауының етегінде, Ұлы жүздің сұлтаны Тезек төренің ауылында орыс армиясының офицері, штабс-ротмистр Шоқан Уәлиханов әбден меңдеген аурудан айыға алмай, мәңгі көз жұмды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың тұңғыш ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановтан мол мұра қалды.

Шоқан Уәлиханов энциклопедиялық мол білімі бар, әрі бірнеше тіл білген, өз заманында ғылымдағы мәселелерді жаңаша дамыта білген кемелді ірі ғалым болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенбайұлы Ж. Шығармалары / Ж.Бейсенбайұлы. – Астана: «Өрнек», 2022. – 743 б.
2. Стрелкова И. Шоқан Уәлиханов. – Алматы: Қазақстан баспа үйі, 2008. – 320 б.
3. Семипалатинску – 250 лет. – Алма-Ата:Казахстан, 1968. – 156 б.
4. Косенко П. Иртыш и небо. – Алма-Ата: Жазушы, 1971. – 262 б.
5. Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы/ Орысшадан аударған Ә.Инмағамбетов. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1980.
6. Балалар энциклопедиясы. 3 том/ Бас ред. Б.Ө.Жақып.-Алматы: Қазақ энциклопедиясы ЖШС, 2011. – 264 б.
7. Сәтбаев Қ. Таңдамалы. 1 томдық / Құраст. К.А. Ақышев, Т.М. Әлжанов. – 2-ші бас. Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2007. – 381 б.

ҚАЗҚАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ШОҚАН УАЛИХАНОВТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

С.А. Аймакова, тарих магистрі

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

Андатпа. Шоқан Уәлиханов – ұлы ағартушы және демократ, көрнекті қазақ ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, фольклорист. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында ерекше орын алады. Осы дарынды ғалым мен ағартушының өмірі мен қызметі ерекше әсер қалдырады. Оның қысқа ғұмырында қол жеткізген ғылыми жетістіктері орыс достары мен серіктерін, сондай-ақ сол кездегі орыс ғалымдарын таңғалдырып, таңдандырды.

Кілт сөздер: республика, мәдениет, парламент, лагерь, ағартушылық, баспасөз.

Талантты ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі, саяхатшы-географ Шоқан (шын аты Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі. Оның қысқа да жарқын өмірі, жан-жақты зерттеушілік қызметі, философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, т.б. жайындағы ғылыми зерттеулері, пікірлері қай кезде болмасын өзінің құндылығымен жарқырай берері сөзсіз. Қазақ халқының рухани ізденістерінің жарқын көрінісі бола отырып, қоғамдық ойсана, пікір-тұжырымдардың биіктей өркендеуіне ерекше ықпал етті. Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Абылай жоңғарларға қарсы соғыста асқан ерлік көрсеткен, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескен, ақылды қолбасшы, іскер дипломат, амал-айласы мол Орта жүз ханы болған. Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында, туған елі Көкшетауда өткен. Шоқан әжесі Айғанымның тәрбиесінде болған. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадеті корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген

пәндер әскери сабақтарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабақ берген. Оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған. Кадет корпусында Шоқан өзінің зеректігімен ерекшеленген. Тілді тез меңгеріп, өзі қатарлас оқушылардан озық оқыған. "Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Оған талайлар-ақ, назар аударды. Ол сондай қабілетті еді, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да білім, идея жағынан басып озды" – деп жазды бірге оқыған досы, этнограф-ғалым Т.Н.Потанин. Сібір кадеті корпусында оқудың соңғы жылдарында-ақ, Шоқан саналы, терең ойлы, жан-жақты білімді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, туған халқының қажет-мұқтаждарын пайымдап, түсіне алатын, оған барынша пайдалы қызмет етуге әзір екендігін танытты. Ол Косолецкий, Тонеевский сияқты (орыс әдебиеті мен тілі, тарих пәні) оқытушыларының игі ықпалымен өзінің жоғары қабілеті мен дарындылығының арқасында орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерін оқып танысып, ғылыми пайымдау, тұжырымдар жасай білді. Оның зерттеушілік қабілеті де осы корпуста оқып жүргенде біртіндеп қалыптасып, дами түсті. Ол, әсіресе, жазғы демалыс кездерінде ел ішіндегі халық жырлары мен дастандарын жазып алып, аңыз-әңгімелерді жинауға қызықты. Мысалы, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры Шоқанның алғашқы жазған шығармаларының бірі болды. Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері нұсқаларын, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырын көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.И.Березин бұл зерттеулерге назар аударып, жазып алған. Шоқанның зерттеушілік қабілетін байқаған ғалым оны өз тарапынан ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан. Шоқанның "Профессор И.Н.Березинге хат", "Профессор И.И.Березиннің "хан жорықтары" кітабына рецензия" т.б. алғашқы ғылыми жұмыстарының өзінен-ақ, оның болашағы зор ғалым, зерттеуші болатындығы аңғарылатын. Шоқанның біліміне мұғалімдері мен құрбылары ерекше қызыққан, сол кездің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен таныстығын жолдастарының көбі үлгі тұтып, мойындаған. Шоқан олардың Еуропа мәдениетіне бет бұруына себепші болған. "Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды

еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік, өзінің бізден артық білетіндігін не біздерден білімі жағынан жоғарлылығын білдіруге тырыспаса да, жай әңгіменің өзінде-ақ, оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз "Еуропаға ашқан терезе" сықылды болды", – деп жазады Г.И.Потанин. Мұның өзі Шоқанның жолдастары арасында беделі ерекше зор болып, оның биік тұрғанын көрсетеді. Қырағы да зейінді Шоқанға сурет салу өнері сол кездің өзінде-ақ; халық өмірін бейнелеудің тамаша бір құралы болып табылады. Туған жері Сырымбеттің жазғы жайлаулар мен мекен қоныстарының суретін салумен шұғылданады. 1847-1852 жылдарда салған суреттерін Шоқан "корпустаң елге демалысқа барған кезде салған суреттер" – деп атайды. Г.Н.Потанин: "Кадет корпусының соңғы курстарында оқып жүрген кезімізде Шоқан өзінің әңгімелерімен менің дәптерімді толтырды. Біз қазақтардың сұңқар салып, саят құру салтын толық жазып алдық. Шоқан сұңқарды қалай баптап күтудің әдісін өте жақсы білетін. Дауылпаз бен сұңқардың т.б. суреттерін салып, ол менің жазбамды толықтыра түсетін", – деп жазды. Мұның өзі Шоқан өнерінің жан-жақты екенін, оған курстастарының қызығып, ерекше құрметпен қарағанын дәлелдей түседі. Шоқан кадет корпусында оқып жүргенде-ақ, саяхатшылардың өмірі мен ісі туралы жазылған еңбектерге аса қызығушылықпен қарап, танысты. Осы еңбектердің ықпал әсерінен ол саяхатшы болуды, Орта Азияны арлап жан-жақты танысуды армандады. Демек, саяхатшылар өмірі жайлы жазылған еңбектер болашақ саяхатшыға бастау көзі болып, жол нұсқады. Қоғамдық, әдеби қызметі Шоқан Уәлиханов 1853 жылы кадет корпусын бітіріп, Омбыда әскери қызметке қалады. Ол Сібір қазақ-орыс әскерінің батты әскер полкына офицер болып тағайындалады, іс жүзінде Батыс Сібір мен Қазақстанның Солтүстік-Батыс аймағының генерал-губернаторы Г.Х.Гасфордтың адъютанты қызметіне белгіленеді. Сондай-ақ, Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оған айырықша тапсырмаларды орындайтын офицер ретінде қарады. Қызметі барысында Шоқан Уәлиханов патша өкіметінің отаршылдық саясаты туғызған әділетсіздіктерді жете танып, қарсы батыл пікірлер білдіруге тырысты. Осы қызметтерді атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласты. Омбыдан кетуді, өзінің туған

халқына пайдасы тиетін істермен шұғылдануды армандағанын өзінің достары Ф.М.Достоевскийге, К.Қ.Гутковскийге жазған хаттарынан анық көруге болады. 1855 жылы Шоқан Уәлиханов Омбыдан Семей, Аякөз, Қапал арқылы, Іле Алатауынан өтіп, Жоңғар қақпасына дейін келеді, қайтарда Алакөл, Тарбағатай жерлерін аралайды. Орталық Қазақстан-Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы Омбыға оралады. Бұл сапарда ол қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы, діни ұғымдары жайында көптеген материалдар жинайды. Сонымен бірге өзі болған аймақтардың тарихы, ескі қалалардың орны, шың-тастарыға жазу, белгілерін, көне ескерткіштер, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен өлеңдерді жазып алады. Осы материалдардың негізінде "Тәңірі", "Қазақтардағы шамандықтың қалдығы" сияқты еңбектер жазады.

1856 жылы Шоқан полковник М.М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысады. Қырғыз елін жете зерттеуге, Ыстықкөл аймағының картасын түсіруге тиіс болған бұл экспедицияға қатысу Шоқанның зерттеу жұмысын ойдағыдай жүргізуіне мүмкіндіктер туғызады. Ыстықкөлге, Қытай империясының Құлжа қаласына саяхаты және 1856-1857 жылдары Жетісу, Тянь-Шань сапарларында П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге болуы, Қырғыз Алатауына екінші рет сапарының нәтижелері оның "Жоңғария очерктері", "Қырғыздар туралы жазбалар", "Ыстық көл сапарының күнделіктері", "Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы" атты еңбектерін жазуға септігін тигізеді. Шоқан тарихи маңызы бар шығармаларға айырықша назар аударды. Мәселен, ол қырғыз халқының "Манас", "Семетей" туралы дастандарының біраз тарауын тұңғыш орыс тіліне аударып, оған ғылыми тұрғыдан толық тарихи және әдеби талдаулар жасады.

Бірінші рет баспаға ұсынды. Көлемі жағынан, оқиға құру, адам образдарын бейнелеу жағынан әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен теңдес, аса құнды туынды ретінде бағалаған. "Манас" – қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам Манастың төңірегінде топталған энциклопедия. Бұл жағынан, ол "Илиада" тәрізді. Бұл аса зор эпопеяда қырғыз халқының өмірі, діни дәрігерлік ұғымдары шетелдермен қарым-қатынасы түгел қамтылған. Екінші эпос – "Семетей" – "Манастың" жалғасы. Бұл қырғыздың "Одиссеясы", – деп көрсетеді Шоқан.

Шоқан әдебиет, оның теориясы мәселелері жөнінде сол кездің өзінде-ақ, көптеген тың пікірлер, тұжырымдар жасап, өз халқының тіршілігі мен мәдени дамуының жағдайларына лайық дамытады. Сондай-ақ, әр халықтың әдебиетін оның қоғамдық, әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста қарастырады. Қазақ поэзиясының халықтық сипаттары жайлы тың ой-пікір білдіреді. Халықтың рухани серігі болған поэзия туралы ол: "Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырыпсалма ақындар не жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмтылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар тастап кеткен", – деп жазады. Қазақ өлеңдерінің халықтығы жайлы құнды пікірлер білдіруде, Шоқан халық әдебиетінің бағалы нұсқаларын жасаған және ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін жырлаған. Орынбай, Шөже, Жанақ, Арыстанбай, Құрымбай сияқты ақындардың еңбектеріне жүгінеді, мысалдар келтіреді. Шоқанның миллиондаған халық тағдырына ерекше жанашырлықпен қарап, мәселенің дұрыс шешілуін армандағанын көрсетеді. "Бізге, қазақтарға, облыстық бастықтар үстірт қарауды әдетке айналдырған", – деп көрсете келіп, Шоқан реформа мәселесіне аса зор жауапкершілікпен қарап, бұған қарапайым (дәулетсіз) қазақтарды кеңінен қатыстырып, олардың пікірлерімен санасу керек екендігін, реформаны ақсүйектер емес, қалың бұқараның тілек-мүддесіне сай жүргізу керектігін талап етеді. Бұл еңбегінде Шоқанның қазақ қоғамының экономикалық, саяси, рухани жағдайлары және қазақ халқының болашақ даму негіздері мен жолдарына терең талдаулар бере отырып, ең бастысы өз халқының болашағына үлкен сеніммен қарағанын көреміз. 1864 жылы наурыз айында Ш.Уәлиханов Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу жөніндегі полковник М.Т.Черняевтің әскери экспедициясына шақырылады.

Бірақ, жергілікті халықтарға Черняевтің, оның әскери қызметкерлерінің көрсеткен озбырлығы мен қаталдығына наразы болып, бөлініп кетеді. Верный (қазіргі Алматы 1 қаласына келіп, Албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылына тоқтайды. Мұнда да жергілікті тұрғындардың хал-жағдайларымен танысып, аңыз-әңгіме, ертегі-жырлар жинап, зерттеушілік жұмыстарымен шұғылданады. Сол кездегі Батыс Қытайдағы қоғамдық-саяси жағдайдың

шиленесуіне байланысты болған дүнгендер көтерілісіне көңіл бөледі. Жұмыс бабымен Қапалға оқта-текте келіп жүген бір сапарында Ш.Уәлиханов әскери газетіне Құлжадағы жағдай, дүнген қозғалыстарына байланысты мақала жариялайды. Демек, қай уақытта болмасын ел ішіндегі жағдайларға ерекше мән беріп отырғанын көреміз. Ол өзінің қысқа ғұмырында қоғамдық ғылымдардың алуан саласында, тарих, география, этнография, экономика филологияда, өнертануда – көптеген құнды еңбектер қалдырды. Сондай-ақ, Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының, қазақтың, қырғыздың, өзбектің, ұйғырдың, түркіменнің тарихы мен сол кездегі әлеуметтік жағдайы, тілі мен әдебиетін саралап терең зерттеуімен шығыстың ғылымына зор үлес қосты. "Қазақтың шежіресі", "Жоңғарлар очерктері", "Қазақтар туралы жазбалар", "Абылай", "Көне замандағы қазақтың қару-жарак, сауыт-саймандары", "Далалық мұсылмандық", "Қазақтағы шаман дінінің қалдықтары", "Қазақтың көші-қоны", "Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы пікірлер", "Ыстықкөл күнделіктері" т.б. еңбектерінде Орта Азиядағы түрік халықтарының көптеген келелі мәселелеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеулер жүргізіп, талдаулар жасады. Бұл еңбектердің кейінгі зертеушілер үшін ғылыми мәні жоғары болды. Шоқан өзінің жан-жақты мол білімінің арқасында зерттеулерді комплексті түрде жүргізіп, тарихшы, географ, этнограф, публицист, әдебиетші, жазушы болып қатарластыра алып отырғанын анық байқауға болады. XIX ғ. орта шенінде ірі ғалымдардың бірі П.И.Небельсон Шоқан туралы: "Петербургте қырғыздар сирек кездеседі, бес-алты адам жинала қояр ма екен? Солардың ішінде өмірде мен бармын деп ерекшеленбейтін бір ғана адам бар. Ол өте жас, кавалерия офицері, сұлтан Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов", – деп жазса, Платников: "Мен Уәлихановпен Петербургте өте жақын таныстым және бірнеше кеш бірге болып көңілді өткіздім, оның қабілеттілігіне Мұхамед-Ғани Бабажанов, біз Небельсон екеуіміз де тең келмеспіз", – деген пікірлері Шоқан білімінің жан-жақтылығын, тереңдігін дәлелдей түсері хақ. Шоқаннан қалған асыл мұралардың бірі – бейнелеу өнері саласындағы еңбектері оның қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі екенін танытады. Сурет өнерін жас кезінен-ақ жақсы көрген. Ол портрет, табиғат көрінісі, пейзаж, халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан. Суреттерінің біразы 1860 жылдардың басында

"Всемирная иллюстрация", "Сакра", "Русский художественный лист" журналдарында, "Орыс география қоғамының хабаршысында" жарияланған. Ш.Уәлихановтың көп салалы әр қырлы бай мұрасы оның дүниетанымы, қоғамдық философиялық, ағартушылық, демократтық көзқарастары өз заманының биік деңгейінде болғанын айқындайды. Шоқан Уәлиханов 1865 жылы сәуір айында қайтыс болды. Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады. Қазіргі Алматы облысы Шоқан атындағы шаруашылықта "Алтынемел" мемориалдық комплексі бар. Шоқан қазасы қазақ елі үшін және оның орыс достарына аса ауыр тиді. Орыстың географиялық қоғамы басып шығарған (1904) Шоқан шығармаларына жазған алғы сөзінде академик И.И.Веселовский: "Шоқан Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарк етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халықтарының тағдыры туралы одан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті", – деп жазды. Шығысты зерттеуші әйгілі ғалым Е.И.Ковалевский Шоқанды "Асқан данышпан жас жігіт", "Тамаша ғалым", "Қазақ халқының ең жақсы досы әрі орыстың мемлекеттік мүддесін қадір тұтушы" деп атады. Г.И.Потанин: "Шоқан қазақ ішінен оқырман қауымын тапқан болса, ол өз халқының шын мәніндегі асқан данышпаны болар еді", – дейді. Орыстың географиялық қоғамы Шоқан өлімі туралы хабарында: "Нағыз, шын әділдігін айтқанда Уәлихановты үздік адам деп айтуға болады. Уәлиханов өз еліне шын берілгендігін, оны терең сүйетіндігін, қазақтың тұрмысын жақсы көрушілігін сақтай алумен қатар, Батыстың мәдениетін де жоғары бағалады", – деп жазды. Мұндай жылы лебіздердің қайсысы болмасын Шоқан еңбегінің әділ де жоғары бағасын алғандығының айғағы еді. Шоқан жайында: Г.И.Потанин, Н.М.Ядринцев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, И.И.Березин, И.И.Ибрагимов, т.б. естеліктер мен мақалалар жариялады. Шоқан Уәлихановтың демократтық, гуманистік ой-пікірлерінің толысуына Омбыға жер ауып келген орыс ойшылдары мен жазушылары көп әсер еткенін көреміз. Шоқан ұлылығын танытатын, оны биіктете түсетін нақты мәліметтердің бірі – өзі ерекше сүйіп бағалаған достарымен жазысқан хаттары. Осы хаттардың әрқайсысында Шоқанның азаматтық бейнесі ерекше

таныла түседі. Өз халқының адал перзенті екеніне көз жеткіземіз. Зерттеу еңбектерінің маңызы мен мәні ашыла түседі, бүкіл дүниежүзілік география ғылымына қосқан зор табыс, жаңалық ретінде бағаланады. Ш.Уәлихановтың хаттары. Шоқан Шыңғысұлы мен Федор Михайлович Достоевскийдің достығы екеуінің Омбыда, Семей мен Петербургте бірге болған кездерінде бір үзілмейді, кейінгі алты жыл ішінде (1856-1862) бұл достық хат арқылы нығая тускенін көреміз. Мәселен, Семейден кетіп бара жатып, Уәлиханов Достоевскийге былай деп жазады: ..Сізбен бірге Семейде өткізген азғана күн маған сондай тамаша әсер етті. Ендігі менің бір ойым сізбен тағы да бір кездесу. Мен адамның нәзік сезімдері мен ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін. Менің Сізге қандай берілгендігімді және сізді қандай жақсы көретінімді, әрине, өзіңіз де білесіз". Бұл хатқа Д.М.Достоевский өзінің шын жүрегінен шыққан жылы сөздермен былай деп жауап қайырды: "Мейірман достым! Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал мен сізге қысылмай-ақ тура айтайын. Мен сізге ғашық болып қалдым. Мен еш уақытта да, ешкімге де тіпті туған ініме де, тап сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін. Бұған талай дәлел келтіруге болар еді, бірақ сізді несіне мақтай берем. Ал енді сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз деймін. Достоевский өзінің хаттарында Шоқанға пайдалы кеңес беріп, рухын көтеріп, оның алдына аса зор игі міндеттер қойғанын көреміз. Енді бір хатында: Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз – сіздің материалдарыңыз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз. Оны Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Европаша білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді есіңізге толық алыңыз. Тек осы оқиғаның бір өзі ғана ғажайып нәрсе және оны ұғудың өзі сізге көп міндеттер жүктейді. Оның үстіне тағдыр Сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жаратқан. Артта қалуға болмайды, жоқ болмайды..., деп жазады. Мұндай жанашырлық жалынды сөздерінде Достоевский Шоқанға шын жүректен ақыл-кеңесін білдіріп, оны белсенді іс, батыл әрекетке рухандыра түседі. Ф.М.Достоевский Шоқан Уәлихановты ерекше қадірлей, бағалай білді. Одан алған заттарының бәрін ол ең қымбат естелік ретінде сақтайды. 1866 ж. Шоқан марқұм болғаннан кейін Достоевский өзінің әйелі А.Г.Достоевскаяға "мына үлкен ағаш сандықты көрдің бе? Бұл менің Сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы. Сондықтан

да ол маған қымбат. Сондықтан мен өз қолжазбаларымды, хаттарым мен аса қымбатты естеліктерімді осында сақтаймын" – деген сөздерінің өзі Шоқанға деген ыстық ықыласын анық байқатады. А.Н.Майковқа жазған хатында Шоқан: "Менің туысқандарым ұлттық та, таптық та ескіліктің шырмауында. Әсіресе, бір бет данққұмарлығы бірден көзге шалынады. Осыған қарап-ақ, олардың өздерін өздері жоғары бағалайтыны, ақыл-естіміз деп түсінетіні өз-өзімен түсінікті болар. Демек оларға айтылған ақыл-кеңес намысына тиіп, бұрынғыдан да көрі асқынта түсері түсінікті. Көппен жалғыз алысуға шама келмесін түсіндім, шындық қанша қасиетті болғанымен, адасқанның алды жөн бола береді екен, әсіресе, уақыт солай етіп тұрса амал жоқ, – деп ағынан жарылып, өзіндік пікір, көзқарасын білдіреді. Шоқан Уәлихановтың орыстың көрнекті жазушыларымен, ғалымдарымен т.б. жазысқан хаттары қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше маңызды. Оның хаттары мен күнделіктерінен публицистикалық дарыны айқын аңғарылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
3. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2
4. Жетісу энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл. — 712 бет + 48 бет түрлі түсті суретті жапсырма. ISBN 9965-17-134-3
5. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
6. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. – 384 бет. ISBN 9965-409-98-6

ШОҚАН УАЛИХАНОВ ГЕОГРАФ ЖӘНЕ САЯХАТШЫ

С.А. Айтакова, тарих магистрі

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

Андатпа. Дарынды ғалым, публицист, әдебиеттанушы, саяхатшы және географ Шоқан (шын есімі Мұхаммед-Ханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда дүниеге келген демократиялық, ағартушылық мәдениеттің алғашқы өкілдерінің бірі болды. Оның қысқа, бірақ жарқын өмірі, кең зерттеу қызметі, философия, этнография, тарих, экономика, құқықтану, география, ауызша әдебиет, әдебиет теориясы және т.б. оның ғылыми зерттеулері мен осы мәселе бойынша пікірлері кез-келген уақытта өзінің құндылығымен жарқырай беретіні сөзсіз. Қазақ халқының рухани ізденістерінің жарқын көрінісі бола отырып, ол қоғамдық сананың, идеялар мен идеялардың дамуына елеулі үлес қосты.

Кілт сөздер: республика, мәдениет, парламент, лагерь, ағартушылық, баспасөз.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде туған. Шын аты – Мұхаммедқанафия. Әжесі бала күнінде "Шоқаным" деп еркелетіп, Шоқан аталып кеткен. Шоқан Уәлихановтың ата-бабалары ежелгі сұлтандар әулетінен тарайды. Оның арғы атасы, Орта жүздің ханы Абылай Ресеймен сауда және саяси байланыста болған. Абылайдың үлкен ұлы Уәли де бұл байланысты жақсы қолдаған. Уәли – Шоқан Уәлихановтың туған атасы.

Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы Құсмұрын округінің аға сұлтаны болды. Омбыда Сібір казак әскери училищесін тәмамдап, орыс армиясында полковник шенін алып, қазақ даласын басқару аппаратында бірсыпыра жауапты қызмет атқарды. Сібір қырғыздары облыстық басқармасының кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болып істеді. Ресейге сіңірген еңбегі үшін оған өмірлік мұра ретінде дворян атағы берілді. Оқи отырыңыз: "XX ғасыр Гомері" деген бағаға ие болған Жамбыл Жабаев жайлы қызықты деректер. Ал анасы Зейнеп Уәлиханова – белгілі Баянауыл биі Шорман Күшіковтің қызы, Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шормановтың апасы. Зейнеп 7 ұл – Шоқан, Жақып, Мақы, Махмет, Ахмет, Қозыке, Қоқыш және 2 қыз – Ұрқия, Рахияны

дүниеге әкеледі. Шоқан Уәлихановтың шоқтығы биік ғалым болуына әкесі Шыңғыс, әжесі Айғаным ықпал еткен. Г.Н. Потанин жазған Уәлихановтар әулетінің шежіресінде Уәли ханның екі қыстауы болғаны айтылады. Бірі – Көкшетаудың шығысындағы Хан көлінде, екіншісі – Сырымбетте болған. Уәли хан мен оның ұрпақтарына мұра ретінде қалған бас орда Бурабайда болды. Сырымбет деген жер Уәлидің кіші әйелі Айғанымнан туған балалардың иелігіне тиеді. Шоқанның әкесі Шыңғыс осы Айғанымнан туған. Айғаным ақылды, көреген, бірнеше шығыс тілін меңгерген, орыс мәдениетімен таныс, жергілікті халық ортасында беделі жоғары адам болады.

Шоқанның балалық шағы осы Сырымбет тауының баурайында өткен. Шоқан Уәлиханов Обаған бойындағы Күнтимес ордасында әкесі ашқан ауыл мектебінде мұсылманша хат таниды. Бала Шоқан білімге құмар болған, тарихи аңыз-әңгімелерге қызыққан. Жастайынан данагөй билердің әңгімелерін, ақын-жыраулардың өлең-жырларын тыңдап өскен. Омбыдағы Кадет корпусы 1847-1853 жылдары Шоқан Уәлиханов Омбыдағы Кадет корпусында оқыды. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ұштауда бұл оқу орнының мәні ерекше. Онда әскери сабақтарға қоса жалпы және Ресей жағрафиясы мен тарихы, батыс, орыс әдебиеттері, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері жүрген. Корпустың оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған. Кадет корпусына алғаш түскенде Шоқан орыс тілін білмепті. Бірақ өзінің зеректігімен тілді тез үйреніп алған. Өзі қатарлас оқушылардан анағұрлым озық оқыған. Шоқан Уәлихановтың корпуста бірге оқыған досы және кейін үлкен этнограф-ғалым болған Г.Н.Потанин: "Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді... Оған талайлар назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін", – дейді. Оқудың соңғы жылдарында Шоқан саналы, терең ойлы, жан-жақты білімді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, туған халқының мұң-мұқтажын пайымдап, түсіне алатын, оған барынша пайдалы қызмет етуге әзір екенін танытты. Орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерімен танысып, ғылыми пайымдау, тұжырымдар жасай білді. Оның зерттеушілік қабілеті де осы корпуста оқып жүргенде оянған. Жазғы демалыс кездерінде ол ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді, халық жырлары мен дастандарын

жазып алумен шұғылданған. Мысалы, Шоқан Уәлихановтың алғашқы жазып алған шығармаларының ішінде "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" жыры болған. Оқи отырыңыз: "Өзімнен жерідім де, жаза бастағанымды тастап кеттім": Тахауи Ахтанов туралы не білеміз

1852 жылы орыс тілі мен әдебиеті тарихының оқытушысы Костылецкийдің көмегімен Шоқан Уәлиханов көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.Н.Березинмен танысады. Березин Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" жырын алған, ал өз тарапынан Шоқанды ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан. Шоқан сабақтан тыс уақытта сол кезеңдегі саяхатшылардың өмірі мен ісі туралы жазылған еңбектерді көп оқып, зерттейді. Мұның өзі оған қатты әсер қалдырады. Ол саяхатшы болуды, соның ішінде Орта Азияны аралап, зерттеуді мақсат етеді.

"Еуропаға ашқан терезе"

Кадет корпусындағы жора-жолдастары Шоқанды үлгі тұтады және Шоқан олардың Еуропа мәдениетіне бет бұруына себепші болған. "Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді, біз оған қарағанда бала тәрізді едік. Өзінің бізден артық білетінін, не біздерден білім жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жолдастардың арасында болатын жай әңгімелердің өзінде-ақ оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз "Еуропаға ашқан терезе" сықылды болды", – деп жазған еді Потанин. Шоқан Уәлиханов кадет корпусын 1853 жылы 18 жасында бітіреді. Содан кейін Омбыда әскери қызметке қалдырылады. Бір жылдан соң Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын басқаратын генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Осы қызметті атқара жүріп, Орта Азия мен халқының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласады.

Шоқан Уәлихановтың саяхаттары

1855 жылы Шоқан Уәлиханов генерал Гасфортпен бірге ұзақ саяхатқа шығып, Аягөз, Тарбағатай, Қапал тауларын аралады. Алматы, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетауға соғып, Омбыға оралады. Осы сапарында көп нәрсені зерттеп, дәптерге түсіріп, Жетісу өлкесіндегі саяси-шаруашылық туралы бірталай деректерге

канығады. Осыдан кейін ол "Тәңір (күдай)", "Қазақтардағы шамандықтың қалдығы" еңбектерін жазады. 1856 жылы қырғыз халқының тұрмысын, Ыстықкөл маңын зерттейтін экспедицияға қатысады. Ыстықкөл жағасын, Күнгеі Алатау, Сарыжаз, Алматы, Қапал тауларын кезіп, осы маңды қоныстаған халықтардың әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, әдеби мұраларын зерттеп, бай мағлұмат жинайды. Экспедиция мақсаты – Ыстықкөл көлінің бассейніне топографиялық түсірілім жасау, қырғыз халқымен танысу. "Біз экспедицияға қатысу құрметіне ие болдық және осы тас дәуіріндегідей қырғыздар арасында екі ай тұрып, олардың аңыздары мен тілдерін зерттей отырып, түрлі оң мәліметтер жинай алдық", – деп жазды Шоқан Уәлиханов.

Шоқан Уәлихановқа Жетісу мен Тянь-Шаньда кездескен ерте заманғы мәдениеттің өте сирек ескерткіштері үлкен әсер етті. Оны, әсіресе Ыстықкөлдегі ертедегі қала мәдениеті, суландыру жүйелерінің қалдықтары, сәулет өнерінің ескерткіштері, балбал тастар қатты қызықтырды. Құлжаға сапары. Шоқан ру аралық қырғыз қақтығыстарын реттегенше, коллекция жинағанша Петербургте Ресей мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынастар мәселесін шешуде оның білімін пайдалану туралы мәселе шешілді. Шоқан Уәлиханов Құлжа қаласына дереу аттану нұсқауымен орыс дипломатиялық миссиясының құрамына алынды. Миссия мақсаты – қытай өкіметімен келіссөз жүргізу арқылы Қытаймен сауда қатынасын қалпына келтіруге қол жеткізу. Құлжа қаласына сапар "Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы" еңбегінде көрсетілген. Қытай шенеуніктерімен келіссөз жүргізіп, делегация достық қатынас орната алды. Құлжа мен Чугунчакта елшілік ашылды.

"Кешкі сағат жетіде Қайта өзгерту қарсаңында, біз яғни бесінші тамызда біз Құлжаға қарай жол тарттық. Бірінші Борохуджира қарауылынан бастап Құлжаға дейін қайырсыз, шөлді, құмды жер болды. Мына бізге, орыстарға, осындай шөл далада тұру ойымызға да келмес еді, мұндай жерде қоныс аударушылардың біреуінен де айырылмай қалай тұруды білмес те едік", – деп жазды Шоқан Уәлиханов 1856 жылы Сапар күнделігінде. Тапсырманы орындап, экспедицияда үш ай болып, Шоқан Уәлиханов өз білімін кеңейтті, досы Потанинмен бірге мұрағатқа бас қойды.

"Манас" дастаны. Шоқан Уәлиханов 1856 жылы аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.С. Семенов-Тян-Шанскиймен танысты. Ол жас қазақ ғалымның қабілетіне шын ниетімен сүйсіне қайран қалды. 1857 жылы Семенов-Тян-Шанскийдің ұсынысымен Шоқан Уәлиханов Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданды. Шығыс Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған сапары Шоқанның ғалым ретіндегі даңқын арттырды.

1857 жылы Шоқан Уәлиханов Алатау қырғыздарына сапар шегіп, оның тарихын, этнографиясын және халықтық поэзиясын зерттеді. Қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны "Манасты" жазып алды. "Манас", – дейді Шоқан, – қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам – Манастың төңірегіне топталған энциклопедия. Бұл жағынан, ол даланың "Илиадасы" тәрізді. Бұл аса зор эпопеяда қырғыз халқының өмірі, әдет-ғұрпы, жағрафиясы, діни дәрігерлік ұғымдары, шетелдермен қарым-қатынасы түгел қамтылған". "Манас" жырын бірінші рет баспаға ұсынып, орыс ғалымдарына таныстырған да Шоқан. Шоқан Уәлиханов тарихи маңызы бар шығармаларға көп көңіл бөлді. Жазуы жоқ елдердің өткен тарихы мен салтын тану үшін ұзақ желіге құрылған, күрделі эпостардың үлкен мәні барын түсінді.

Қашқарияға сапары. 1858-1859 жылдары Шоқан Уәлихановтың Қашқарға сапары оның ғалым, ағартушы ретіндегі еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Даңқты саяхатшы Марко Поло мен Гоестен кейін (XVI ғасыр) ол жерді ешбір ғалым зерттемеген еді. Бұл жерлер Еуропа үшін жұмбақ еді. Баруға ниет қылған Батыс Еуропа ғалымдарының көпшілігі бақытсыздыққа ұшырады. Мәселен, Шоқаннан бір жыл ғана бұрын Қашқарияға барған атақты географ Адольф Шлагинтвейт Қашқария әкімі Уәлихан төренің қолынан қаза тапқан. Міне, осындай қауіпті сапарға 1858 жылғы 28 маусымда Шоқан Уәлиханов шықты. Ол үлкен жолға Семей көпесінің керуенімен бірге шыққан. Уәлиханов бұл сапарына басын тақырлап, үстіне шапан киіп, Әлімбай көпес деген лақап атпен шыққан. Бұл сапарында Шоқан күнделік жүргізіп отырған. Бұған ол өзінің жолшыбай көрген-білгенін, атап айтқанда, Орталық Тянь-Шаньның, Ыстықкөл бассейнінің, Нарын, Арпа, Атбас, Шатыркөл және Тарим өзенінің географиялық жағдайын, табиғат байлығын, ауа райын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін жазады. Шоқанның

бұл күнделік дәптері Ресей Ғылым академиясының архивінде осы күнге дейін сақтаулы. Оқи отырыңыз: Мүсіреповпен құда болған: әйгілі жазушы Сәбит Мұқанов туралы қызықты деректер. Саудагер ретінде Қашқарияға құпия барған Шоқан өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материал жинайды. 1859 жылдың 12 сәуірінде Уәлиханов Верныйға қайтып оралады. Экспедиция қорытындысы бойынша ол "Алты шаһар немесе Қытайдың Нан Лун провинциясындағы (кіші Бұқара) алты шығыс қаласының жағдайы туралы" (1858-1859) есеп әзірлеп, жазып шығады. Оның бұл еңбегін Ресей мен басқа елдердің шығыстанушылары жоғары бағалап, көп ұзамай ағылшын тілінде де аударылып басылады. Шоқан Уәлихановтың Қашқарға барған сәтті экспедициясынан кейін оның аты Омбыға ғана емес, Петербургте де шықты. Көп ұзамай ол жақта оны есеппен іссапарға дереу жіберу талап етілді. Оған сыртқы істер министрлігінде, бас штабта назар аударыла бастады.

Петербург кезеңі

1859 жылдың аяғында Шоқан Уәлиханов Петербургке барып, онда 1861 жылдың көктеміне дейін болды. Бұл жылдар Шоқан өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметінің аса елеулі кезеңі. Шоқан Уәлиханов Қазақстан мен Орта Азияның, Шығыс Түркістанның карталарын жасаумен айналысты. Шығыс елдерінің қолжазбаларын мұқият зерттеді. Оны Орыс географиялық қоғамы Шығыс тарихы туралы дәріс оқуға шақырып тұрды. Петербургте Шоқан Уәлиханов орыс халқының белгілі ғалымдары, ақын-жазушылары және қоғам қайраткерлерімен танысып, достық байланыс орнатады. П.П.Семенов-Тянь-Шаньский, Г.Н.Потанин, Ф.М.Достоевский, С.Ф. Дуровтармен ол Сібірде жүрген кезінің өзінде-ақ достасады. Ал Петербургтегі таныстарының ішінде орыстың атақты ғалымы Д.И.Менделеев, ғалымдар В.В. Вельяминов-Зернов, А.Н.Бекетов, ақындар: ағайынды Курочкиндер, А.Н. Майков, П.Я.Полонский, Шығыс зерттеу ғылымының мамандары П.И.Лерх, И. Н.Березин, В.П.Васильев тағы басқалары болады. Алайда Петербургтың ылғалды ауа райы оның денсаулығына жақпады. Денсаулығының нашарлауына байланысты Отанына оралуға мәжбүр болды. Ол Омбыға барып, даладағы жергілікті басқару ісін қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларға қатысты. Оның негізгі ойлары "Қырдағы мұсылманшылық туралы", "Қырғыз-

дардың көші-қоны туралы", "Сот реформасы туралы жазбаларда" баяндалады. 1864 жылы Шоқан Уәлиханов генерал Черняевтың Оңтүстік Қазақстанға жасаған әскери экспедициясына қатысады. Бірақ әскери қызметі ұзаққа созылмады, генералдың жергілікті халыққа шектен тыс қатыгездік жасауы салдарынан әскер қатарынан өз еркімен кетті. Содан Верный қаласына келіп, одан әрі Тезек төренің ауылына барып (бұрынғы Талдықорған облысы, Шоқан атындағы шаруашылық) тоқтайды. Сонда үйленіп, тұрып қалады. Жұбайының есімі – Айсара, балалары болмаған.

Өмірінің соңғы күндері. Ауылда жүргенде Шоканның ескі өкпе ауруы қайта қозып, 1865 жылы 10 сәуірде Тезек төренің ауылында қайтыс болады. Оның сүйегі Алтынемес тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады. Өмірден өтер алдында ол әкесіне соңғы хатын жолдаған: "Маған менің қымбат туыстарыммен және достарыммен енді кездесу бұйырмапты...Сау болыңыздар, барлығыңызды құшақтадым. Жетісуға келіңіздер, өздеріңізбен бірге менің байғұс Айсарамды алып қайтыңыздар, оны ілтипат пен қамқорлыққа бөлеңіздер". Шоканның ақырғы тілегін орындау үшін 1865 жылдың жазында Көкшетаудан Алтынемелге керуен жіберілген. Шоқан Уәлихановтың жесірі Айсара оның ағасы Жақыптың әйелі болды, өсиетіне қарай оны Сырымбетке алып кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С. 11
2. Гейнс А.К. Путешествие по киргизским степям // Чокан Валиханов в воспоминаниях современников. – Алма-Ата, 1964. – С.136
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С.19
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С. 91
5. Ч.Ч.Валиханов, режим доступа <https://infosphere.top/вики/Ч.Валиханов/>
6. Выписка из отчета о путешествии в Кашгар поручика Ч.Валиханова // Собрание сочинений в пяти томах. – Т. III. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С. 219–222.

7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. –Т.5. – АлмаАта: КСЭ, 1985. – С. 241-242
8. Ивлев М.Н. «Путешествия степного царевича» // ЦентрАзия. Режим доступа: <https://centrasia.org/newsA.php?s t=1292241120>
9. Письма Ч. Валиханова // Собрание сочинений в пяти томах. –Т.5. – С.151-152.
10. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т.І. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С.79
11. Валиханов Ч. Ч. Соб. соч.в пяти томах. Алма-Ата, 1985, т. 5. стр. 276–279.
12. Иминов И. Валиханов: миссия в Кашгаре. 155 лет знаменитой научной экспедиции // Журнал «Мәдени мұра», №4. 2019. – С.186-189.
13. Масанов Э., Выдающийся ученый казахского народа Ч.Валиханов // Вопросы общей этнографии и антропологии. – С. 62.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Ш.Ж. Ақман, тарих мұғалімі

Астана қаласы әкімдігінің «№29 орта мектеп», Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Шоқан Уәлихановтың еңбектерінің тарихи құндылығы қарастырылады. Оның қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, сонымен қатар этнография мен әдебиет саласындағы зерттеулері талданады. Шоқан Уәлихановтың шығармалары, әсіресе оның «Қырғыздардың тарихи жырлары», «Қазақтың халықтық поэзиясы», «Түркістандағы саяхат» сияқты еңбектері қазақ халқының рухани мұраларын зерттеуге елеулі үлес қосқан. Мақалада ғалымның тарихи зерттеулерінің маңызы мен қазақ мәдениетін әлемдік мәдениетпен байланыстырудағы орны туралы сөз болады.

Кілт сөздер: мәдениет, тарихшы, саяхатшы, Потанин.

Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының тарихында өз елінің болашағын дұрыс болжап, сеніммен алға қараған, тұңғыш демократы болды. Ол тек өз халқының ғана емес, Орта Азия және Шығыс халықтарының да тарихын, мәдениетін, әдебиетін зерттеді. Өзі билеуші таптың қатарынан шыққанымен, Шоқан қалың бұқараның аяусыз қаналып отырғандығын көре білді, халықтың ой-тілегін, арман-мүддесін қорғады, қазақ даласындағы басқарушы-

лық тәртіптің өзгеруін қалады. Мұның барлығы Шоқанның демократтығын сипаттай түседі.

Туған халқына деген теңдессіз махаббат Шоқанды қазақ халқы тарихының ғылыми негізін қалауға ұмсындырды. Оның өз халқын шексіз сүйгендігі даусыз... Ол әрқашан алдымен өзінің қазақ халқын, одан кейін Сібірді, одан ары Ресейді, тіпті бүкіл адамзатты жақсы көрген. Оның этнографиялық жазбалары, тарихи зерттеулері күні осы уақытқа дейін құндылығын жойған емес.

1856-1858 жылдары Уәлиханов үшін аса бір жемісті жылдар болды. Жетісу өлкесіне келіп, көне Алматы, Қойлы, Алмалық шаһарларын зерттейді. Көне ақшалар нұсқасын жинайды. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектерінің ішінде Жетісу, Ыстықкөл, Тянь-Шань, Шығыс Түркістанға арналған тарихи-географиялық шолуларының маңызы ерекше.

Терең білімді, ғылымға берілген Шоқан өз қызметін халық тағдырымен байланыстыра қараған. Сондықтан ол тек ғалым ғана емес, қоғам қайраткері де болды.

Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны. Шоқан Уәлиханов (1835–1865) – қазақтың ұлы ғалымы, қоғам қайраткері, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, әрі жазушы. Оның ғылыми мұрасы қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, моңғол және орыс халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арналған зерттеулермен ерекше маңызды. Уәлихановтың еңбектері қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, әлеуметтік құрылымдарына қатысты маңызды деректер ұсынған, сонымен қатар XIX ғасырдағы қазақ қоғамының даму жолын көрсеткен құнды ғылыми еңбектер болып табылады. III. Уәлихановтың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы аз жазылған жоқ. Сырттай қарағанда бәрі де зерттелген сияқты. Әйтсе де, ғалымның төл әдебиеттануға тікелей байланысты еңбектерінің әлі де ашылмаған қырлары жеткілікті. Тап мүддесі дейтінді желеу еткен отаршылдық пиғыл Шоқан шығармаларынан да кемшіндік табуды талап еткен кездер болды. Кеңестік шектеу саясаты ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына, сондай-ақ, шоқантануға да зиянын тигізді. Қазан төңкерісіне дейін жарияланған қазақ басылымдарындағы Шоқан жайлы материалдар кеңестік дәуірде пайдаланылмады, сынға ұшырады. Алаш арыстарының ол туралы жазғандары ескерусіз қалды. Ғалым жоғары бағалаған «Едіге» жырын сөз етуге тыйым салынды. Оның шығармаларының ана тілімізде толық

жарық көрмей, түрлі сылтаулармен бүркемеленіп келуі де талай құпия қатпарлардан сыр аңғартса керек. Бүгінде көне жазбалар, пайдалануға тыйым салынған тарихи әдебиеттер жарық көре бастады. Оларды Ш.Уәлихановтың әдеби мұрасын талдау барысында кеңінен пайдалануға, сөйтіп, оқымыстының ғылыми еңбектерін тиянақты зерттеуге мүмкіндік туды.

Қазақ этнографиясы жөніндегі Шоқан екеуінің жас шағындағы еңбектерін еске ала отырып, Г.Н.Потанин: – «Сол кезден бастап біз дос болдық та, содан былай ойлаған ойымыз, көздеген мақсатымыз бөлек боп көрген емес, екеуіміздің де ықыласымыз түсіп, көңіл аударғанымыз бір мәселе болды – ол қырғыз сахарасы мен Орта Азия еді», – деп жазды. Өзінің туған елі мен Шығыс елдерін зерттеу, тіпті кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ Шоканның ойында болды. Ол «зерттелмеген Азияда» үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді арман етеді. Семенов екеуінің әңгімелері Шоқанға ұмытылмастай әсер етіп, жас ғалымды қанаттандыра түседі, ойында жүрген зерттеу жұмыстарын жүзеге асыра алатындығына сенімін күшейтеді. «Мен Шоканның таяуда ғана келген саяхатшыны еске алып, қуанып отырған үстіне тап келдім», – деп жазады Г.Н.Потанин. Жетісу мен Тянь-Шаньда саяхатта жүріп, П.П.Семенов қазақ және қырғыз халықтарының тұрмысы мен этнографиясы жөніндегі сарқылмас білім бұлағы болған Шоқан Уәлихановпен достық және ғылыми байланысын бір де бір үзбеген. 1856-1857 жылдары ол Шоқан Уәлихановпен Жетісуда жиі кездесіп, өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын сонымен бірге жүргізеді. 1856 жылдың күзінде екеуі Құлжаға барып қайтады. 1857 жылғы сапары, шынында, Уәлихановтың Қашқар экспедициясы алдындағы сын қадамы болып табылады. Бұл сапарында Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының өмірімен, тұрмысымен бұрынғыдан да жақсы танысып, оның тарихы мен этнографиясын, халықтық поэзиясын терең зерттейді. Қажымас қажырлы еңбегінің нәтижесінде ол қырғыз халқы туралы өте бай тарихи этнографиялық материал жинайды. Бұл сапарында жас Шоканның әсіресе, қырғыз халқының «Манас» атты атақты поэмасына алғашқы рет көңіл бөліп, бірінші рет оны ғылыми жолмен жазып алуының және ішінара орыс тіліне аударуының ерекше үлкен маңызы болды. Бұл поэмаға ол тұңғыш рет тарихи және әдеби тұрғыдан талдау

жасап, оның аты аңызға айналған батыр – Манас образына және басқа кейіпкерлеріне талдау береді.

Шоқан Уәлихановтың тарихи зерттеулерінің негізі. Жас Шоқанның географиялық және тарихи зерттеулері П.П.Семенов-Тяньшанский арқылы Петербург ғалымдарына белгілі болады. 1857 жылы ақпан айының 27 күні Шоқан Уәлихановты Орыстың географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылдайды. Жас ғалым туралы П.П.Семенов-Тяньшанский мен В.И.Ламанский ауызша мінездеме береді. Олар Уәлихановты сол кезге дейін төксерілмей тың жатқан Орта Азия мен Қазақстанды зерттеуде, әсіресе көп пайдасы тиетін талантты зерттеуші ретінде ұсынады. П.П.Семеновтың қысқа әрі тұжырымды сипаттамасында былай делінген: «...Шоқан Уәлиханов Ыстықкөлдің Шығы жағалауына саяхат жасап, қырғыз даласы жөнінде аса бай географиялық, этнографиялық және тарихи материалдар жинады және оларды тап қазір хабарла десе де әзір». Шоқан Уәлихановтың Орыстың географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайлануы, оның өте маңызды ғылыми еңбектерін жоғары бағалағандығы болып табылады.

Шоқан Уәлихановтың еңбектерінің тарихи құндылығы өте жоғары. Оның шығармашылығы қазақ халқының тарихы, этнографиясы, мәдениеті, философиясы мен дінтануы туралы құнды ақпараттар береді. Оның еңбектері көбінесе сол замандағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, дәстүрлері мен салттары, көшпелі өмір салты және басқа да маңызды аспектілерді зерттеуге арналған.

1. «Қырғыздардың немесе қырғыз-қайсақтардың тарихи жырлары»: Бұл еңбекте Шоқан қазақ халқының бай ауыз әдебиетіне қатысты ғылыми зерттеу жүргізіп, халықтың рухани дүниесі мен әдеби мұраларын жинақтап, оның тарихи мәнін ашуға тырысқан. Ол қырғыздардың эпостық шығармаларында ұлттың тарихын, тұрмысын, қоғам құрылымын көрсететін мәліметтерді сипаттаған.

2. «Қазақтың халықтық поэзиясы мен әдебиеті»: Уәлиханов осы еңбегінде қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеп, оның ішінде эпикалық шығармалардың тарихы мен мазмұнын терең талдайды. Ол қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиғалар мен тұлғаларды жырлап, әдебиеттің тарихи құндылығын көрсетеді.

3. «Түркістандағы саяхат»: Шоқанның бұл еңбегі оның Орталық Азияға жасаған саяхатынан кейін жазылған. Мұнда ол Түркістан мен Қашғарияның тарихи, әлеуметтік, мәдени жағдайларын

зерттейді. Бұл еңбек Шоқанның шығыстанушы ғалым ретіндегі орны мен маңызын арттырады, өйткені ол алғаш рет Қашғарияның ішкі өміріне қатысты терең талдаулар жасады.

4. «Қытай империясындағы өмір мен мәдениет»: Шоқан Уәлиханов Қытай мәдениеті мен қоғамын зерттеп, оның ерекшеліктері мен даму кезеңдерін анықтаған. Оның осы тақырыпта жазған еңбектері тек қазақстандық тарихшыларға ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдік тарихшыларға маңызды деректер береді.

Шоқан Уәлихановтың еңбектері қазақ халқының ұлттық тарихын зерттеу үшін маңызды дереккөз болып табылады. Оның зерттеулері қазақ халқының рухани мәдениетінің, әлеуметтік құрылымының, дінінің және философиясының қалыптасу тарихын түсінуге мүмкіндік береді. Шоқан қазақ халқының көшпелі тұрмысын, қоғамның дәстүрлі құрылымын сипаттап, оларға тән ерекшеліктерді зерттеген. Сонымен қатар, ол өз зерттеулерінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің өзге халықтармен байланысын да атап өткен.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасының тарихи құндылығы. Оның ғұмырының соңғы жылы Тезек сұлтанның ауылында өтті. Ол мұнда да Ұлы жүз қазақтарының өмірінен тарихи-этнографиялық материалдар жинаумен шұғылданды. Аса көрнекті қазақ ғалымы әрі ағартушысы Шоқан Уәлиханов 1865 жылы 10 сәуірде ұзаққа созылған аурудан қайтыс болды. Оның қабірінің басына ескерткіш пен құлпытас орнатылды. Ескерткішті саяси жер аударылып келген поляк революционері Лепольд Ластовский жергілікті мәрмәр тастан қашап жасады. Шығыстанушы ғалым И.Н. Веселовский: «Шоқан Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды», – деп жазды. Шоқан Уәлиханов Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге орасан зор үлес қосты. Аса көрнекті қазақ ғалымы өте ауқымды ғылыми-шығармашылық мұра қалдырды. Оның «Абылай», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл күнделіктері», «Үлкен орда қырғыз-қайсақтары туралы», т.б. еңбектері өте құнды саналады. Шоқанның қазақтардың, сондай-ақ Орта Азия халықтарының өмірінен салған 150-ден астам суреттері сақталған. Ол қазақтардың алғашқы кәсіби суретшілерінің бірі.

Қазақ халқының тәуелсіздіктен айрылып, Ресейге бағынышты, кіріштар күн кешкен заманында қоғам көкжиегінде жарқырап

шыққан қайраткерлердің қалдырған мұрасы өзінің тақырып кеңдігі, талдау тереңдігі, ойларының биіктігі жағынан 19 ғасырдағы әлемдік озық ескерткіштер қатарына қосылады.

Қазақ елінің Ресейге қосылу процесі XVIII ғасырдың 30-жылдарында басталып, жүз жылдан астам уақытқа созылды. Ф.Энтельс: XIX ғасырдың 30-жылдарына дейін «Ресей үш орданы, яғни қырғыз тайпаларын тек билеп отыр деген атағына ие болып келді» – деп жазды. Патша өкіметінің реакцияшыл отаршылдық саясатына қарамастан Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуының үлкен прогрестік мәні бар еді. Алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті мен ғылымы қазақтың демократиялық мідениетінің дамуына игі ықпалын тигізді. Орыстың прогресшіл ақыл-ойының Қазақстанда өріс алуы қазақтың халық бұқараларының сана-сезіміне терең өзгерістер енгізіп, оларды орыс мәдениетіне ынталандырып, білім алуға құлшындырды. Хан билігі жойылып, жаңа әкімшілік тәртіп орнатылғаннан кейін бұл құштарлық әсіресе арта түсті. 1822 жылы Қазақстанның сотүстік-шығыс аудандарында тұңғыш рет «Сібір қазақтары жөнінде Устав» енгізілді. Бұл заңның авторы М.М.Сперанский Уставты дайындай отырып, қазақтардың тұрмыс-жағдайларына лайықтап өз алдына бөлек ережелер жасап шығарды. Шоқан Уәлихановтың қоғамдық-тарихи майданда көріне бастаған дәуірі қазақ халқының тарихындағы маңызды кезең, қазақ халқының ұлы орыс халқымен және оның алдыңғы қатарлы демократияшыл мәдениетімен жақындасу дәуірі еді. Бұл жақындасу қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің дамуына даңғыл жол ашты. Шоқан Уәлиханов сияқты жан-жақты және терең білімді, алдыңғы қатарлы адамның тарихи майданға шығуы тек осы екі халықтың арасындағы экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың нәтижесінде ғана мүмкін еді. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың ата-бабалары ескі сұлтандар әулетінен шыққан. Оның арғы атасы, Орта жүздің ханы Абылай Ресеймен сауда және саяси байланыс жасап отырған. Абылайдың үлкен баласы Орта жүздің ең соңғы ханы Уәли бұл байланысты одан әрі дамыта түскен. Шоқан осы туған атасы Уәлидің есімін алып, өзін Уәлиханов деп атайды. Әскери училищені бітіргеннен кейін Шыңғыс 23 жасында жуырда ғана құрылған Аманқарағай округіне аға сұлтан болып тағайындалады да, оған майор шені, кейіннен полковник шені беріледі. Әскери училищені бітірген жылы

Шыңғыс Аманқарағайға көшіп келгеннен кейін жастайынан атасын қойған өзінің қалыңдығы Зейнеп Шорман қызына үйленеді.

«Бір кезде менің-деді Шоқан Ф. Достоевскийге жазған хатында, өз отандастарыма көмектесейін деп сұлтан болсам ба деген ниетім де болған. Сондағы көбінесе ойлағаным-білімді де білікті, оқыған ел билеуші сұлтанның қандай пайдалы болатындығын жерлестеріме өз ісіммен үлгі етіп көрсету еді»

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұралары – тарих, география, этнография саласындағы еңбектері Азия халықтарының өмірін зерттеуге аса құнды дүниелер болып есептеледі. «Шоқан терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманындағы ғылымда бірқатар мәселелерді жаңаша көтере білген кемелді ірі ғалым» – еді деп Әлкей Марғұлан баға берген.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері тарих саласын зерттеуде ғылыми құнды еңбектер болып табылатыны сөзсіз, оның мұрасы – тотықпайтын, тозбайтын тарихтың қымбаты, асылы.

Шоқан Уәлихановтың еңбектері тек ғылыми тұрғыдан ғана емес, тарихи және мәдени тұрғыдан да үлкен маңызға ие. Оның еңбектері қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек танып білуге жол ашты. Оның шығармалары қазақ халқының мәдени мұраларын сақтап, оларды әлемдік мәдениетпен байланыстыруға ықпал етті. Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Ш. Уәлиханов небары 30 жылға жетпейтін уақыт өмір сүрді. Бірақ осы қысқа өмірінің өзінде саяхатшы ғалым артына мол ғылыми мұра қалдырды. Шоқанның өшпес мұрасы бүгінгі Отандық тарих пен басқа қоғамдық ғылымдар саласын терең зерттеу мен насихаттау ісінде орны бөлек.

Бүкіл саналы ғұмырында: «... өз халқы Еуропа мәдениетіне ұштастыра отырып, оның ұлттық қасиетін сақтап қалуды арман еткен» ғалым Шоқанның шығыстанушы, оның ішінде өнер тарихшысы, өнер зерттеушісі ретінде көрінуінде кездейсоқтық жоқ. Өз заманында жарқырап шыққан ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұралары – тарих, география, этнография, бейнелеу өнері, әдебиет, фольклор, нумизматика және орхеология саласындағы еңбектері Азия халықтарының өмірін зерттеуге аса құнды дүниелер болып есептеледі. «Шоқан терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманындағы ғылымда бірқатар мәселелерді

жаңаша көтере білген кемелді ірі ғалым» – еді деп Әлкей Марғұлан баға берген. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері тарих саласын зерттеуде ғылыми құнды еңбектер болып табылатыны сөзсіз, оның мұрасы – тотықпайтын, тозбайтын тарихтың қымбаты, асылы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш.Ш. «Таңдамалы 2-басылым». – Алматы: «Жазушы», 1985, 560 б.

2. Басин В.Я., Көмеков Б.Е., Жұмағұлов Б.Т. «Көп томдық шығармалар жинағы», 1,2-том. – Алматы: «Толағай групп», 2010, 376 б.

3. «Қазақ мәдениеті». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна”, 2005.

Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. «Тарихи тұлғалар». Танымдық – көпшілік басылым. – Алматы: “Алматы кітап баспасы”, 2009.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРАСЫ МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПАРАДИГМАЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Саулеш Баймухан, тарих пәні мұғалімі

Астана қаласы әкімдігінің «С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп-гимназиясы» ШЖК, Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ш. Уәлихановтың ағартушылық идеяларының бүгінгі білім беру парадигмаларымен үйлесімді байланысы мен қазіргі білім-ағарту саласы үшін өміршеңдігі айтылады.

Кілт сөздер: білім беру парадигмалары, ағартушылық көзқарас, жеке тұлғаға бағытталу, мәдениеттілік, когнитивтік, функционалдық.

Қазақ жерінде ағартушылық идеяның алғаш негізін салушылардың бірі және бірегейі – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов тектілігі ісі мен болмысынан танылып тұратын еуропалық біліммен сусындаған, ғылымның бар саласынан білімді, ақылды-парасатты, эналитикалық ойлай білетін, ерекше дарынды, талант иесі болған қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы еді. Академик Әлкей Марғұлан ежелгі дәстүр бойынша, сұлтанның балалары

«жеті жұрттың тілін біл» деген қағида негізінде бірнеше шығыс тілін үйренуге тиіс болғанын жазады, осы негізде Шоқан 12 жасына дейін ауылдық бастауыш мектепте оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерінің негізін үйреніп алды, ал кейінірек ұйғыр жазуын үйренеді. Тумысынан зерек, озық ойлы, дарынды жас Шоқанға тәрбие беруде әжесі Айғаным білім мен халық даналығының сарқылмас көзі болды. Ол ежелгі қазақ аңыздарын, аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдері мен даналық сөздерін жиі айтып, бағыт беріп мықты тәрбиелік ықпал етті, сонымен қатар оның өскен ортасы да жақсылар мен жайсаңдардың, ел ағаларының бас қосулары, әңгімелері мен ақындардың өлең-жырларын, тәрбиелік игілікті істерді көріп өсуі де болды. Сібір кадет корпусында оқып жүрген жылдар аралығында ол тек әскери салада ғана емес, ғылымның басқа салалары бойынша да терең білім алып, өзінің таным көкжиегін арттырып, кеңейтеді. Шоқанның ағартушылық идеялары мен демократиялық көзқарастары осы кадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ қалыптасып, оны бітірген кезде, замандастарынан өресі анағұрлым биік адам болып шықты. Аз ғана өмір жолында ол өзін тарихшы, этнограф, саяхаттшы, географ, әдебиетші, суретші, публицист, психолог, тәлімгер ретінде көрсете білді. Белгілі ғалым және саяхатшы П.П.Семенов-Тянь-Шанский Уалихановты «ұлттық аймақтардың ішінде ең оқыған, білімді адамдардың бірі еді» деп бағаласа, академик Н.И.Веселовский: «...Шоқан Уалиханов шығыстану әлемінің үстінен құйрықты жұлдыздай жарқ ете қалды. Орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдарының бәрі де ерекше бір құбылыс деп танып, одан түрік халықтарының тағдыры туралы ұлы және маңызды жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті» деп жазады, бұл Шоқанға берілген жоғары баға деп түсінуге болады. Тумысынан зерек, өнегелі тәлім-тәрбие алған Шоқанның әр еңбегі нақтылығымен, дәлдігімен, адалдығымен, көркемдігімен, жаңашылдығымен сол заманның өзінде әйгілі ғалымдардың, оқымыстылардың, мемлекеттік тұлғалардың назарына ілігіп, аса жоғары бағаланғаны белгілі [1]. Ғылымның барлық саларындағы таным биігі ерен болды. Соның бірі Шоқанның ағартушылық бағытына тоқталып өтсек.

Шоқан дүниетанымы мен шығармашылығы, тарих пен заман мәселелерін түсінуі мен талдауы, мәдени мұраны меңгеру, дамыту,

оны елдің рухани қажетіне жарату әрекетінде бүгінгі білім беру парадигмаларымен үндестік байқалады. Қазіргі педагогикада білім берудің төрт жетекші парадигмасы бар: когнитивті, тұлғаға бағытталған, функционалдық, мәдени. Когнитивті парадигмаға сәйкес білім тек ойлауға негізделген таныммен байланысты. Оқыту тиімділігінің негізгі критерийі білім, білік және дағдылар болып табылады, яғни басты негіз – білім беру, көзін ашу болып табылады. Сондықтан басты назар тұлғаны дамытуға емес, оны ақпараттық қамтамасыз етуге аударылады. Осы ретте Шоқан қазақтар арасында сол заман үшін өзекті болып тұрған орыс білімі мен ғылымын, өнерін таратуды, еуропалық мәдениетті үйретуге шақырды. Ондағы ойы– қоғам дамуына сай алдыңғы қатарлы білім алу, артта қалушылық, надандықпен күресу болды, осы тұрғыдан Шоқан ілім, ғылымды таратушы, насихаттаушы болды. Солай ете отырып ол халықтардың өзара жақындасуын, толеранттылықты, бауырластық ортасын құруды меңзеді. Ф.М. Достоевский Шоқанға жазған хатында «Еуропаша толық білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді есіңізге алыңыз. Оның үстіне тағдыр Сізді абзал адам етіп жаратып, Сізге жан мен жүрек берген. Артта қалуға болмайды, жоқ болмайды». Достоевский бұл жалынды сөздерімен Шоқанды халық ағарту майданында белсенді қимылдауға жігерлендіреді [1]. Ол «Тек ақиқат білім ғана күдіктерден құтылуға жәрдем етіп, өмірмен материалдық әл-ауқатты бағалауға үйретеді», – деп санап, Қазақстанда «нағыз шынайы білімдер» ұясы болатындай мектеп түрлерін ұйымдастыруды талап етті. Қоғамда болып жатқан құбылыстарды ол ағартушылық тұрғыдан түсіндірді. Халықтық тәрбиенің жаңа жүйесін ойластыра отырып, Шоқан ең алдымен жас өспірімдерді ғылым мен техниканың табыстарымен, дүние жүзі мәдениетінің бай қазынасымен таныстыра алатындай діннен бөлінген дүниежүзілік білімдерді енгізуді жақтады. Осы орайда Шоқанның жазған қоғамдық және ғылыми еңбектері ағартушылық сипатта болды. Осылай когнитивті парадигма аясында халықты оқу-білімге шақыру тәсілдерін, шығармашылық мәселелерді шешу, халықтың өзіндік іс-әрекетін жандандыру ісі қолға алынды десе де болады.

Білім беру парадигмасының келесісі – жеке тұлғаға бағытталған парадигма, ол бойынша әр баланың белсенділігін, шығармашылығын, ерекшелігін ашу, оны оқытуда басты құрал ретінде ұстану

алға қойылады. Осы ретте Шоқан қазақ халқының ұлттық сана-сының биіктік мәселесін жоғары орынға қояды. Сол заманда қабылданғандай басқа ұлт өкілдерінің қазақ халқын тағы халық, өздерінен төмен халық деп санауына қарсы тұрып, өз еңбектері арқылы туған халқының ұлттық ар-намысын қорғап, қазақ халқы ертеден елдігі, өзіндік өнері бар, ылғи да көшіп-қонудың салдарынан оқу-білімнен кенжелеу қалса да, рухани дүниесі бай, прогресс атаулыға ұмтылғыш, жаңалыққа бейім халық екендігін айтады. Ол қазақтардың рухани байлығын өркениеті аса бай ірі елдермен бірге қарайды Шоқан қазақ ақындарының төгілдіре жырлау қабілетін олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі деп бағалайды. Шоқанның пікірінше өлең сөзді суырып салып айту туралы «Мұндай қасиеттің болуына көшпелілердің алаңсыз өмірі әсер етті ме, болмаса ұшы-қиыры жоқ жасыл дала мен мөншақтай тізілген жұлдызды, көк ашық аспанды сұлу табиғат әсер етті ме, ол әзір бізге мәлімсіз», – деп жазады және «қазақ ақындарының импровизаторлық өнері көшпелі елдің салт-тұрмысына байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан ақындық дәстүр негізінде туып, дамыды». "Импровизаторлық өнері жағынан қазақ ақындары көшпелі араб ақындарынан бір де бір кем түспейді", – деп салыстыра ой түйеді. Естеліктерден Ш. Уәлихановтың өнерге, оны баяндаушыға деген сүйіспеншілігің, екіншіден, ана тіліміздің қоспасыз, таза күйінде сақталуын қадағалаған қамқоршы екенін және халық арасында жылт етіп көрінген игі нышанды қалт жібермей тыңдай да, зерттей де білгенін аңғарамыз. «Қазақтар жаратылысының өзінен-ақ қабілетті, дарынды және ғажайып сезімтал келеді... Сұлтанардың ерлік істері мен естеліктерін жырлайтын суырып салма ақындары олардың барлық руларында кездеседі. Қазақтардың барлық эпосы мен аңыздары, ертегілері өте көп және олар өлең мен музыканы жақсы көреді» [4]. деп тұжырымдайды. Әр адамның жекелік ерекшеліктері сол халықтың болмысын құрап, танытатынын меңзейді.

Келесі білім беру парадигмасы – функционалды парадигма, ондағы бағдарлаушы рөлді қоғамның білім алуға әлеуметтік тапсырысы орындайды, ол қоғамға қажетті кадрларды дайындауы керек Осы ретте Шоқан жас кезінен қазақ халқы ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, жыр-дастандарын, жас кезінен санасына сіңіріп, шешендер мен ақындардың тапқыр сөздерін естіп өсуі, шығыс елдерінен таралған, араб, парсы, түркі тілдеріндегі қисса, дастан,

аңыздарды өздігінше ізденіп оқып, білімін байытып, ол халық әдебиетін тарихты танудың аса бағалы ескерткіштері деп қарады, қазақтың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін – шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан ыжда-хатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шыңдауда аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайтынын, сондай дайындығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тындайтынын, ол нақыл сөздердің өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнегеге, тәлім-тәрбиелік, ғибраттық мазмұнға толы болатынын ұлы ғалым тебірене жазған. Зерттеуші тарихи аңыздар – тарихи деректер жаңғырығы деп білген. "Қырғыздар туралы жазбаларында" Орта Азия көшпелілерінің өздерінің ата-бабаларының, даңқты батырларының ерлік істерін баяндайтын, құйма-құлақ аңызшылар аумай-төкпей жеткізген аңыздары бар, бұл аңыз-ертегілер халықтың өткендегі өмірінің қысқаша тарихи суретін бейнелейді, өздерінің батырлары мен халық арасындағы оқиғалары туралы аңыздарды жырға айналдырып, келешек ұрпаққа от басындағы естелік-әңгіме ретінде жеткізіп отыру барлық көшпелілерге тән салт" [4], – деген саликалы қорытынды жасайды. Осы әрекеті арқылы ол – жасампаздық рухын, білімге құмарлықты, ізденіп оқуды, қоғам қажеттілігіне қарай білім алуды танытты. Бұл мәселе қазіргі білім беру парадигмаларының бірі – өзінің жасампаздық мүмкіндігін ашу, белсенді етуге жол бастайды.

Мәдени білім беру парадигмасы – мәдени құндылықтарды қалыптастыру, әлеуметтену, мәдениет адамын қалыптастыруды көздеп, оған бағыттайтын парадигма. Осы ретте Шоқан өзінің тарихи-этнографиялық, фольклорлық еңбектерінде қазақ халқын көркейтудің амалы оқу-білім жүйесін жақсартуда деп көрсетеді, ал бұл қазіргі дүниежүзілік білім беру мәдениетіне қосылу, жаһандану дәуірі талаптарына сәйкестік бағытын толықтырады. Шоқан Уәлихановтың халықты танытатын белгілерге – халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттерін жатқызды. Халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы бәрінен де артық көрініс тауып, сол халықты танытатынын жазды. Сөз өнері халық бойына біткен зор таланттың, керемет қабілеттің, ақындық қуаттың белгісі деп санады. Ғалым өзінің "Жоңғар очерктерінде" халық аузындағы

нақыл сөздерді зерттеудің этнография үшін орасан зор маңызы бар екенін, оны өзінен бұрынғы ғалымдар да сан рет аңғарғаның, өйткені одан халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы айқынырақ көрінетінін тебірене жазған. "Ескі нақыл сөздерге бай келу Солтүстік Азия мен Орта Азияның көшпелі халықтарының ерекше бір қасиеті болып табылады. Ондай нақыл сөздер не ру ескерткіші ретінде, мәселен заң, ғұрып аңыздары ретінде қариялар аузында қасиеттеліп сақталып отырады, не халық жыры түрінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа белгілі жыршылар арқылы жеткізіліп отырады" деп жазды. Қазақ мақалдары ықылым замандағы көріністі, сенімді айқындай түсетін құрал ретінде пайдаланылатынын жазады. Қазақ тілінде халықтың мінез-құлқын, жалпы ерекшелігі туралы ұғымды нақты білдіретін мақалдар да бар екенін айта келіп, мақалдарды бір тілден екінші тілге аударғанда мәні кететінін, оны дәл аударудың қиындығын айтқан және өзінің үш жүздей мақал жинағанын да біддірген. Орта Азия, Қазақстан мен Шығыс Түркістан халқының ерекшелігі туралы мәселені Ш. Уәлиханов жалпы мәдениетті дамыту және "халықтық рухты" қайта ояту проблемаларымен берік байланыста етіп шешуге тырысты. Шоқан халық мінезінің сипатын, оның пайда болуын көп жоспарлы, сан қилы мақсатта қарастырды. Сөйтіп, ол өзінің көптеген шығармаларында халық тұрмысын, әдет-ғұрпын, тілін, өзара қарым-қатынасын, дінін, оның әрқайсының ерекшелігін асқан дәлдікпен талдау жасалы. Шоқан халықты еңбек етуге шақырады, және өзінің өмір жолы тұнып тұрған шығармашылық еңбек үлгісі болды десе де болады, солай ол шақырып қана қоймай өзі соның көшбасшысы болды. Белгілі бір кәсіппен айналысу уақытты, зор ынтаны керек етеді деп дұрыс тұжырымдады. Ал қазақ арасындағы кейбір жағымсыз әдеттерді мейлінше сынап, олардың қазақ қауымын ілгері бастырмай келе жатқан мерездер деп қарады. Мысалы, соның бірі бірі барымта екендігін, оны жұрттың көпшілігі баудың мал жинаудың ең жеңіл әдісі деп қате түсініп жүргенін баса айтып, онымен айналысқан адамның еңбекке ынтасы болмайды, жан-жүйесі жұғымсыз, ұсқынсыз келетінін айтады. Осылайша ол жастарды бұндай кәсіптерден бойын аулақ салуға шақырып, бұндай қасиет қалыптасқан адамда арамтамақтық, еріншектік орнайтынын қадап айтады. Шоқан өз еңбектерін жазуда жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысып қана

қоймай, ондағы асыл жәдігерлерді тауып, әлемге паш ету арқылы халқының рухани мәдениетін танытты. Бұл туралы Әлкей Марғұлан: «Шоқан Қашғардан «Тазкира-йи Сатұғ Бұғра хан», «Тазкира-йи Тоғұлық Темір хан», «Тазкира-йи қожаған», «Әбумүсілім Марузи» және басқа сирек кездесетін бірқатар шығыс қолжазбаларын, сондай-ақ нумизматика жәдігерлерін, тау жыныстарының жиынтықтарын, нефрит үлгілерін, гербарий және т.б. алып келді» [2.31 б].

Академик-жазушы Ғ. Мүсірепов «Шоқанның таланты телегей – теңіз, оның ғалымдық өрістері ұлан – байтақ биіктерге серпіліп жатады. Біздің ғалымдарымыз осы Шоқанша әр қырынан табыла берсе деп үміт етсек, онымыз орынсыз болмас деймін», [3] – деп жазған екен. Ия, Шоқан танымы – халықты игілікті өмір сүруге жетелеуші ағартушы таным. Сондықтан оның мән-мағынасы өміршеңдік сипатқа ие, қазіргі жаһандық білім беру шеңбері аясында ұлттық қасиеттерді сақтай отырып, білім беру мен тәрбиелеу ортасын құру өзекті болып тұрған уақытта Шоқан танымынан үлгі алу-болашаққа бағдаршам деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақылбеков Б. Шоқан ілімінің көкжиегі. Abai.kz ақпараттық порталы. <https://abai.kz/post/182383>.
2. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан – Алматы: «Алматы-Болашақ» баспасы, 2011. – Т.10 – 592 б. 61-бет.
3. Мұхтарұлы С. Шоқан және өнер: Түсініктемеге негізделген иллюстрациялық ғылыми-публицистикалық кітап. Алматы: Өнер, 1985 – 310 -бет.
4. <https://www.zharar.ru/kz/bilim/kurs/21877-shoqan.html>

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА АЗАМАТТЫҚ ПЕН ҒЫЛЫМИ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Н.Н. Биназарова, тарих магистрі

Н.Ж. Сұлтанахмет, 1-курс студенті

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Шоқан Уәлихановтың қазіргі жастардың бойында азаматтық сананы, ұлттық рухты және ғылыми ойлау қабілетін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Ғалымның ағартушылық мұрасы мен зерттеулері жас ұрпаққа үлгі бола отырып, олардың дүниетанымын кеңейтуге және интеллектуалдық дамуына ықпал етеді.

Кілт сөздер: Шоқан Уәлиханов, азаматтық сана, ғылыми ойлау, жастар тәрбиесі, ағартушылық, ұлттық рух, дүниетаным, зияткерлік даму.

Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының рухани-мәдени тарихында ерекше орын алатын көрнекті ағартушы, ғалым, саяхатшы және этнограф. Оның зерттеулері қазақ ғылымы мен білімінің дамуына зор үлес қосты. Ш.Уәлихановтың азаматтық ұстанымы, еркін ойлау мәдениеті және ғылыми зерттеулері әлемдік ғылыми ортада жоғары бағаланады. Қазіргі жаһандану заманында жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, азаматтық жауапкершілікті және ғылыми дүниетанымды қалыптастыру – болашағын ойлайтын мемлекеттің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Қоғамның әлеуметтік-мәдени әлеуетін көтеруде азаматтық жауапкершілік пен сыни, ғылыми ойлауды қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Шоқан Уәлихановтың мұрасын зерделеу және оны қазіргі білім беру процесінде тиімді пайдалану қажеттігі арта түседі.

Шоқан Уәлиханов – тек ғалым ғана емес, өз халқының тағдырына бейжай қарамаған, өркениетті қоғам идеалын ұстанған, ғылым мен білім арқылы ұлттық болмысты қорғауға ұмтылған тұлға. Бүгінде қазақ халқының ұлы перзенті, аса көрнекті ойшыл, ағартушы-демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың заңғар тұлғасы мен шығармашылық мұрасы әр қырынан сараланып, өз бағасын алып келеді. Оның дүниетанымы, әлеуметтік-саяси және эко-но-микалық көзқарастары, шығыстанушы, тарихшы, географ,

этнограф ретіндегі бітімі, әдебиет, тіл мен өнер мәселелері жөніндегі мұралары сан алуан еңбектердің арқауы болды.

Ш.Уәлихановтың шығармашылық мұрасы тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік ғылыми ортада жоғары бағаланады. Тәжік КСР Ғылым академиясының президенті М.С.Асимов Шоқан Уәлихановтың әлемдік өркениетке қосқан зор үлесін атап көрсетіп: «Шоқан өз халқының және Орта Азия халықтарының этногенезі мен этностық тарихи проблемаларын зерттеудің негізін салушылардың бірі, әлем халқын үлкен жүрегімен аялай сүйген ұлы гуманист, терең ғұлама», – деп атап көрсетті.

Ш. Уәлиханов қазақ халқының мәдениетін дамыту үшін әлемдік өркениеттің озық ой-пікірлері, рухани қазынасын барынша игеруге тырысты. Өз дамуында алға кеткен елдердің оқу-білім, ғылым саласындағы жетістіктерімен жете танысу үшін Шоқан кадет корпусында жүргенінің өзінде шет тілдерді оқып үйренуге зер салды. П.П.Семенов-Тянь-Шанский Шоқанның тілдерді үйренудегі аса қабілеттілігін, француз, неміс тілдерін жақсы меңгергендігін жазады [1, 182].

Ежелден келе жатқан қазақ дәстүрі бойынша Шоқан бала кезінен бастап ата-бабаларын жетінші атасы дейін білген. Өзінің шығу тегі, ата-бабаларының еңбегімен танысу оның тарихқа деген қызығушылығын ерте оятуда маңызды рөл атқарды. Ол халықтың бостандық пен тәуелсіздік үшін қаһармандық күресін баяндайтын ауызша халық шығармашылығының үлгілерін мұқият тыңдап, жазып алды. Оның ата-бабаларының рухани зарядын үнемі сезініп отырғаны оның бүкіл қысқа, шығармашылық ізденіске толы өмірімен айғақталады [2, 16].

Шоқан Уәлиханов үшін туған өлкенің табиғаты да үлкен мектеп болды. Сырымбет, Айыртау, әсіресе Көкшетаудың аңызға толы Оқжетпес пен Жұмбақтас секілді көрікті жерлері бала қиялына терең әсер етті. 1847 жылы Шоқанды әкесі Омбыға апарып, Сібір кадет корпусына оқуға түсіреді. Мұнда ол болашақ ғалымдар Г.Н.Потанин, Н.Ф.Анненский секілді замандастарымен достасты. Кадет корпусында жүргенде-ақ Шоқан Орталық Азия тарихы мен мәдениетін зерттеуге дайындала бастады. Потаниннің айтуынша, ол сол кезде-ақ Палласты, Рычковты, Левшинді, Вельяминов-Зерновты және басқа да көптеген еңбектерді оқып шыққан. Қазақ

қоғамындағы, ата дәстүрімі мен ұлттық сана сезімі батыстық мәдениетпен ұштасып, өзіндік мәдени тұлғасын қалыптастырды.

Шоқан Уәлихановтың Кадет корпусындағы оқу жылдарында тек әскери білім алып қана қоймай, бойында қоғамдық-саяси көзқарастары мен ғылыми дүниетанымын қалыптастырды. Бұл уақыт Ресейде николаевтық реакция кезеңімен, сондай-ақ крепостниктік жүйеге қарсы қоғамдық-саяси қозғалыстың күшеюімен тұспа-тұс келді. Мұндай тарихи жағдайлар сол дәуірдің алдыңғы қатарлы тұлғаларына, соның ішінде Шоқанның ой-санасына да терең әсер етті. Кадет корпусында сол кездегі озық ойлы, демократиялық бағыттағы ұстаздар: Н.Г. Чернышевскийдің серіктесі В.П. Лободовский, Қазан университетінің түлектері Ф.Н. Костылецкий мен Г.В. Гонсевский сынды ғалымдар сабақ берді. Олар Шоқанның ғылымға, әділеттілік пен прогреске деген көзқарасын шыңдауға ықпал етті [3, 63].

Бұл тәжірибе, оның тынымсыз талабы, мақсатына жетудегі құлшыныстары, биік армандары – бүгінгі жастарға және жас ғалымдарға үлгі бола алады. Бүгінгі жастарда кең ауқымды білім мен терең гуманитарлық таным негізінде ғылыми, азаматтық бағыттарын қалыптастыруына барлық жағдай жасалған. Алайда, әртүрлі факторлардың кедергі болуымен, объективті және субъективті себептерден жастар өз тұлғаларын қалыптастыра алмауда. Осы тұрғыда жастар арасында Шоқан Уәлихановтың білімге ұмтылысын, бірнеше тіл білуін, шығыс пен батыс ғылымын қатар меңгеруін насихаттау жастардың ізденіс жолында таптырмас өнеге болып табылады.

Шоқан Уәлихановтың Орталық Азия халықтарының тарихына қызығушылығының оянуына XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Х.Френ, В.В. Вельяминов-Зернов, П.С. Савельев, Н. Бичурин, А.К. Казембек сияқты танымал шығыстанушылардың еңбектері зор ықпал етті. Ол кадет корпусындағы міндетті әдебиетпен қатар, батыс пен шығыс философтарының трактаттарын, еуропалық жазушылардың әлеуметтік романдарын қызығушылықпен оқыды. Белинский, Герцен, Чернышевский мен Добролюбовтың сыни мақалалары, Гогольдің сатиралық туындылары, Пушкин, Байрон, Шекспир және әсіресе Лермонтов шығармаларына ерекше қызығушылық танытты. Ғалымдар Шоқан мен Лермонтовтың тағды-

рында, тіпті сыртқы келбетінде ұқсастықтар бар екенін атап өтеді [2, 18].

Шоқанның сүйікті әдебиеті тарихи-географиялық еңбектер болды. Алайда Омскіде ондай сирек басылымдарды табу қиын еді. Шоқанның досы Г.Н. Потанин оның корпус кітапханасынан тыс әдебиеттерге қол жеткізе алғанына ерекше қуанады. Олар бірге П.Паллас пен Рычковтың сапар жазбаларын оқып, туған жерлерінің суреттелген беттерін қызыға зерттеген.

А.И. Левшиннің үш томдық «Қырғыз-қазақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты еңбегін оқып, Шоқан үшінші томына қатысты кейбір ескертпелер айтқанымен, оны қазақ даласының Геродоты деп бағалап, еңбекті аса жоғары бағалады. Ол сондай-ақ Н.Иакинфтің «Шыңғыс хан ұрпағының алғашқы төрт ханының тарихы», Г. Миллердің «Сібір тарихы», Клапроттың тарихи карталары, А. Гумбольдт пен А. Ремюздың еңбектерімен де терең таныс болды.

Кадет корпусындағы мұғалімдердің ішінде Шоқанның дарынын алғаш байқаған ұстаз – Н.Ф. Костылецкий болды. Ол шәкіртіне сыни ойлау қабілетін дамытып, оның ғалым ретіндегі қалыптасуына үлкен үлес қосты. Дәл осы ұстаз Шоқан туралы Қазан университетінің профессоры И.Н. Березинге жазып, ғажайып қабілетті жас ғалыммен танысуға себепші болды. Сол таныстық нәтижесінде Шоқан Тохтамыш ханның жарлығындағы кейбір сөздер мен терминдерді зерттеп, алғашқы ғылыми зерттеуін – профессор Березинге хатын жазды. Бұл еңбегінде ол «Ұлық Ұлыс», «Еділ мен Жайық», «Қарақұм», «Орда», «ұлан», «бек» секілді ұғымдарға ғылыми түсініктеме берді. Сонымен қатар, қазақ халқының шығу тегі, ру-тайпалық құрамы, «қазақ» сөзінің бастапқы әлеуметтік мағынасы туралы пікір білдіріп, қазіргі ғылымда мойындалған тұжырымды алғашқылардың бірі болып ұсынды [4, 132].

Шоқан Уәлиханов сөзсіз қазақ ғылымы мен мәдениетінің ең жарқын тұлғаларының бірі болып табылады, және оның кадет корпусында оқыған жылдары оның дүниетанымының қалыптасуында және ғылыми қызметінде маңызды рөл атқарды. Ол тамаша білім алған, бірнеше еуропалық тілдерді меңгерген және белсенді түрде өзін-өзі біліммен қамтамасыз еткен, бұл оның болашақ ғылыми қызметі үшін негіз болды. Омбыдағы интеллек-

туалдық орта мен сол кездегі прогрессивті интеллигенциямен қарым-қатынас оның көзқарастары мен жұмыс әдістеріне айтарлықтай әсер етті.

Шоқан Уәлиханов – түркі халықтарының мәдениетін ашуда үлкен еңбек жасады. Оған еуропалықтар үшін аз танымал түркі халықтарының, әсіресе ұйғыр, қырғыз, Сібір түріктерінің мәдениеттері туралы еңбектері әлемге әйгілі болды. Ш. Уәлихановтың зерттеулерімен қазақ тарихында үлкен бетбұрыс болды.

Шоқан Уәлиханов орыс түсінігіндегі қазақтар туралы келеңсіздіктерді жойып, өз еңбектерінде қазақ халқының қалыптасуы, «қазақ» этнонимінің шығу тегі және Қазақ хандығының құрылуы мәселелерін терең зерттеді. Сондай-ақ, түркі шығармаларын зерттей отырып, ортағасырлық өркениеттің, мәдени өмірдің керемет үлгісін көрсетті. Ол «Джами ат-таварих» еңбегін зерттей отырып, қазақ хандарының генеалогиясына ерекше назар аударды. Ол бұл еңбектің басты құндылығы – қазақ хандарының шежіресін құрастыруында екенін атап өтті. Ш. Уәлихановтың еңбектері қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен этнографиясын зерттеуге қосқан зор үлесімен ерекшеленеді. Оның зерттеулері қазіргі заманғы ғалымдар үшін құнды дереккөз болып табылады [5, 74].

Шоқан Уәлиханов өз халқын шексіз сүйген біртуар азамат болды, елінің біліміне, ғылымына қызмет етіп, оның тарихын, мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрі мен дүниетанымын зерттеп, қазақ халқын орыс және батыстық ғылыми ортаға таныстырды. Оны замандастары жиі «данышпан жас» деп атаған, жас ғұмырында қаншама ғылыми еңбектерін қалдырды. Шоқан Уәлихановтың қысқа, бірақ мазмұнды, шығармашылық ізденіске толы өмірі – бүгінгі жастар үшін үлгі болуға әбден лайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1 – Алматы, Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984, 2-е изд. доп. и переработанное, стр. 87-89.
2. Касымжанов А. Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы. Қазақ университеті. 2001 г. 301 с.
3. Валиханова Г. Ш. Проблемы теории и истории казахской культуры в творчестве Ч.Ч. Валиханова. Алматы. 2004 г. 6 с.

4. Валиханов Ч.Ч. Киргизская родословие. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 2. 157 с.

5. Потанин Г. Из книги Шоқан Валиханов. Собрание сочинений в 5 ти томах. Алматы. 1985 г. Гл. ред. Каз-сов энциклопедии. Том 5. 90 с.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ

М.Е. Бутабаева, тарих мұғалімі

*Астана қаласы әкімдігінің «№112 орта мектеп» КММ,
Астана қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Шоқан Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушысы және саяхатшысы, ол өз еңбектерінде қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен білім жүйесін терең зерттеген. Оның білімге деген көзқарасы мен ағартушылық идеялары бүгінгі заманға дейін өз маңыздылығын сақтап, заманауи білім жүйесінде маңызды орын алады. Шоқан Уәлихановтың білім беру саласындағы идеялары қазіргі білім беру жүйесінің негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Бұл мақалада оның білім жүйесіндегі рөлі мен білім беру мәселелеріне қосқан үлесі қарастырылады.

Кілт сөздер: тарих, мәдениет, білім, Шоқан Уәлиханов, ұлы тұлға.

Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының ұлы тұлғасы, ғалым, ағартушы және саяхатшы. Ол өз уақытында қазақ қоғамында білім мен ғылымды дамытуға үлкен үлес қосты. Шоқанның білім беру мәселесіне деген көзқарастары мен оның ғылыми мұрасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап, заманауи білім жүйесінің қалыптасуына ықпал етуде. Оның білім беру саласындағы негізгі идеялары ағартушылық принциптерге негізделіп, қазақ халқының дамуындағы маңызды өзгерістерге түрткі болды. Сонымен қатар, Шоқан Уәлихановтың зерттеулері қазіргі заманның білім беру жүйесіне де үлкен ықпалын тигізуде, себебі ол өз еңбектерінде ғылыми зерттеудің жаңа әдіснамаларын ұсынып, жастардың заманауи ғылым мен білімге деген көзқарасын қалыптастырды. Бұл мақалада Шоқан Уәлихановтың заманауи білім жүйесіндегі рөлі мен оның ағартушылық идеяларының қазіргі білім беру саласындағы маңызы қарастырылады.

1. Шоқан Уәлихановтың білім беру жүйесіне көзқарасы

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының мәдениетін, тарихын және әлеуметтік құрылымын зерттеуге баса назар аударған ғалым болғанымен, оның білім беру жүйесіне қатысты ойлары да маңызды. Ол ағартушылық идеяларын кеңінен насихаттап, қазақ қоғамында білімнің деңгейін көтеруге ұмтылды. Шоқанның басты мақсаты – қазақ халқының білім деңгейін көтеру, жастарға заманауи ғылым мен білімнің негіздерін үйрету болды. Оның ойынша, қазақ халқының болашағы білім мен ғылымға тәуелді еді. Ол өз заманындағы білім мен мәдениеттің даму деңгейін зерттей отырып, қазақ халқы үшін білімнің маңыздылығын түсіндіріп, осыған негізделген өз пікірлерін қалыптастырды.

Шоқанның білім беру жүйесіне қатысты бірнеше көзқарасы бар. Ол білімді тек өз халқының даму құралы ретінде емес, әлемдік мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырып, жастарды кең ауқымды біліммен қаруландыруды мақсат етті. Заманауи білім жүйесі үшін де бұл ұстаным өзектілігін жоғалтқан жоқ. Шоқанның білім беру мәселелеріндегі негізгі ұстанымы – білімнің тек ақпарат жинау ғана емес, дүниетаным мен адамгершілік тұрғысынан да дамытылуы керек екенін айқындады.

2. Шоқанның ағартушылық көзқарасы

Шоқан Уәлиханов өз кезінде қазақтың ағартушылық ой-пікірін тереңдеткен тұлға болды. Ол ағартушы ретінде қазақ қоғамында білімнің орны мен ролін ерекше бағалады. Шоқанның пікірінше, жастарды тек қолөнер мен дәстүрлі шаруашылық іс-әрекеттеріне ғана үйрету жеткіліксіз. Ол оларды заманауи ғылым мен техниканы меңгеруге, әлемдік мәдениетпен танысуға шақырды. Оның ағартушылық көзқарастары бүгінгі білім беру жүйесіне де әсер етті. Қазіргі заманғы білім беруде де оқу процесінде студенттердің интеллектуалды және тұлғалық дамуы қарастырылады. Шоқанның идеялары жастарды ғылымға, зерттеу жұмыстарымен айналысуға, әлемнің әртүрлі мәдениеттері мен халықтарының мұраларына қызығушылық танытуға үндейді.

Ағартушылық көзқарастар Шоқан Уәлихановтың жазбаларында айқын көрініс тапты. Оның «Қазақ халқының тарихы», «Қырғыздардың тұрмысы мен салт-дәстүрлері», «Абылай хан туралы» зерттеулерінде ағартушылық идеялары мен білімге деген көзқарастары жан-жақты көрсетілген. Бұл еңбектерде ол тек қазақ халқының өткенін ғана емес, оның қазіргі және болашақ жағдайын

да саралаған. Ол ғылым мен білімді дамыту үшін ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, білім жүйесін жаңарту қажет деп санады.

3. Шоқан Уәлихановтың заманауи білімге қосқан үлесі

Шоқан Уәлихановтың заманауи білім жүйесіне қосқан үлесі тек оның ғылыми еңбектерімен шектелмейді. Оның ғылыми әдіснамасы, тарихты, мәдениетті және этнографияны зерттеудегі тәсілдері қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады. Шоқанның ғылыми зерттеу әдістері әлі күнге дейін жоғары оқу орындарында зерттеу жүргізу үшін қолданылуда. Ол тарихи деректерді жинау мен талдауда ғылыми объективтілікті ұстанып, зерттеулерін логикалық және жүйелі түрде жазды. Бұл әдістер қазіргі заманда да ғылыми жұмыс жүргізу үшін маңызды бағыт болып табылады.

Шоқанның ойлау жүйесі мен ғылыми әдіснамасы қазіргі заманның білім беру жүйесіне үлкен ықпал етті. Оның ұсынған білім беру моделі – тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды дамытуға да назар аударуды қажет етеді. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, әсіресе STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) салаларында білім беру мен ғылыми зерттеулердің өзара байланысына ерекше мән береді. Бұл тұрғыда Шоқанның ғылыми және білім беру тәжірибелері маңызды үлгі болып табылады.

Шоқанның білім беру жүйесіндегі тағы бір маңызды аспектісі – жастарды әлеуметтік жауапкершілікке, адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу болды. Оның ағартушылық көзқарастары қазіргі білім беру жүйесінде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі күні көптеген білім беру мекемелері оқушыларға немесе студенттерге тек ғылыми білім емес, сонымен бірге олардың тұлғалық дамуына да көңіл бөледі. Шоқан Уәлихановтың гуманистік көзқарастары осы мақсатта негіз бола алады.

Шоқан Уәлихановтың білім беру жүйесіне қатысты идеялары бүгінгі күнге дейін өз маңыздылығын сақтап отыр. Оның ғылым мен білімді дамыту, жастарды ағартушылық тұрғыдан тәрбиелеу туралы көзқарастары қазіргі заманның білім беру жүйесінің негізін қалаушылардың бірі ретінде қарастырылады. Шоқанның ғылыми мұрасы және ағартушылық идеялары бүгінгі қоғамда білім алудың жаңа бағыттарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді.

Оның білімге деген көзқарасы қазіргі білім беру жүйесінде тереңнен зерттеліп, білім беру процестеріне ықпал ете береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уәлиханов Ш. Қазақ тарихы және этнографиясы туралы таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1985.
2. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1974.
3. Абылқасымова М. Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы: тарихи құндылықтар мен әдіснамалық аспектілер. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
4. Күзембайұлы А. Шоқан Уәлихановтың этнографиялық зерттеулері. – Алматы: Арыс, 2003.
5. Көмеков М. Шоқан Уәлиханов: өмірі мен қызметі. – Алматы: Мектеп, 1997.
6. Бөкейхан Ә. Шоқан Уәлиханов және қазақ халқының мәдени мұрасы. – Астана: Елорда, 2015.
7. Сыздықова Ж. Шоқан Уәлихановтың тарих ғылымына қосқан үлесі. – Алматы: Қазақстан, 2004.
8. Кенжеханұлы М. Шоқан Уәлиханов және Орталық Азияның тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
9. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Жалын, 1999.
10. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-каракалпакских орд и степей. – Санкт-Петербург: Академия наук, 1832.

ЖӘНІБЕК АУДАНЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

*Г.Е. Ермуханова, 2 курс магистранты
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

Аңдатпа. Ұлы Отан соғысы жылдары Жәнібек ауданының тұрғындары үшін ерекше қиын және маңызды кезең болды. Ауданның көптеген тұрғындары майданға аттанып, ел үшін жанын қиды. Олар бағылдық пен ерліктің үлгісін көрсетіп, елдің болашағы үшін күреске қағысты. Соғыстың ауыртпалықтары ауыл шаруашылығы мен тұрмыстық жағдайға да әсер етті, алайда жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен бағылдығы арқасында аудан майданға қажетті ресурстарды қамтамасыз етуге үлес қосты. Мақалада Жәнібек ауданының Ұлы Отан соғысына

қатысты үлесі, аудан тұрғындарының ерлігі мен еңбегі, майданға аттанған азаматтардың тарихы туралы сөз болады.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, аудан, ауыл шаруашылығы, майдан, халық, еңбек, Батыс Қазақстан.

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы облыс орталығынан батысқа қарай 500 шақырым қашықтықта орналасқан, сонымен қатар тарихи тереңдігі мен өзіндік ерекшелігі бар аудан болып табылады. Ауданның тарихы әлі толық зерттелмегенімен, Жәнібек ауданының атауы, соғыс жылдарындағы жағдайы мен оның Ұлы Отан соғысындағы маңызына қатысты қызығушылық күннен күнге артуда. Бұл зерттеулердің бірден-бір себебі — Сталинград майданының жақын тылы болғандығы. Ұлы Отан соғысы кезінде Жәнібек ауданын шарпыған ауыр оқиғалар, оның ішінде бейбіт халыққа жасалған шабуылдар мен әуе бомбалаулары айтарлықтай зардаптарға ұшыратты. Жәнібек аумағында жүздеген үй қирап, су мұнарасы, теміржол торабы, аурухана, диірмен сынды көптеген ғимараттар бүлінді. Осы қиын кезеңде аудан тұрғындары өздерінің қажырлы еңбегімен майданға көмек көрсетіп, соғысқа қатысқан батырларымыздың есімдерін ұмытпау үшін көптеген зерттеулер жүргізілуде. Сталинград майданының ең жақын тылы болған Жәнібек ауданы, сонымен қатар, мыңдаған әуе бомбасының астында қалған, бейбіт өмірдің қиын сынақтарын өткерген аудан болып табылады. Мұның нәтижесінде соғыстан кейін көптеген ескерткіштер мен жәдігерлер сақталып қалды, олардың ішінде жарылмаған зеңбірік, ^{кеңес} әскерінің шлемі мен су мұнарасы бар. Бүгінгі ұрпақ сол қиын кезеңнің бейнесін ата-әжелерінен естіп, көз алдына елестетеді. Әуе бомбасының жарқыраған от жалыны, сол кездегі адамдардың өмір сүруі мен болашаққа деген белгісіз үміттері бүгінгі ұрпақ үшін үлкен сабақ болып табылады.

Соғыстың көптеген құпиялары әлі күнге дейін ашылмаған күйде тұр. Жәнібек ауданынан соғысқа аттанып, кейіннен хабарсыз кеткен солдаттар мен офицерлердің тізімі әлі толық жинақталған жоқ. Олардың қайда жерленгені, қандай жағдайда жоғалып кеткені жайлы деректер мен құжаттар жетіспейді. Әуе бомбасының салдарынан қаза тапқан адамдардың тізімге енбей қалғандары да көп. Осы кезеңдердің толыққанды зерттелуі — тарихымызды жаңғырту және болашақ ұрпаққа қалдыру үшін маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысын жазу барысында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жәнібек ауданының тұрғындарының өмір сүру жағдайын сипаттайтын мұрағат деректері, мерзімдік баспасөз беттеріндегі жарияланған ғылыми мақалалар, монографиялық еңбектер мен кандидаттық, докторлық диссертациялардағы мәліметтер назарға алынды.

Зерттеу нәтижелері. 1941 жылғы 22 маусымда таң сәрісінде фашистік басқыншылар Кеңес Одағына қарсы тұтқиылдан шабуыл жасады. Бұл шабуыл Кеңес халқына үлкен қауіп-қатер туғызып, бейбіт өмір мен еңбекке ойран салды. Осылайша, Ұлы Отан соғысы басталды. Шабуылдың алғашқы күндерінен-ақ Жәнібек ауданы да тылдағы қорғаныс және әскери дайындықты жедел қолға алып, майданға барлық мүмкін ресурстарын жұмылдырды.

Соғыс басталғаннан кейін Жәнібек аудандық басқарушы органдары қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, еңбекшілердің күш-жігерін тылда нығайту үшін үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізе бастады. 1941 жылдың шілде-қазан айлары аралығында қорғаныс тақырыбында 150 дәріс оқылып, 9 баяндама, 134 әңгіме өткізілді. Бұл шараларға 9,5 мыңнан астам адам тартылды. Үгітшілер сөзбен ғана емес, өздерінің қажырлы еңбек әрекеттерімен де халықты еңбекке баулыды. Бұл тұрғыда Лесов Ықыласов, Көшенов, М.Әмірова және басқа да үгітшілер ерекше қызмет атқарды.

1941 жылдың күзінде Жәнібек аудандық партия комитеті майданға көмек көрсету және жауды жеңу мақсатында тылдағы еңбекті ұйымдастыру үшін аудандық штаб құрды. Сонымен қатар, ауданда қысқа мерзімді әскери курстар ашылып, онда халық әскери қару-жарақтармен танысып, соғыс әдістерін үйренді. Бұл шаралар халықты майданға дайындауда маңызды рөл атқарды.

1942 жылы Сталинград үшін кескілескен ұрыстар жүріп жатқан кезде, майдан Қазақстанның шекарасына қарай жылжыды. Жәнібек ауданында жаудың әуе барлау жұмыстары басталып, ұшақтар тұрақты түрде әуеде байқалды. Жәнібек стансасының тұрғыны Е.А. Серединаның айтуынша, күн сайын сағат 9-да шығысты бетке алып, «Юнкерс» ұшақтары ұшып өтетін болған. Осы уақытта Орал қаласының авиация генерал-майоры Кровцовтың мәлімдеуінше, бұл ұшақтың бірі кері ұшып келе жатқанда атып түсірілген.

1942 жылғы күзде неміс танк құрамалары Еділ (Волга) бойына жетіп, Сталинградты басып алу мақсатында қырғын соғыс жүргізді. Жәнібек станциясы соғыс аумағына еніп, қорғаныс шаралары шұғыл қолға алынды. Окоптар қазылып, бомбадан қорғаныс паналары салынып, тұрғын үйлер мен жұмыс орындарына жасырылатын орындар жасақталды. Аудан орталығы мен елді мекендерде кеш түсе қараңғылық режимі енгізілді.

Сонымен қатар, әскери міндеттерді қабылдау пункттері, әскери киім-кешек және аяқ киім жөндеу орындары ашылды. Ауданда 500-ден астам көлік, 1 000 адамнан астам қол күші жұмылдырылды. Аудандағы №88 түйе зауыты мен №67 жылқы зауыты тіркемелерінен 20 трактор бөлінді. Ағаш, шана, киіз үйлер секілді ресурстар майданға жеткізілді. Бұл шаралар бойынша 8-ші әуе әскері қолбасшысының көмекшісі генерал-майор Вихарев Жәнібек аудандық партия комитетіне алғыс хат жолдады.

Аудан орталығындағы көптеген мекеме мен кәсіпорындар бір күнде колхоздарға көшіріліп, жұмыстарын тоқтатпастан жалғастырды. Мысалы, «Октябрьдің 12 жылдығы» мүгедектер артелі Жәнібектен 15 шақырым қашықтықтағы «Жана Өрнек» колхозына көшірілді. Олар уақытша жасақталған цехтарда жұмыс істеді. Бұл уақытта артелдің еңбеккерлері әскерлер үшін етік тігіп, байпақ басып, өндірістік жұмысты асыра орындады.

Сонымен қатар, «Ленин жолы» колхозындағы дүкенге Жәнібек орыс мектебі орналастырылды. Оқу үзіліссіз жалғасты, бірақ оқушылар мен мұғалімдер сабақтан кейін окоптар қазып, ауылшаруашылық жұмыстарын атқарды. Олар госпитальдарға да барып, жаралыларға арналған концерттер қойып, қолғап пен шұлықтар тоқып, майданға көмектесті.

Жәнібек ауданында мал-мүлік, құжаттар мен маңызды материалдар шұғыл түрде шалғай елді мекендерге жөнелтілді. Аудандық партия комитеті, аудандық кеңес атқару комитеті, әскери комиссариат, НКВД бөлімі және байланыс торабы ауыл шетіндегі Степная мен Революционная көшелеріндегі үйлерге орналасты. Жәнібек станциясына алғаш болып 678-ші көлік авиополкі мен бірінші танк армиясының инженерлік мүлік қоймасы келді.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жәнібек ауданының тұрғындары майданға көмек көрсетуде ерен еңбек көрсетті. Олардың қажырлы еңбегі, ұйымшылдығы мен патриотизмі ауданның тыл-

дағы және әскери шараларды ұйымдастырудағы үлесін айтарлықтай арттырды. Жәнібек ауданында соғыс жылдарында қабылданған шаралар мен бастамалар әскери дайындықты жоғарылатып, майданға маңызды көмек көрсетті. Бұл ерлік пен батылдык, сол замандағы халықтың рухын көрсететін маңызды тарихи кезең болып қала бермек [1,6-76].

1942 жылдың күзінде, Саратов пен Астрахань арасындағы теміржол желісі мен станциялары неміс әуе күштерінің тұрақты шабуылдарына ұшырады. Бұл жағдай Батыс Қазақстан облысының Сталинградқа жақын орналасқан Орда және Жәнібек аудандарын да қамтыды. Жәнібек, Сайхын және Шоңғай теміржол станцияларының Сталинград майданының алдыңғы шебінде орналасуы және осы елді мекендер арқылы өтетін теміржол желісінің стратегиялық маңызы неміс авиациясының назарын аударды. Нәтижесінде, қыркүйек айының басынан бастап, неміс ұшақтары Жәнібек аумағын жиі бомбалап, жергілікті тұрғындардың бейбіт өміріне қауіп төндірді [2,106].

1942 жылдың қыркүйек айында Жәнібек ауданына неміс авиациясының жасаған шабуылдары үлкен шығындарға әкелді. 11-12 қыркүйекте «Алғабас» және «Жаңа тұрмыс» колхоздарының 38 мың гектар пішен алқабы өртеніп, егін алқаптары жойылды. «Алғабас» колхозына жасалған бомбалау кезінде курсант-ұшқыштар басқарған екі истребитель қару-жарақсыз қарсыласып, нәтижесінде олар құлатылды. Парашютпен түскен неміс экипажы тұтқынға алынды.

3 қазан күні бірнеше неміс ұшағы Жәнібек станциясына топтық шабуыл жасап, 10 адам қаза тауып, бірнеше адам жараланды. Сонымен қатар, екі қойма, бірнеше вагон мен жанармай цистернасы жанып, су мұнарасы бұзылды. Жұмысшылар су мұнарасының бұзылған бөлігін темір белдікпен тартып, қазіргі күнге дейін сол күйінде сақтап қалған. 6 қазан күні таңертең әуеде 10 неміс ұшағы пайда болып, олардың бомбалауы салдарынан 90 адам қаза тапты. Сталинградтан тылға көшіріліп бара жатқан 150 жұмысшы мен олардың отбасы мүшелері қаза тауып, 13 вагон жанып кетті. Келесі күні немістер тағы да шабуыл жасап, аудан орталығындағы үлкен диірмен, автокөліктер мен жанармай цистерналарының күл-талқаны шықты. Бомбалардың көбі госпитальға түсіп, жүзге тарта адам мерт болды [1,86].

Бұл оқиғалар Жәнібек ауданының тұрғындары үшін ауыр сынақ болды, бірақ олар қиындықтарға қарамастан, майданға барынша көмек көрсетуге және тылдағы жұмыстарды ұйымдастыруға күш салды[3,96].

Дмитрий Васильевич Гудковтың естеліктері Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі ерлік пен батырлықтың жарқын үлгісі болып табылады. 1942 жылы қыркүйек айында оның эскадрильясы Орда өңіріндегі шағын аэродромға қоныс аударады. 11 қыркүйекте аға сержант Шлыковпен бірге күзетте тұрған Гудков командалық пункттен ұшуға берілген белгі болған жасыл ракетаны байқайды. Аспанға көтерілгеннен кейін ол жаудың барлаушы ұшағын байқап, жылдамдықты арттырып оған жақындауға тырысады. Бірақ жау ұшқышы қауіптеніп, төмен қарай ұшады, алайда Гудков оны қуып жетіп, оған оқ жаудырады. Патрондар таусылып, ол жауды алдау үшін қашып кеткен сыңай танытады. Жау ұшқышы оны жоғалтып алып, жоғарғы биіктіктен іздей бастайды. Бұл сәтті пайдаланып, Гудков «Юнкерстің» оң қанатының астынан шығып, оған бортты ЯК-1 ұшағының тұмсығымен соққы жасайды. Бірақ осы уақытта қатты соққыдан оның кабинасынан ұшып кетеді. Есін жиған кезде, ол жерге құлдилап келе жатып, парашютін ашып үлгереді. Көгілдір кеңістікте апатқа ұшыраған жау ұшағының қалдықтарын көрген Гудков, өз ұшағын құлатқанын біледі. Дмитрий Васильевич Гудков 1921 жылы 1 қарашада Рязан губерниясының Валов ауылында дүниеге келген.

1940 жылы Подольск индустриалдық техникумын және аэроклубты бітіріп, 1941 жылы Качин әскери авиациялық мектебін тәмамдайды. Сол жылы ол нұсқаушы-ұшқыш ретінде әскери қызметке шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысады. 1942 жылы 11 қыркүйекте, Сталинград облысындағы Кайсацк ауылында, ЯК-1 ұшағымен жаудың Ю-88 ұшағына таран жасайды. Екі ұшақ та қирап, Гудков парашютін ашып аман қалады. Осы ерлігі үшін ол «Қызыл ту» орденімен марапатталды.

Гудков 976-шы шабуылдаушы әуе полкінің эскадрилья командирі болып қызмет атқарып, 340 жауынгерлік ұшу жасады. 35 әуе шайқасында ол жеке өзі жаудың 20 ұшағын атып түсірді. 1945 жылы 29 маусымда оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [4,336].

1942 жылдың 18 қыркүйегінде неміс авиациясының Жәнібек стансасына жасаған кезекті шабуылы кезінде, 437-ші жойғыш авиация полкінің ұшқышы, старшина С.Таранов, «J-88» бомблаушы ұшағын күтіп алып, оған таран жасауды жоспарлаған. Алайда, ұшақтың қаруы істен шыққандықтан, ұшқыш таранның басқа тәсілін қолдануға мәжбүр болды. Ол бұрылған «Юнкерс» ұшағына таран жасап, соққы жаудың құйрығына емес, қанатына тиген. Тараннан кейін, Гудков парашютін ашып, секіргенімен, парашюттің баулары ұшып бара жатқан ұшаққа оратылып, ол қаза тапты. Зақымданған жау ұшағы 20 шақырымдай ұшып, Эльтон өзенінің жағасына құлады [2,42-43бб].

Қазан айының басында Жәнібекке бірнеше әуе шабуылдары жасалып, стансаға, механикаландырылған үлкен диірменге, автомашиналарға және жанармай цистерналарына үлкен шығын келтірілді. Жәнібектегі госпитальға түскен бомба жарылысы нәтижесінде 95 әскери қызметкер қаза тапты. Әуе шабуылдары теміржол байланыстарын бұзып, бірнеше әскери вагондар да қозғала алмай жиналып қалды. Теміржолшылар мен аудан тұрғындары үнемі тынымсыз жұмыс істеп, жолдарды қалпына келтіруге бар күшін салды. Алайда, жаудың әуе шабуылдары кезінде теміржолшылар, оқушылар мен басқа да адамдар қаза тапты. Бұл кезеңде Жәнібекке күн сайын, кейде бірнеше рет әуе шабуылдары жасалды.

Қазан айының соңында, 30 қазан күні, екі әскери эшалон Жәнібек станциясында бомбалауға ұшырады. Станция кезекшісі П.Г. Стреликовтың дұрыс шешімі арқасында екі эшалон да станциядан тез шығарылып, неміс ұшақтарының шабуылынан аман қалды. Сол кездері, 8 қазан мен 9 қазан күндері, теміржолшылар мен аудан тұрғындары теміржолды қалпына келтіру үшін бірлесіп жұмыс істеді, бірақ жаудың әуе шабуылы кезінде 40-тан астам адам қаза тапты.

Шабуылдардан кейін, Жәнібек ауданындағы көптеген ғимараттар, оның ішінде тұрғын үйлер, байланыс бөлімшелері, мектептер, диірмендер және қоймалар қирады. Қираған құрылымдардың жалпы шығын құны 1247 сомға жетті.

1942 жылдың 19 қыркүйегінде Жәнібекке тағы бір шабуыл жасалды, нәтижесінде мұғалім Середина мен оның отбасы жарақат алды. Осы кезеңде теміржолшылар мен байланысшылардың

ерліктері ерекше аталды. Теміржол байланысын қалпына келтірген батальондар мен жергілікті тұрғындар да үлкен көмек көрсетті. 4 қазан күні жау авиациясының шабуылынан кейін, байланыс жүйесі зақымданып, байланыс торабының қызметкерлері өте қиын жағдайларда жұмыс істеді. Мысалы, монтер М.С. Ломакин оқ астында жұмыс істеп, байланыс жүйесін қалпына келтірді.

Қараша айынан бастап жау авиациясының шабуылдары айтарлықтай азайғанымен, 1943 жылдың қаңтар айында олар мүлдем тоқтады. Осыдан кейін Жәнібек ауданында қараңғылық режимі өзгертілді.

1943 жылы көктемде жаудың кішігірім парашютші десанттары Жәнібек ауданында түсірілді, олар байланыс жүйесін бұзу мен су қоймаларын уландыру үшін дайындалған болатын. Бұл жау диверсанттарын жергілікті тұрғындар мен милицияның көмегімен тұтқындап, кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасау әрекеті тоқтатылды.

Сонымен қатар, аудандық партия комитетінің хатшысы Мырзаш Абдрахманов пен аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Ботановтың ерліктері де маңызды болды. Олар тылдағы жұмыстарды ұйымдастырып, аймақтағы ауыр жағдайларды тиімді шешуге ықпал етті. Осылайша, Жәнібек ауданында әскери жағдайлар мен қиыншылықтарға қарамастан, мемлекетке қажетті маңызды жұмыстар жүргізіліп, адамдардың ерлігі арқасында аудан тұрғындары мен әскери қызметкерлердің өмірі құтқарылды[1,8-9б].

1941 жылы аудан мемлекетке ет тапсыру жоспарын 107 пайыз етіп асыра орындаған. 1941 жылдың 21 тамызына дейін аудан бойынша қорғаныс қорына 400 центнер астық, 18920 сом ақша, 19 бас мал тапсырылған. Олардың ішінде Азамат Омарғалиев 3 мың сом, Жапақов 2500, Әлиев және Ізтілеуовтер әрқайсысы 2 мың сомнан, комсомол мүшесі Ғабдоллина 1 мың сом өткізді. Тракторшылар Әміров, Демесінов, Ихсанғалиев, Иманғалиевтер әрқайсысы 2400 сомнан көмек берді. Аудандағы әр адамның бойындағы бір ғана тілек, бір ғана ұмталас болды. Ол-Отанға көбірек көмек беру, қалайда жауды жеңу. Соғыс басталысымен елдің азаматтары лек-легімен аудандық әскери комиссариатқа барып, майданға сұранды[5,2б].

Соғыс жылдарында Жәнібек ауданының архиві Казаталовка ауданына көшірілгендіктен, Жәнібек ауданының бұйрықтары, есептері т.б құжаттары Жалпақтал архивінде сақталған. Сол архивтен

алынған құжаттың бірінде былай делінген: 1941 жылдың 1 қараша-сында Жәнібек ауданының Ақжол, Еңбекші, Жаңа – Өрнек колхоздары қызыл армияға 98 – байпақ, 5 – бұпайкі, 4 – бөрік, 87 – носки, 111 – қолғап, Ақжол колхозы 240 сом, Еңбекші колхозы – 747 сом, Жаңа – Өрнек колхозы - 1603 сом ақшалай көмек жіберген [6].

1941 жылдың соңында фашистер басып алған одақтас республикалардан аудан аумағына отбасылар келген. Ақоба Кеңесінің Сталин және Социализм колхоздарына осындай 70 отбас орналас-тырылған. Жәнібектегі темержол станциясын немістер жиі бом-балаған. Жау бомбасынан аудан орталығында темір жол вокзалы, мектеп, аураhana ғимараттары, барлығы 41 нысан отқа оранып, 200 –ге жуық тұрғын үйлер қиратылған. 1943 жылғы қараша айының ортасынан 1943 жылғы қаңтар айының басына дейін Жәнібек пен Орда аудандары аумағына гитлерлік авиация 538 мәрте бомба тастаған [1,9-106]. Соғыс жылдары Орда, Жәнібек аспанында жаудың 24 сомолеты құлатылған [3,96]. Жау бомбасынан қаза тапқандарды жерлеу және өрт сөндіру жөнінде шұғыл шаралар үшін ауданда төтенше комиссия құрылған. Комиссия аудан орта-лығындағы мекемелерді колхоздарға көшіру, элеватордағы астық пен пішенді сақтау, жаралыларға көмек көрсету, темір жол желі-лерін жедел жөндеу мәселелерімен айналысқан. Төтенше комиссия аудан аумағындағы 8-ші әуе әскерінің бөлімдері мен 57-ші және 1-ші танк әскерлері қоймаларын орналастыру және оларға көмек-тесуде зор жұмыстар атқарған. Аудан орталығында төрт жерде жаралылар үшін госпиталь ашылып, жергілікті жастардан кіші медициналық қызметтерге кадрлар жасақталған. Онда Жұмақанов Сапар, Мулякаева Мария Ароновна, Середина Евгения Афанасьевна, Дуюнова Евгения Александровна сияқты жастар жұмыс істеген. Аудан аумағынан Жоғарғы бас қолбасшысының ставкасының Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік майдандарының алғы шептегі бөлімдерімен телефон-телеграф байланысының желісі өткен. Кеңес Одағы Қоғаныс халық комиссарының орынбасары Шеденконың бұйрығымен Жәнібек селосында майданға әскери бөлімдерді, автокөлік пен жылқыларды, азық-түліктерді кідіріссіз жөнелту жөніндегі қабылдау пункттері ашылып, жұмыс істеген [7,86].

Ұлы Отан соғысынан Жәнібек ауданы бойынша оралмағандар саны – 1877 адам, жау тұтқынында қайтыс болған – 8 адам. Ауда-

нымыздың екі мыңнан астам адамы, соның ішінде аудан партия ұйымы құрамының 60 пайызы майданға аттанды. Майданда көрсеткен ерлігі үшін ауданның 300-дан астам азаматы Отанымыздың орден және медальдарымен марапатталған. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары Қамысты ауылында дүниеге келген Мәншүк Мәметова мен Ерденбек Ниетқалиев және ақобалық Николай Степанович Чуриков бар. КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші шақырылымының депутаты, әскери комиссар, Украина жерінде ерлікпен қаза тапқан ақобалық Хаби Халиуллин де сол тізімнің ішінде [8,156].

1941 жылы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша, Жәнібек ауданының тұрғыны -18384 адам. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының әскери комиссариатынан 1938-1945 жылдары әскерге 3677 адам шақырылған. Ұлы Отан соғысына дейін 1939-21.06.1941 жылдары -75 адам. Ұлы Отан соғысы басталған күннен бастап әскерге шақырылғандар: 22.06.1941-31.12.1941 жылдар-1103 адам, 1942 жылы аудан бойынша әскерге -1839 адам шақырылған. 1943 жылы- 330 адам, 1944 жылы -313 адам, 1945 жылы -17 адам әскерге шақырылған. 22.06.1941-09.05.1946 жылдар 3602 адам Жәнібек аудандық әскери комиссариатынан әскерге шақырылған екен. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының әскери комиссариаты Қазақ КСР-і әскери комиссариатының 1938 жылғы 27 қыркүйектегі №45 бұйрығына сай құрылған. Қазақ КСР –інің әскери комиссарының 1939 жылғы 19 наурыздағы № 6 бұйрығымен Жәнібек ауданының бірінші әскери комиссары болып лейтенант Петр Палович Гусев тағайындалып, қызмет атқарған. Одан соң Жәнібек аудандық әскери комиссариатын 06.1942-10.1943 жылдар 3-ші ранг интендант А.Ф.Баран, 10.1943-10.-1945 жылдары майор Н.Н. Журавлев басқарған. 1939-1945 жылдары аралығында аудандық әскери комиссариатында қызмет еткен әскери қызметкерлер тізімдері келесідей: капитан И.Т. Киселев, аға лейтенанттар Н.А. Дьяков, Прививков, лейтенанттар П.Н. Пихтин, А.А. Рагошкин, П.И. Дурин, Н.М. Кутергин, В.М. Даниленко, А.С. Подгарно, С.Ф. Мазин, В.С. Шилов, кіші лейтенанттар Н.Г. Титаренко, Б.Д. Бароев, М. Жарасов, А.А. Байбулов, т.б.

1941-1945 ж Отан соғысынан оралмаған-қаза тапқан, ауыр жарақаттан қайтыс болған, хабарсыз кеткендер мен жау тұтқынында қайтыс болған жауынгерлер туралы анықтама

Елге оралмағандар саны -1877 адам

Қаза тапқан -588 адам

Ауыр жаракттан қайтыс болғаны-105 адам

Ауыр науқастан қайтыс болған-8 адам

Хабарсыз кеткені-1168 адам

Жау тұтқынында қайтыс болғаны-8 адам. Оның ішінде 55– і офицерлер болса, 134-і сержанттар, 1688-і қатардағы жауынгерлер болған.

Елге оралмаған 1877 адамның 532-сінің жерленген жерлері анықталды. Олар Сталинград, Ленинград қалаларында, Мәскеу маңында, Белоруссияда, Украинада, Кавказ, Крым, Молдавияда, Польшада Германияда, Владивостокта жерленген Соғыста хабарсыз кеткен және қаза тапқан 1345 адамның жерленген жерлері КСРО және облыстық, аудандық әскери комиссариаттарындағы, аудандық қамсыздандыру бөліміндегі документтерінде, бұрынғы КСРО құрамында болған республикалар мен облыстардан алынған архив материалдарында ешқандай деректе жоқ [8,18-196б].

Соғыстың сұрапыл жылдары майдан шебіне жақын орналасқандықтан, жаудың талай-талай бомбалануына ұшыраған аудан орталығы Жәнібек ауылының дәл ортасынан соғысқа қолданылатын реактивтік зеңбірек табылып, залалалсыздандырылды. Ауылдың байырғы тұрғынын Серік Молдағалиев –шағын шаруасы бар, қолда барға қанағат етіп шаңырақ түтінін түтетіп жүрген көптің бірі. Өзі де, жанұя мүшелері де ауласындағы ұзындығы метрден асатын білем «темірді» күнделікті тұрмыста қолданып, мән бермейтін. Тіпті кейде мал байлауға қазық жасап, шеге түзетуге төстік ретінде кәдеге асырады. Бірақ бір күні Молдағалиевтер ауласына кездейсоқ бас сұққан бір таныстың ескі машина қаңқасының үстіндегі темірді «жарылатын зеңбірек болуы мүмкін» деп айтқан күдігін үй иесі бей –жай қалдырмайды. Алғашқыда ол аудандағы тиісті органдарға құлағдар жасайды. Ақыры ауладағы сол темірге «жарылғыш зеңбірік» екені анықталып, дереу жоғары жаққа қарай хабар беріледі. Бақытымзға орай, минашы саперлер уақтылы келіп жетті,-дейді аудан әкімі аппаратының төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы Еділ Хабиев. Күдігіміз шындыққа айналды. Тәжірибелі саперлер капитан А.Ербозов пен лейтенант Ж.Өтепов ауыл ортасындағы тұрғын үйдің ауласындағы бұл темірдің адам өміріне аса қауіпті реактивтік зеңбірек екенін тез

анықтады. Саперлер ажал оғын арнаулы қондырғыға отырғызып ауылдан жырақтағы қауіпсіз жерде залалсыздандырды. Мамандардың анықтағанындай, бұл реактивті зеңбірек шамамен 1943 жылы шығарылған. Ұзындығы 1,3 метр, көлденеңі 13 сантиметр көрінеді. Талай тариха оқиғаларды қойнына сақтап келген Жәнібек топырағының бір сыры осылайша ашылды. Сақталып қалған адам өмірі үшін саперлерге мың да бір алғыс айтқан ауыл қариялары сұм соғыс өртімен шарпылған өмірлерін еске алып жатты. Бейбіт заманда Жәнібек аспанынан жарылыс осылайша жаңғырықтырды [9,66].

Соғыс жылдары кезінде Жәнібек ауданы бойынша ауылдық кеңестік атқару комитетінің депутат мүшелері тізімдері де архивте сақталған. Олар: Хаисамеденова Рухия 1906 жылы туылған, Айтмухамбетов Мухтар 1906 жылғы, Бекмашев Аитим 1908 жылғы, Губайдуллин Газиз 1904 жылғы, Утеғалиева Факиза 1898 жылғы, Мухамбеткалиев Муса 1913 жылғы, Доскалиев Тажгул 1900 жылғы[10].

Сәбит Мұқанов қандай жанрға, қандай тақырыпқа бармасын, ең алдымен зерттеу, барлау жұмысын жүргізетіні туралы жоғарыда атай өттік. Көп ізденісінің арқасында архивте 23-фондқа кезігуі жазушыға кемеңгер, тарихи тұлғаның көркем образын жасауға керекті қозғау салғанын білеміз. Бұл шамамен 1928-1929 жылдар болатын. Содан 1944-1945 жылдары Шоқан өміріне арналған «Нить Ариадны» пьесасының тууына дейін 14-15 жылдай уақыт өткен. Осы мезгіл ішінде жазушы қиялында Шоқан бейнесі әр қырынан танылып жатты. Материалдың көптігі сонша, жазушы 2 пьеса, роман-трилогия жазды.

«1962 жылы Шоқан образына жазушы ретінде емес, зерттеуші ғалым болып оралды. Көркем творчестволық мақсат жетегінде жүрген жазушының кенет ғылыми еңбекке ден қоюын қалай түсінуге болады. Бұған ең алдымен жазушының Шоқан Уәлиханов еңбектерінің академиялық басылымының редакциялық жұмысына қатысуы себепкер болды деп білеміз», – деген ұлы Мараттың сөздерінен біраз дүниенің жапсарын анықтауға болады.

Шоқан жайында көрген-білгенін, естігендерін, көптен бері жинаған ғылыми материалдарын қорытып, ой түйіндейді. Ғалым, оқымысты адамның қоғамдық ой мен ғылымға қосқан зор үлесін көрсетуді алдына мақсат етіп қояды. Сөйтіп, жазушы қиялынан Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеу еңбегі туады, кейін 1964 жылы қазақ әдебиетінің альптары – Абай мен Шоқан өмірі мен шығармашылығына арналған

«Жарқын жұлдыздар» деп аталатын еңбек те басылып шығады. Бұлардың барлығы да Шоқан жайлы романның алдындағы дайындық процесі болатын. Дайындық ұзақ уақытты қамтиды. 1966 жылы наурыз айында «Аққан жұлдыздың» алғашқы беттері дүниеге келе бастайды. Небары бір жылдың ішінде романның алғашқы кітабы жазылып бітеді. [11;323]. Тынымсыз еңбектенудің арқасында «Аққан жұлдыздың» екінші кітабы да жарық көреді, бірақ алғашқы кітаппен салыстырғанда екінші кітап ауыр, қиын жазылады. Шоқанның қып-қысқа ғұмыры 2 кітапқа сыймады. Сәбит Мұқанов үшінші кітапты қолға алады. Ұлымен әңгімесінде ол Шоқан жайлы жазылып жатқан дүниелер жайында: «Аса салмақты, ұлы тұлға ғой бұл! Жинаған материалдарым трилогияға сыймайды, кемінде әлі екі кітап жазуым керек», – деген екен. Қарап отырсаң, осынау материалды жинап, сұрыптап, ой-елегінен өткізу қаншама еңбекқорлықты қажет етеді. Бірақ жазушы ойлаған ойын жүзеге асыра алмай кетті. Шоқан туралы жазған еңбегінің 2 кітабы ғана аяқталды.

«Творчестволық күшім кетіп барады. Ең болмаса «Аққан жұлдызды» аяқтай алсам жақсы болар еді», – деп мазасызданған Сәбит текке бұлай демеген екен. Сөйтіп, Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми ерлігі жайында айтылатын трилогия аяқталмай қалады. Қаншама қызықты да барынша кең ойлар оқырман жүрегіне жол таба алмай қалғаны өкінішті-ақ.

Тұжырымдай келгенде айтарымыз, Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиетіндегі шоқантанудың негізін қалаған тұлғалардың бірі. Оның «Шоқан Уәлиханов» «Нить Ариадны», «Қашқар қызы» пьесалары мен «Аққан жұлдыз» романында Шоқан бейнесі көркемдік және тарихи дәлдікпен сомдалған. Жазушы Уәлихановтың тек ғалым ретіндегі қырын ғана емес, оның азаматтық, рухани болмысын, ішкі қайшылығын, гуманистік көзқарасын да терең ашып көрсете білді.

Сәбит Мұқановтың шығармаларында Шоқан – өз заманының озық ойлы тұлғасы, халыққа қызмет етуді мұрат тұтқан ағартушы ретінде бейнеленеді. Бұл туындылар арқылы автор Шоқан мұрасын кең аудиторияға жеткізіп қана қоймай, оны жаңа буын оқырманға үлгі етіп ұсынды.

Демек, Сәбит Мұқановтың шоқантанулық еңбектері тарихи жадымызды жаңғыртуда, ұлттық сана мен рухты тәрбиелеуде

маңызды рөл атқарады. Оның мұрасы – әдебиет пен тарихтың тоғысындағы құнды рухани қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Реалистік драма жолында. // Әдебиет және искусство. – № 11, 1954.
2. Нұрғали Р. Айдын. – Алматы: Өнер, 1985. – 399 б.
3. Ордалиев С. Конфликт және характер. – Алматы: Жазушы, 1971. – 183 б.
4. Муканов С. Нить Ариадны. – М., Искусство, 1954.
5. ҚРОМ 163.4 қор. №1 тізбе. №234, № 303 істер.
6. Мұхамеджанов Қ. «Шоқан Уәлиханов» пьесасы. // Социалистік Қазақстан, 1960. 13 ноябрь
7. Мұзапаров Ж. Шоқан туралы пьеса. – // Әдебиет және искусство. – №6, 1956.
8. Аманшин Б., Дүзенов М. «Шоқан Уәлиханов» // С.Мұқановтың жаңа тарихи драмасы Қазақстанның академиялық драма театрының сахнасында // Қазақ әдебиеті, 18 май. – 1956.
9. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы: Қазмемкөздбас., 1960. – 371 б.
10. Кәкішев Т. Сәбең әлемі. – Алматы: ҚАЗ ақпараты, 2000. – 271 б.
11. Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы: Жазушы, 1988. – 248 б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ҮРДСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ПЛАТФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУЫ, ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Ж.Б.Төлегенова, магистр, аға оқытушы

М.К.Ертаева, магистр, аға оқытушы

*Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы,
Астана қ., Қазақстан*

Аннотация: Берілген мақалада білім беру ортасында қолданылатын заманауи платформалар мен бағдарламалар қарастырылған. Мақала студенттердің цифрлық мәдениетінің қалыптасуын зерттеген және оқу үрдісіне қолданылатын бағдарламалардың тиімділігін, кемшіліктерін, қиындықтарын, артықшылықтарын қарастырылған. Сонымен қатар мақалада заманауи технологияларға анықтайтын зертелім жасалынған. Мақала кезіргі заманға сай платформалардың түрлерін көрсеткен. Студенттердің

цифрлық мәдениетін дамыту үшін оқытушының рөлі және ықпалдылығы, қажеттілігі туындайтынын анықтаған.

Кілттік сөздер: цифрлық мәдениет, заманауи технологиялар, онлайн жүйесі, виртуалды сабақтар, оқу платформалар.

Студенттердің оқу үрдісінде заманауи технология мен платформаларды пайдалануы қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл технологиялар оқу процесін тиімдірек, интерактивті және қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, олармен бірге бірқатар қиындықтар да туындайды.

Заманауи технологиялар мен платформалардың артықшылықтары:

1. Қолжетімділік: Онлайн курстар мен платформалар студенттерге кез келген уақытта және кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді.

2. Интерактивтілік: Виртуалды сабақтар, вебинарлар және интерактивті тапсырмалар студенттердің белсенділігін арттырады.

3. Ресурстардың көптігі: Интернетте білім беру ресурстарының молдығы, видеолар, мақалалар, электронды кітаптар және т.б. студенттердің білімін тереңдетуге көмектеседі.

4. Жеке оқу траекториясы: Студенттер өздерінің оқу қарқынын және стилін таңдай алады, бұл олардың мотивациясын арттырады.

[1] Қиындықтар:

1. Техникалық мәселелер: Интернет байланысының нашарлығы, платформалардың жұмыс істемеуі немесе техникалық ақаулар студенттердің оқу процесіне кедергі келтіруі мүмкін.

2. Мотивацияның төмендеуі: Онлайн оқу кезінде студенттердің өз-өзін ұйымдастыруы қиын болуы мүмкін, бұл оқу мотивациясының төмендеуіне әкеледі.

3. Әлеуметтік байланыстардың жетіспеушілігі: Дәстүрлі оқу форматы студенттер арасында әлеуметтік байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді, ал онлайн оқу кезінде бұл байланыстар әлсіреуі мүмкін.

4. Ақпараттың артықшылығы: Интернетте көп ақпараттың болуы студенттердің шынайы және сапалы ақпаратты табуында қиындықтар туғызуы мүмкін.

5. Технологиялық сауаттылық: Барлық студенттер заманауи технологияларды тиімді пайдалану үшін қажетті дағдыларға ие болмауы мүмкін.

Заманауи технологиялар мен платформаларды оқу үрдісінде пайдалану студенттерге көптеген мүмкіндіктер ұсынады, бірақ олармен бірге қиындықтар да бар. Оқу мекемелері мен оқытушылар студенттердің осы қиындықтарды жоюға көмектесетін стратегияларды әзірлеуі қажет.

Қазіргі заманда білім беру жүйесі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен цифрлық мәдениеттің қалыптасуымен тығыз байланысты. Студенттердің оқу үрдісінде заманауи технологиялар мен платформаларды пайдалану білім алудың тиімділігін арттыруға, оқу процесін жеңілдетуге және студенттердің цифрлық мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мақалада студенттердің оқу үрдісінде заманауи технологиялар мен платформаларды пайдаланудың маңызы, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ цифрлық мәдениеттің қалыптасуындағы рөлі қарастырылады.

Осы мәселеге байланысты келесі міндеттер қарастырылады:

1. Заманауи технологиялардың білім беру жүйесіндегі рөлі
2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
3. Оқу платформалары

1. Заманауи технологиялардың білім беру жүйесіндегі рөлі

1.1 Заманауи технологиялар білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Олардың көмегімен оқу процесі тиімдірек, интерактивті және қолжетімді болады. Төменде заманауи технологиялардың білім беру жүйесіндегі рөлін сипаттайтын бірнеше негізгі аспектілерді атап өтеміз:

1. **Интерактивтілік:** Заманауи технологиялар, мысалы, интерактивті тақталар, виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR), оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл әдістер білім алушылардың қызығушылығын арттырады.

2. **Қолжетімділік:** Онлайн курстар мен платформалар (мысалы, Coursera, edX) білім алуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе шалғай аудандарда тұратын адамдар үшін маңызды. Оқушылар кез келген уақытта және кез келген жерде білім ала алады.[2]

3. **Жеке оқу траекториялары:** Заманауи технологиялар арқылы оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын

жасауға болады. Мысалы, адаптивті оқу платформалары оқушылардың деңгейіне және оқу қарқынына қарай бейімделеді.

4. Ақпараттық ресурстар: Интернет арқылы білім алушылар әлемнің кез келген жерінен ақпаратқа қол жеткізе алады. Бұл оларға өз бетінше зерттеу жүргізуге, жаңа тақырыптарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

5. Коммуникация және ынтымақтастық: Заманауи технологиялар оқушылар мен мұғалімдер арасында тиімді коммуникацияны қамтамасыз етеді. Виртуалды сыныптар, форумдар және әлеуметтік желілер арқылы білім алушылар бір-бірімен және мұғалімдерімен оңай байланыса алады.

6. Бағалау және мониторинг: Технологиялар арқылы оқушылардың жетістіктерін бағалау және мониторинг жүргізу оңай. Оқу нәтижелерін автоматты түрде жинау және талдау білім беру процесін жақсартуға мүмкіндік береді.

7. Креативтілік пен инновация: Технологиялар оқушылардың креативтілігін дамытуға ықпал етеді. Олар жобалық жұмыстар, мультимедиялық презентациялар және басқа да шығармашылық тапсырмалар арқылы өз идеяларын жүзеге асыра алады.[3]

Осылайша, заманауи технологиялар білім беру жүйесін жаңартып, оны тиімдірек, қызықтырақ және қолжетімді етеді.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

2.1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Олар студенттерге ақпаратты жылдам табуға, өңдеуге және талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, интернет арқылы студенттер әлемнің кез келген нүктесінен білім алуға, онлайн курстарға қатысуға, вебинарлар мен конференцияларға қатысуға мүмкіндік алады.

3.1. Оқу платформалары

Заманауи оқу платформалары, мысалы, Moodle, Coursera, edX, Khan Academy, студенттерге өздерінің оқу материалдарын ыңғайлы түрде ұйымдастыруға, тапсырмаларды орындауға және оқытушылармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл платформалар оқу процесін интерактивті және қызықты етеді.

Ең бастысы студенттердің цифрлық мәдениеттің анықтамасын қарастыру қажет:

Цифрлық мәдениет – бұл ақпараттық технологияларды, интернетті және цифрлық құралдарды пайдалану арқылы қалыптасатын

мәдениет. Ол студенттердің ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау және бөлісу дағдыларын қамтиды. Цифрлық мәдениет студенттердің ақпараттық сауаттылығын арттырады, оларды сыни ойлауға, шығармашылыққа және инновацияларға ынталандырады.

Цифрлық мәдениеттің компоненттері

Цифрлық мәдениет бірнеше компоненттерден тұрады, оның ішінде:

– ақпараттық сауаттылық: студенттердің ақпаратты тиімді іздеу, бағалау және пайдалану қабілеті.

– цифрлық этика: интернетте және цифрлық ортада этикалық нормаларды сақтау.

– техникалық дағдылар: заманауи технологияларды пайдалану дағдылары.

– коммуникация дағдылары: цифрлық ортада тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті.

Студенттердің оқу үрдісінде заманауи технологияларды пайдалану және оқу процесінде тиімді пайдалану мәдениеттілігін анықтау:

1. Оқу процесінің интерактивтілігі

Заманауи технологиялар оқу процесін интерактивті етеді. Студенттер онлайн платформаларда бір-бірімен пікір алмасып, топтық жобаларға қатыса алады. Бұл оларға өзара тәжірибе алмасуға, жаңа идеяларды талқылауға және бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.[4]

2. Жеке оқу траекториялары

Заманауи технологиялар студенттерге жеке оқу траекторияларын құруға мүмкіндік береді. Олар өздерінің қызығушылықтарына, білім деңгейіне және оқу қарқынына сәйкес материалдарды таңдай алады. Бұл студенттердің мотивациясын арттырады және оқу процесін тиімді етеді.

3. Уақытты басқару

Цифрлық құралдар студенттерге уақытты тиімді басқаруға көмектеседі. Оқу платформалары мен мобильді қосымшалар арқылы студенттер өздерінің оқу кестелерін жоспарлап, тапсырмаларды орындау мерзімдерін бақылап, оқу материалдарын уақытында қарап шығуға мүмкіндік алады.

4. Заманауи технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктері:

1. Артықшылықтары

– қолжетімділік: студенттер әлемнің кез келген нүктесінен білім алуға мүмкіндік алады.

– интерактивтілік: оқу процесі қызықты әрі тартымды болады.

– жеке оқу траекториялары: студенттер өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес материалдарды таңдай алады.

2. Кемшіліктері

– техникалық мәселелер: интернеттің болмауы немесе техникалық ақаулар оқу процесін қиындатуы мүмкін.

– ақпараттық артықшылық: студенттер көп ақпараттың арасында адасып, қажетті мәліметтерді табуда қиындықтарға тап болуы мүмкін.

– цифрлық аландаушылық: цифрлық технологияларға тәуелділік студенттердің шынайы өмірдегі қарым-қатынасын азайтуы мүмкін.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін студенттердің цифрлық мәдениетті дамыту қажеттілігі туындайды. Осы орайда алдымен білім беру бағдарламаларын анықтап, студенттерге дұрыс және тиімді пайдалануға бағыт бағдар беру оқытушылардың рөлі екендігі анықталады.

Цифрлық мәдениетті дамыту үшін білім беру бағдарламаларына ақпараттық сауаттылық, цифрлық этика және техникалық дағдыларды қамтитын курстар енгізу қажет. Бұл студенттердің цифрлық ортада тиімді жұмыс істеуіне көмектеседі.[5]

Оқытушылар цифрлық мәдениетті дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар студенттерге заманауи технологияларды тиімді пайдалануды үйретіп, цифрлық этика мен ақпараттық сауаттылықты насихаттауы тиіс.

Студенттер цифрлық мәдениетті дамытуда белсенді рөл атқаруы керек. Олар өздерінің цифрлық дағдыларын жетілдіріп, жаңа технологияларды зерттеп, ақпараттық сауаттылықтарын арттыруы тиіс.

Студенттердің оқу үрдісінде заманауи технологиялар мен платформаларды пайдалану, сондай-ақ цифрлық мәдениеттің қалыптасуы білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға, студенттердің ақпараттық сауаттылығын дамытуға және оқу процесін интерактивті етуге мүмкіндік береді. Заманауи технологиялардың артықшылықтарын пайдалану, сонымен қатар олардың кемшіліктерін

ескеру, білім беру жүйесінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Цифрлық мәдениетті дамыту үшін білім беру бағдарламаларын жетілдіру, оқытушылардың рөлін күшейту және студенттердің белсенділігін арттыру қажет. Тек осылайша біз заманауи білім беру жүйесін қалыптастыра аламыз, ол студенттердің қажеттіліктеріне жауап береді және оларды болашаққа дайындайды. Студенттердің білім алуын тиімдірек және қызықтырақ етуге мүмкіндік береді. Заманауи технологиялар, мысалы, онлайн курстар, интерактивті оқу құралдары, виртуалды шындық және мобильді қосымшалар, студенттердің оқу материалдарын меңгеруін жеңілдетеді.

Оқу процесінде технологияларды қолдану студенттердің өздігінен білім алу қабілетін арттырады, өйткені олар өз уақытында және өз қарқынында оқи алады. Сонымен қатар, онлайн платформалар арқылы студенттер әлемнің кез келген жерінен білім алуға мүмкіндік алады, бұл білім алудың шекараларын кеңейтеді.

Технологиялардың көмегімен студенттер арасында ынтымақтастықты арттыруға, пікір алмасуға және бір-бірімен тәжірибе бөлісуге мүмкіндік туады. Бұл, өз кезегінде, оқу процесінің сапасын жақсартады және студенттердің әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Алайда, заманауи технологияларды тиімді пайдалану үшін білім беру мекемелері мен оқытушылардың дағдылары мен білімдері болуы қажет. Оқытушылардың технологияларды қолдану қабілеті, сондай-ақ студенттердің технологиялық сауаттылығы оқу процесінің табыстылығына әсер етеді.

Қорытындылай келе, заманауи технологиялар мен платформаларды оқу процесінде пайдалану студенттердің білім алуын жақсартып, оқу тәжірибесін байытады. Дегенмен, бұл технологияларды тиімді қолдану үшін тиісті дайындық пен қолдау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Давлетова А.Х. Информатиканы оқыту процесінде техникалық университет студенттерінің ақпараттық мәдениетін дамыту технологияларын жобалау / Монография. –2012. 290 б.
2. Баймахова А.Ш. және т.б. Заманауи білім беру технологиялары оқытудың тиімділігін арттыру құралы ретінде / / Қазіргі Заманғы Зерттеулер Бюллетені. – № 26. – 2019. – 14-16 б.

3. Есекеева А.а. оқытудың интерактивті әдістерін Қолдану Ерекшеліктері // құқықтанудың өзекті мәселелері Журналы. – Том. 62. – №2. – 2019. – 195-197 б.

4. Салтанаева Е.А., Эшлилиоглу Р. И. білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану // Новаум. Ру. – №12. – 2018.– 224-226 б.

5. Литус К.Д., Напалков С. в. МЕКТЕП оқушыларын тәрбиелеудегі QR кодтары //Халықаралық Студенттердің Ғылыми Бюллетені. – №5-4. – 2015.– 562-563 б.

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД И МЕТОДИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ: ОТ ИДЕЙ К ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Омарова Сафура Караулбековна, сеньор-лектор
Тлегенова Кулян Аубакировна, кандидат пед.наук
Академия физической культуры и массового спорта, г. Астана,
Казахстан.*

Аннотация. В статье рассматривается взаимосвязь компетентностного подхода и методической компетентности преподавателя. Определена роль историко-педагогического наследия в развитии современных методик. Обоснована значимость идей Ш. Уалиханова для формирования методической культуры педагога в условиях трансформации образовательной парадигмы.

Ключевые слова: компетентностный подход, методическая компетентность, профессиональная подготовка преподавателя, образовательная парадигма, Ш. Уалиханов, педагогическое наследие, личностно-ориентированное обучение.

Современное образование переживает переход от знаниецентрированной модели к парадигме, ориентированной на формирование ключевых компетенций личности, способной к саморазвитию, критическому мышлению и эффективной социальной адаптации. В этом контексте особую значимость приобретает компетентностный подход, в основе которого лежит идея формирования целостного набора знаний, умений, навыков и личностных качеств, необходимых для успешной деятельности в различных сферах жизни.

Реализация компетентностного подхода невозможна без высокоразвитой методической компетентности преподавателя, как ключевого элемента его профессиональной подготовки. Методическая компетентность обеспечивает способность педагога не только осмысленно выбирать эффективные формы, методы и технологии обучения, но и проектировать образовательный процесс с опорой на цели, ориентированные на развитие обучающегося как личности и субъекта деятельности.

Переосмысление исторического педагогического наследия, в частности, взглядов казахского просветителя и ученого Ш. Уалиханова, позволяет выявить глубокие ценностные основания для развития современной методической культуры педагога. Идеи Уалиханова о роли образования в развитии личности, общества и культуры созвучны принципам компетентностного и личностно-ориентированного подходов, формирующих сегодня методологическую основу образовательных стратегий.

Настоящая статья направлена на анализ взаимосвязи компетентностного подхода и формирования методической компетентности преподавателя в условиях современных образовательных вызовов, а также на осмысление преемственности между просветительскими идеями прошлого и практиками педагогической деятельности настоящего.

Современные изменения в системе образования обусловлены переходом от традиционной парадигмы, ориентированной преимущественно на передачу знаний, к новой парадигме, акцентирующей внимание на развитии личности обучающегося, его способностей к самостоятельному мышлению, принятию решений и применению знаний на практике. В этой связи компетентностный подход приобретает приоритетное значение, так как он направлен на формирование у обучающихся совокупности знаний, умений, навыков и личностных качеств, необходимых для успешной профессиональной и социальной реализации.

Одним из ключевых факторов успешной реализации компетентностного подхода выступает методическая компетентность преподавателя, которая представляет собой интегративную характеристику его профессиональной готовности к проектированию, организации и рефлексии образовательного процесса. Методически компетентный преподаватель не только владеет арсеналом

современных педагогических технологий, но и способен осмысленно применять их в соответствии с целями, потребностями и особенностями обучающихся.

В данной статье особое внимание уделяется преемственности между историко-педагогическим наследием и современными образовательными подходами. На примере просветительской деятельности Шокана Уалиханова можно выявить ряд идей, актуальных и сегодня: это стремление к развитию критического мышления, уважение к культурному многообразию, убежденность в необходимости образования как инструмента личностного и общественного развития.

Ш. Уалиханов рассматривал образование как важнейший фактор модернизации казахского общества. Его взгляды на воспитание и обучение базировались на ценностях гуманизма, нравственности, уважения к личности. Эти идеи созвучны современным требованиям к методической деятельности педагога, в частности – необходимости индивидуального подхода к обучению, ориентации на личностные и метапредметные результаты.

Современные исследования в области педагогики подтверждают, что методическая компетентность формируется не только на основе овладения методиками и технологиями, но и через осознание ценностных основ педагогической деятельности. В этом аспекте историческое наследие отечественных мыслителей, включая Ш. Уалиханова, может служить не только источником вдохновения, но и методологической основой при подготовке будущих преподавателей.

Таким образом, переход от идей к практике требует не только технического овладения методами, но и глубокой внутренней ориентации преподавателя на развитие личности обучающегося. Это возможно только в том случае, если преподаватель самосознательно выстраивает свою методическую позицию, опираясь как на современные достижения педагогической науки, так и на национально-культурное наследие.

Компетентностный подход в образовании стал предметом активного научного осмысления с начала XXI века, когда в условиях глобализации и ускорения темпов социальных и технологических изменений потребовалась переориентация образовательных систем на подготовку выпускников, способных к непре-

рывному саморазвитию, адаптации и творческому решению профессиональных задач. Согласно Т.М. Давыдовой, компетентностный подход представляет собой педагогическую стратегию, ориентированную на формирование у обучающегося совокупности ключевых и профессиональных компетенций, необходимых для успешной жизнедеятельности в современном обществе [Давыдова, 2015].

Методическая компетентность преподавателя, как один из центральных компонентов его профессионализма, детально исследуется в работах Зеера Э.Ф., Селевко Г.К., Монахова В.М. Эти авторы подчеркивают, что методическая компетентность включает в себя способность проектировать образовательный процесс, использовать современные педагогические технологии, проводить объективную оценку достижений обучающихся и осуществлять рефлексию профессиональной деятельности [Зеер, 2003; Селевко, 2004].

В отечественной педагогике особое внимание уделяется преемственности в обучении и воспитании. Исследования Ш.А. Амонашвили и В.А. Сластенина подчёркивают важность ценностных основ педагогической деятельности и личностной позиции учителя, как определяющих факторов в развитии методической компетентности. Эти подходы находят отклик в идеях казахских просветителей, в частности – Ш. Уалиханова, чьи взгляды на образование отличались гуманистической направленностью и вниманием к культурным, моральным и личностным аспектам обучения.

Ш. Уалиханов в своих трудах утверждал, что образование должно способствовать развитию ума, нравственности и патриотизма. По мнению современных исследователей, его идеи могут рассматриваться как прообраз компетентностного подхода, так как акцентируют внимание на всестороннем развитии личности и социальной ответственности (Жаназарова, 2020; Алимкулова, 2022). В этом контексте включение историко-педагогического наследия в содержание методической подготовки преподавателей позволяет обеспечить её не только технологическую, но и мировоззренческую целостность.

Также в трудах зарубежных педагогов, таких как Н. Nutmacher и Р. Rychen, подчеркивается, что профессиональная компетентность преподавателя, включая методическую, невозможна без

формирования рефлексивной культуры и способности к педагогическому самоанализу, что напрямую соотносится с современными требованиями к качеству образования.

Таким образом, анализ научных источников свидетельствует о высокой значимости компетентного подхода как методологической базы для подготовки педагогических кадров, и методической компетентности – как его ключевого звена. Переосмысление идей Ш. Уалиханова в контексте современных образовательных реалий позволяет укрепить культурную и гуманитарную составляющую профессиональной подготовки преподавателей, обеспечивая её соответствие вызовам XXI века.

Компетентный подход в образовании является стратегическим ориентиром современной педагогической практики, направленным на всестороннее развитие личности обучающегося. Эффективная реализация этого подхода невозможна без наличия у преподавателя высокой методической компетентности, включающей умение проектировать, организовывать и оценивать образовательный процесс в соответствии с актуальными требованиями и потребностями студентов.

Анализ просветительского наследия Ш. Уалиханова позволяет выявить ценностные основания, созвучные современной образовательной парадигме: гуманизм, культурная идентичность, развитие критического мышления, ответственность за общественное благо. Эти идеи не только не теряют своей актуальности, но и могут служить методологической и содержательной опорой при формировании методической культуры современного педагога.

Переосмысление и интеграция историко-педагогического опыта в подготовку преподавателей способствует формированию профессионального сознания, основанного на преемственности традиций и инновационном подходе к обучению. Это особенно важно в условиях трансформации системы образования, когда преподавателю необходимо не просто владеть методиками, но быть носителем ценностей, способствующих воспитанию и обучению компетентной и социально ответственной личности.

Таким образом, синтез идей просветительского прошлого и требований современной педагогики открывает новые перспективы в развитии методической компетентности преподавателей и укреплении качества образования в целом.

Список литературы:

1. Давыдова Т.М. Компетентностный подход в образовании: содержание, структура, реализация // Педагогика. – № 4. – 2015. – С. 17–22.
2. Зеер Э.Ф. Компетентностный подход к модернизации профессионального образования // Высшее образование в России. – № 4. – 2003. – С. 23–30.
3. Селевко Г.К. Компетентностный подход в образовании // Народное образование. – № 5. – 2004. – С. 58–64.
4. Монахов В.М. Методическая подготовка педагога в условиях компетентностной парадигмы образования // Вестник педагогических наук. – № 2. – 2016. – С. 12–18.
5. Сластенин В.А., Лизинский В.С., Тихомирова Л.Н. Педагогика: Учебник для бакалавриата. – М.: Академический проект, 2012. – 384 с.
6. Амонашвили Ш.А. Гуманно-личностный подход к детям в образовательном процессе. – М.: Сфера, 2002. – 192 с.
7. Жаназарова А.К. Историко-педагогическое наследие Ш. Уалиханова и его значение в современной образовательной системе // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки». – № 3(67). – 2020. – С. 91–95.
8. Алимкулова Г.Н. Педагогические идеи Ш. Уалиханова как основа формирования духовных ценностей молодежи // Вестник КазНУ. Серия педагогики. – № 1(70). – 2022. – С. 74–78.
9. Rychen D.S., Salganik L.H. (Eds.) Defining and Selecting Key Competencies. – Göttingen: Hogrefe & Huber Publishers, 2001. – 221 p.
10. Hutmacher W. Key competencies for Europe // Report of the Symposium on Key Competencies, Council of Europe. – 1997.

ТРАДИЦИОННЫЕ КАЗАХСКИЕ ИНСТИТУТЫ РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО СПОРТИВНОГО АРБИТРАЖА

*К.Б. Касымова, доктор философии (PhD)
Академия физической культуры и массового спорта,
г. Астана, Казахстан*

Аннотация. В статье рассматривается традиционный суд биев и проводится параллель с современным спортивным арбитражем. Отмечается, что право является основным регулятором спортивных отношений. Выявлены и проанализированы основные принципы судопроизводства биев. Проведен сравнительный анализ основных принципов суда биев с арбитражными разбирательствами в международном спортивном праве. Отмечается отсутствие национального спортивного арбитража.

Ключевые слова: суд биев, спортивный арбитраж, правоотношения, разрешение споров, CAS.

Необходимость регулирования отношений в сфере спорта очевидна и бесспорна. В сфере спортивных отношений важнейшим социальным и законодательным регулятором на сегодняшний день выступает право, как совокупность устанавливаемых и охраняемых государственной властью норм и правил, регулирующих отношения субъектов. Вместе с тем, говоря о нормативных источниках в сфере спорта, необходимо помнить о правилах «мягкого права» – *lex sportiva*, которые составляют основную нормативную базу спорта. По мнению зарубежных авторов, *lex sportiva* – это «совокупность правил поведения, выработанных национальными и международными неправительственными организациями Олимпийского движения, которые получают широкое признание, по крайней мере среди тех, кто демонстрирует намерение участвовать в спортивной деятельности» [1, 63-64]. Также *lex sportiva* определяется как «система для применения спортивных нормативных правил на международном спортивном уровне, являющуюся особым рода правовым порядком, который имеет свой собственный юридический орган Международный спортивный арбитражный суд (далее — CAS), целью которого является защита и обеспечение применения его положений» [2, 2190].

В соответствии со Спортивно-арбитражным кодексом – «Code of Sports-related Arbitration» (далее — CSA) для разрешения международных спортивных споров существует два органа:

1. Международный спортивный арбитражный совет (The International Council of Arbitration for Sport – ICAS);

2. Международный спортивный арбитражный суд TAS/CAS (The Court of Arbitration for Sport – TAS/CAS) [3].

Деятельность CAS свидетельствует о стабильно растущей динамике развития арбитражных механизмов в современном спорте. Так согласно официальным данным CAS в предыдущем олимпийском цикле было рассмотрено следующее количество дел: 2021 год – 996; 2022 год – 830; 2023 год – 942 [4].

Опираясь на официальную статистику можно сделать вывод о признании внесудебного порядка разрешения споров в сфере спорта, как эффективного механизма правового регулирования деятельности субъектов спорта как национального, так и международного уровня.

Внесудебное урегулирование споров имеет глубокие исторические корни в системе права многих государств. Не является исключением и Казахстан. Достоянием казахского народа является Суд биев – степных судей, решения которых были в более высоком почете у народа, нежели решения мировых судов. Описание системы и принципов функционирования Суда биев закреплено в труде казахстанского ученого Шокана Уалиханова «Записка о судебной реформе. Суд биев в древней народной форме (28 февраля 1864 г.)» [5]. В юридической науке Казахстана бия определяют, как «человек с широким кругом полномочий. В первую очередь, это наставник, пастырь, знаток обычного и международного права у казахов, советник хана» [6, 23].

Исследуя систему и принципы Суда биев, можно сделать вывод о параллелях с системой и принципами CAS.

В труде Ш. Уалиханова для исторических и сравнительно-правовых параллелей в аспекте спортивного права и международного спортивного арбитражного суда важно выделить следующие основные принципы Суда биев:

Первый — принцип добровольности, который подтверждается такими положениями как: «Бий тогда только судья, когда к нему обращаются тяжущиеся,», «Бии приступают к разбору дел только

по жалобе частных лиц или по сообщениям полицейских и других властей.», «Тяжущимся киргизам предоставляется свободное право обращаться к любому из лиц, пользующихся судебским *renommée*,...» [5].

Второй — принцип автономности. «Возведение в звание бия не обуславливалось у киргиз каким-либо формальным выбором со стороны народа и утверждением со стороны правящей народом власти;...», «Бий никем формально не избираются и формально никем не утверждаются. Значение их основано на частном авторитете, который приобретают они так же, как в Европе поэты, ученые и адвокаты.» [5].

Третий — принцип гибкости процедур. Ш. Уалиханов отмечает, что «Главное достоинство суда биев, по нашему мнению, заключается в отсутствии формальностей и всякой официальной рутины.».

Четвертый — принцип авторитетности биев. «Чтобы приобрести имя бия, нужно было киргизу не раз показать перед народом свои юридические знания и свою ораторскую способность.», «... , только потеря авторитета лишает его бийского звания» [5].

Вышеперечисленные принципы Суда биев также наблюдаются и в системе Международного спортивного арбитражного суда, деятельность которого в первую очередь регулируется Спортивно-арбитражным кодексом.

Однако основанием для обращения в Международный спортивный арбитражный суд является наличие действительной арбитражной оговорки, что закреплено в CSA (пункт R27) «Настоящие Процедурные правила применяются всякий раз, когда стороны договорились передать спор, связанный со спортом, в CAS. Такая ссылка может вытекать из арбитражной оговорки, содержащейся в контракте или регламенте, или по причине более позднего арбитражного соглашения (обычное арбитражное разбирательство), или может включать апелляцию на решение, вынесенное федерацией, ассоциацией или органом, связанным со спортом, если уставы или положения таких органов или конкретное соглашение предусматривают апелляцию в CAS (апелляционное арбитражное разбирательство).».

Система CAS сформировалась и функционирует отдельно от судебной системы, существующей в любом из государств и не

связана с международными судами. Согласно CSA (пункт R45) Арбитражная комиссия решает спор в соответствии с нормами права, выбранными сторонами или, при отсутствии такого выбора, в соответствии с швейцарским законодательством. Вместе с тем, В Соглашении между Международным Олимпийским комитетом и Швейцарией от 1 ноября 2000 г. со стороны Швейцарии признано, что базовым принципом решения любых конфликтов между МОК и Швейцарией является исключительно принцип переговоров (ст. 15 Договора — англ. «Settlement of disputes»). Такое положение свидетельствует об автономности CAS.

Нормы CSA предусматривают оперативные сроки получения окончательного решения (в сравнении с «классическими» судами), что весьма важно для сторон спора в международном и профессиональном спорте. К примеру, пункте R44.4 CSA устанавливает, что с согласия сторон президент Подразделения или Комиссия могут действовать ускоренным образом и могут издавать соответствующие указания для этого.

Норма CSA (пункт S 14) устанавливает, что в список арбитров назначаются только лица с соответствующей юридической подготовкой, признанной компетентностью в области спортивного права и / или международного арбитража, хорошим знанием спорта в целом и хорошим опытом в медиации. Тем самым, к арбитрам предъявляются требования не только о профессиональных знаниях, но и ряд требований репутационного характера, подтверждающих их признанность в сфере спорта.

Вышеизложенные нормы и положения подтверждают, что традиционный Суд биев и спортивный арбитраж имеют ряд общих черт по таким признакам как автономность, добровольность, гибкость процедур, авторитетность судей. Отличительными же признаками являются открытость процессов и примирительный подход.

В настоящее время в Республике Казахстан правовое регулирование общественных отношений в сфере спорта достаточно развито. Государство своевременно реагирует на актуальные потребности отрасли и проводит соответствующую актуализацию отраслевого законодательства. Так Главой государства К.К. Токаевым в апреле текущего года подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты

Республики Казахстан по вопросам физической культуры и спорта, а также исключения излишней законодательной регламентации» [7].

Вместе с тем остаются пробелы правового регулирования общественных отношений в сфере спорта, и одним из них является отсутствие спортивного арбитража. В отличие от многих других стран, где действуют специализированные арбитражные органы для разрешения спортивных споров, в Казахстане такие дела рассматриваются в общих судебных инстанциях или в рамках национальных и международных спортивных организаций. К примеру, Антидопинговые правила Республики Казахстан (утв. Приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 19 сентября 2014 года № 18 «Об утверждении») в качестве уполномоченного органа по проведению слушаний и вынесения решений о возможном нарушении антидопинговых правил определяет Дисциплинарную антидопинговую комиссию при Национальной антидопинговой организации. Апелляция подается в Апелляционную комиссию. Далее Республиканская (региональная) и местная аккредитованная спортивная федерация на основании решения Дисциплинарной антидопинговой комиссии применяет меры, в том числе спортивную дисквалификацию, в отношении спортсменов и животных, участвующих в спортивном соревновании. Механизмы обжалования или обращения в спортивный арбитраж данным нормативным-правовым актом не предусмотрен, в связи с этим защита гражданских прав представляется возможным через обращения в суды как это предусмотрено гражданским законодательством Республики Казахстан [8].

Исторический и сравнительно-правовой анализы показывают, что принципы Суда биев не утратили своей значимости и могут быть полезны в современных арбитражных процедурах. Включение традиционных методов в систему спортивного арбитража способствовало бы большей гибкости и эффективности разрешения конфликтов в спорте. Развитие независимого спортивного арбитража в Казахстане могло бы стать важным шагом к повышению правовой определенности и защиты интересов субъектов спорта на национальном уровне.

Список литературы:

1. Захарова Л. И. «О спорт, ты – мир!». Роль международного права, *lex sportiva* и *lex olympica* в регулировании международных спортивных отношений. 2-е изд, перераб. и доп. Saarbrücken: LAP Lambert Academic Publishing: монография. – М.: ГИ «Центральная типография», 2015. – 277 с.
2. Панагиотополос Д. П. Перспективы развития спортивного права и *Lex Sportiva* / Перевод с англ. О. А. Шевченко, Е. А. Кашехлебова // Актуальные проблемы российского права. – 2014. – №10(47). – С. 2187-2196.
3. Code of Sports-related Arbitration. In force as from 1 February 2023 / [Электронный ресурс]. – <https://www.tas-cas.org/en/icas/code-icas-statutes.html>.
4. CAS Statistics 1986 – 2023 / [Электронный ресурс]. – <https://www.tas-cas.org/en/general-information/statistics.html>.
5. Чокан Валиханов. Записка о судебной реформе. Суд биев в древней народной форме (28 февраля 1864 г.).
6. Усеинова К.Р. К вопросу о значении понятия «Бий» // Вестник КазНУ. Серия юридическая. №2 (70) – 2014. – С. 20-23.
7. Главой государства подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам физической культуры и спорта, а также исключения излишней законодательной регламентации» / [Электронный ресурс]. – <https://www.akorda.kz/ru/glavoy-gosudarstva-podpisan-zakon-o-vnesenii-izmeneniy-i-dopolneniy-v-nekotorye-zakonodatelnye-akty-respubliki-kazakhstan-po-voprosam-fizicheskoy-kultury-i-sporta-a-takzhe-isklyucheniya-izlishney-zakonodatelnoy-reglamentacii-153114>.
8. Приказ Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 19 сентября 2014 года № 18 «Об утверждении антидопинговых правил Республики Казахстан» (с изменениями от 04.03.2020 г.).

ҚАЗАҚТЫҢ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Н.Е.Шаихова, 4 курс студенті

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан*

Аннотация. Қазақ күй өнері туралы белгілі қазақ мәдениетін зерттеген этнографтар мен тарихшылар және ақын-жазушылардың еңбектері негізінде қазақ күй өнерінің тарихын қарастырылды. Айқын болмаса да белгілі бір мөлшерде күйдің шығу тарихын ашып көрсетуге тырыстық. Жалпы қазақ күй өнері қай кезден басталғаны мен күй сөзінің түпкі мазмұнын, нақты қай кездерде алғаш пайда болғаны қозғалды.

Кілт сөздер: қазақ, күй, өнер, дерек, тарих, мәдениет, аспап.

Жалпы алып қарасақ, қазақ күй өнері туралы нақты жазылып кеткен тың тарихи дерек жоқ, біз тек белгілі қазақ мәдениетін зерттеген этнографтардың, тарихшылардың және жазушылардың арқасында ғана айқын болмаса да белгілі бір мөлшерде тарихын білеміз. Жалпы қазақ күй өнері қай кезден бастап белгілі, күй сөзінің түпкі мазмұнын, нақты қай кездерде алғаш пайда болғанын қарастырайық. Күй сөзі қазақ тілінде бірнеше мағынаны білдіреді. Олардың ара-жібін ашып, жіктеп кеткен Ақселеу Сейдімбектің еңбегіне сүйенсек:

Күй – қазақтың аспаптық музыкасы.

Күй – адамның белгілі бір эмоциялық күйі. Бұл сезім қуанышты да, мұңды, қайғылы да болуы мүмкін. Адамның көңіл-күйі.

Күй – бұл сонымен қатар бұйрық райда жасалған сөз. Мысалы, «Отан үшін отқа түс – күймейсін» деген тіркесте осындай мағына береді.

Күйші – қазақтың аспапты музыкасын шығаратын және оны музыкалық аспаптарда орындайтын адам.

Күйлі – адамның өмір сүру деңгейі, тұрмыстық жағдайының жақсы болуы.

Күйік – өртелген, отқа күйген жердің ізі.

Күйсіну – көңілі түсіп, мұңға, қайғыға батуы [1].

Осы сөздердің біз бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста екенін көре аламыз, күй түбірі бар сөздердің басым көпшілігі сезіммен байланысады.

Жалпы тарихи деректерге көз жүргіте кетсек, Махмұд Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» (XI ғ.) атты еңбегінде «көк» деген сөз «күй» ұғымында қолданылады. Мысалы, Күлтегін, Білге Қаған ескерткіштеріне сүйенсек Еуразияның жазық даласында VI-VIII ғасырларда мекен еткен Түрік қағанатының билеушілері, қағандары өздерін «Көк түрік» деп атаған. Осыған орай күй өнері тәңірлік кезеңнен басталып келе жатыр және онымен сабақтас деп санай аламыз.

Күй өнерінің тәңірлік наным-сеніммен байланысты екеніне куәгерлік тарихи этнографиялық мәліметтер бар. Байырғы түркі заманында, қағандық кезеңде халық арасында әр таңғы уақытты күй ойнап қарсы алу дәстүрі болған. Нақтырақ айтқанда, ол кезде күй дәстүр болып емес, тәңірлік наным сенімнің белгілі бір рәсімі болып саналды. Б.з.б. I ғасырда өмір сүрген грек тарихшысы Квинт Курций Руф «Ескендір жорығы» атты еңбегінде көшпелі халықтың Ұлыстың ұлы күні наурыз маз-мейрамын қалай мерекелеп, думандатқанын қағаз бетіне түсіріп кеткен. «Көшпенділер ұлыстың ұлы күні қаған ордасында жалау көтеріп, алаңда шымқай қызыл киген 365 өнерпаз бала күй тартады. Одан соң елдің абызы, бақсысы қағанаттың үміт-тілегін Тәңірге жеткізетін қобызбен тоғыз күй орындайды», – деп жазады [2, 227].

Қағанат кезінде орындалатын күйлердің саны бір жылдың құрамындағы күндер бойынша 365-ке сәйкес болған. Мұны «Тәңірінің 365 тармақ күйі» деп атаған [1, 33]. Құдайберген Жұбановта өз «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» деген еңбегінде «күй» сөзіне қатысты ой-тұжырымын жазып кеткен. Қазақ тіліндегі «күй» сөзі шағатай, көне ұйғыр, анатолія түріктерінің тілдерінде «көк» түрінде айтылуы заңды құбылыс. Себебі қазақ тіліндегі кейбір «и» дыбыстары бұл тілдерде «к» не «г»-ге айналып отырған. Мысалы, қазақша «байламақ» сөзі оларда «бағламақ», ал «тимек» — «текмек» болып айтылады. Сол сияқты, қазақтың «күй» сөзі бұл тілдерде «көк» деп өзгеріске ұшырауы табиғи жағдай.», – дейді [3, 309]. Бұл айқындаманы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлы ғалым Құдайберген Жұбанов пен қазақ күй өнерінің алғашқы іргетасын қалаған академик Ахмет Жұбанов өздерінің зор ниеттерімен қолдап, дәріптейді.

Ақселеу Сейдімбек те ««Күй» сөзімен басталатын кез келген ұғым сезімге байланысты, эмоциялық реңкке ие. Бұл сөз көш-

пенділердің ең қасиетті түсінігі – Тәңірге деген наным-сенімімен тығыз байланысты болған. Сондықтан да, «күй» сөзі бастапқыда Тәңірлік табиғаттағы құбылысты білдірген деген тұжырым жасауға болады. Ол Тәңірдің үнін, оның дыбыстық көрінісін жеткізетін мағынада қолданылғаны байқалады», – деп жазып кетіп кетіп, Құдайберген Жұбановтың көзқарасын қолдаған [1, 32].

